

Т.Рыскулов атындағы Жаңа экономикалық университеті

ӘОЖ 657.6: 368.023 (574)

Қолжазба құқығында

ЖОЛАЕВА МАРГАРИТА АХАНТАЕВНА

**Қазақстан Республикасының сақтандыру компанияларындағы
басқарушылық есепті және ішкі бақылауды жетілдіру**

6D050800- Есеп және аудит

Философия докторы (PhD)

ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми кеңесшілер

э.ғ.д., профессор Тайгашинова К.Т.

э.ғ.д., профессор Чая В.Т.

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2015

МАЗМҰНЫ

АНЫҚТАМАЛАР	3
БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР	4
КІРІСПЕ	5
1 САҚТАНДЫРУ КОМПАНИЯЛАРЫНДАҒЫ БАСҚАРУШЫЛЫҚ ЕСЕП ПЕН БАҚЫЛАУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ	11
1.1 Сақтандыру қызметі экономиканың саласы ретінде және оның, нарық механизмінің тұрақтылығын қамтамасыз етудегі рөлі	11
1.2 Сақтандыру компанияларын басқару ерекшеліктері, құрылатын экономикалық ақпараттың мазмұнына тигізетін ықпалы	27
1.3 Сақтандыру бизнес секторында басқарушылық есептің және бақылаудың қажеттілігі мен мәні	42
2 БАСҚАРУ, БАСҚАРУШЫЛЫҚ ЕСЕПТІҢ АҚПАРАТТЫҚ ҚОСАЛҚЫ ЖҮЙЕСІ МЕН САҚТАНДЫРУ КОМПАНИЯЛАРЫНДАҒЫ ІШКІ БАҚЫЛАУДЫҢ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ	54
2.1 Сақтандыру компанияларын басқарудағы басқарушылық есебі	54
2.2 Сақтандыру компанияларын басқару жүйесіндегі есеп және есептілік ..	73
2.3 Басқару, сақтандыру компанияларындағы ішкі бақылаудың құралы ретінде	91
3 САҚТАНДЫРУ КОМПАНИЯЛАРЫНЫҢ БАСҚАРУШЫЛЫҚ ЕСЕБІН ЖӘНЕ ІШКІ БАҚЫЛАУЫН ҚҰРУДА АВС-ДЕКРИПИТАЦИЯ ПАЙДАЛАНУ	104
3.1 АВС – декрипитация мәні және сақтандыру компанияларындағы ерекшелігі	104
3.2 Сақтандыру компанияларының басқарушылық есебінде АВС – декрипитация жүйесін пайдалану және сақтандыру өнімдерін калькуляциялау әдістемесі	112
3.3 АВС – декрипитация әдісінің басқаруда және сақтандыру компанияларының белсенділігін басқарушылық бақылауда қолданылуы.	129
ҚОРЫТЫНДЫ	149
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	156
ҚОСЫМШАЛАР	165

АНЫҚТАМАЛАР

Бұл диссертациялық жұмыста келесі терминдерге сәйкес анықтамалар қолданылған:

Ақпар – бұл, қысқа уақыт аралығында бөлімше қызметінің жекелеген көрсеткіштері туралы қысқа мәліметтердің жиынтығы. Ол әр түрлі кезеңде дайындалуы мүмкін (бір күннен бірнеше күнге дейін).

АВС – декрипитация бұл, шығындарды есепке алу әдісі, оның негізінде ресурстарды тұтынатын белсенділік түсінігі.

Басқару – басқарушылық есептің қосалқы жүйесі ғана емес, сонымен бірге, басқарушылық бақылаудың құралы болып табылады.

Басқарушылық есеп – тек бухгалтерлердің ғана емес, сонымен қатар, ресурстарға, құнды құруға және/немесе нәтижеліліктің негізгі көрсеткіштерін басқаруға қандай да бір белгілі қатынасы бар, компанияның барлық мамандарының тағдыры болып табылады (өзгеше: үлесі, міндеті).

Ішкі бақылау – кері байланыстың нысаны, оның көмегімен өз уақытында бұзушылықтар анықталады, сақтандыру субъектісінің қызметіндегі жағымсыз құбылыстардың алдын алу мақсатында заманауи басқарушылық шешімдер уақытында қабылданады.

Кэш-Флоу - басқару негізі, ақшалай қаражатты жинау мен пайдалану көлемдерін теңгеру жолымен сақтандыру нарығының даму үдерісінде ақшалай тепе-теңдікті, және уақыт ішінде оларды синхрондауды қамтамасыз ету болып табылады.

Сақтандыру - сөзі өзінің тіршілік ету жағдайларын қандай да бір мүмкін болатын жағдайлардың жағымсыз салдарынан қорғануды білдіреді.

Синергетика - терминінің (грек – жәрдемдесу, ортақтастық) қос түсіндірмесі бар: бір жағынан, күрделі жүйе элементтерінің кооперативтік әрекеті, екінші жағынан – білімнің әр түрлі салаларындағы ғалымдардың ынтымақтастығы.

Сақтандыру нарығы - күрделі серпінді, сызықсыз жүйенің аясында жүзеге асырылады, оның тиімділігі ішкі механизмдерге, сол сияқты сыртқы ортаның өзара әрекеттесуіне тәуелділігі.

Сақтандырушының қаржы-экономикалық белсенділігі – үйлесімді сақтандыру бизнесін құру болып табылады, ол үшін рухани-адамгершілік тазалық сипаты тән болып келеді (әділдік, адалдық, ашықтық, әлеуметтік жауапкершілік).

Сақтандыру компаниясы - сақтандыру нарығының маңызды құрамдас бөлігі, оның экономикалық субъектісі болып табылады.

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

АҚ	– Акционерлік қоғам
АҚШ	– Америка құрама штаты
БСҰ	– Біріккен сауда ұйымы
БАӘ	– Біріккен Араб Әмірлігі
АТ	– Ақпараттық технологиялар
СК	– Сақтандыру компания
ЖО	– Жауапты орталық
ЗТБ	– Заңды тұлға біріккен
ҚР	– Қазақстан Республикасы
ҚО	– Қайғылы оқиға
МДҚ	– Мерзімі өтіп кеткен дебиторлық қарыз
ТМД	– Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы
ХҚЕС	– Халықаралық Қаржылық Есептілік Стандарты
КҚАЖМС	– Көлік құралдары иелерінің азаматтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру
АҚС	– Автокөлік құралдарын сақтандыру
ЕМС	– Ерікті медициналық сақтандыру
СҚСБ	– Сақтандыру қызметтерін сатуды басқару
СТБ	– Сақтандыру төлемдерін басқару
ҚСБ	– Қайта сақтандыруды басқару
СҚБ	– Сақтандыру қорларын басқару
БСБ	– Бонустық сыйқақыны басқару
ТШБ	– Тікелей шығыстарын басқару
ЖШБ	– Жанама шығыстарды басқару
ӘШБ	– Әкімшілік шығыстарды басқару
КШБ	– Кәсіпкерлік шығыстарды басқару
ИБ	– Инвестицияларды басқару
СРжБ	– Суброгация және регрессті басқару

КІРІСПЕ

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Қазақстанда қаржылық қызмет көрсету өрісінде сақтандыру нарығы дербес сегмент болып қалыптасқан. Сақтандыру саласындағы өзара қатынасты реттеуге арнайы бағытталған заңнамалар мен нормативті актілерді қабылдау, сақтандырушылардың сақтандыру амалдарының көлемін арттыруы қазақстан сақтандыру нарығының динамикалық дамуда екенін көрсетеді.

Заманауи экономика нарығында сақтандыру – ерекше қаржылық институт және оның құрамындағы субъект болып табылады. Жалпы экономика мәнінде сақтандыру белгілі заңнамалар немесе шарттық жағдайлар арқылы болатын шығындардың орнын толтыруға арналған арнайы ақшалай қорды жасау және оны пайдаланудағы экономикалық қатынастардың жиынтығы. Макродеңгейдегі сақтандырудың ең қажетті міндеті қоғамдық ұдайы өндірістің үзіліссіз жұмыс жасауын қамтамасыз ету және сол үшін қажетті ақшалай қаражатты шоғырландыру. Олар Қазақстан Республикасының 2015-2019 жылдардағы әлеуметтік-экономикасының даму қажеттілігін қамтамасыз етуге, өндірістік, әлеуметтік және коммерциялық мәселелерді шешуге мүмкіндік жасаулары тиіс. Қазір, сақтандыру отандық экономиканың стратегиялық салалары қатарына кіріп, шапшаң қарқында дамуда.

Ал, микродеңгейде сақтандыру жұмысы тәуекелге негізделген кәсіпкерлік іспен шектелген. Тәуекел түсінігі сақтандыру категориясының негізін құрайды. Шешім қабылдау нәтижесінде жауапкершіліктің күшеюін сақтандыру менеджментінде алдын-ала ұғыну - экономиканың стратегиялық субъектісі ретінде, әрі кәсіптік және сақтандыру тәуекелдері бар болғандықтан сақтандыру ұйымын басқарудың күрделілігі сақтандыру компанияларын басқару барысында қосымша ауыртпалықтар туындайтындығын түсіну болып табылады.

Біздің жүргізген жұмыстарымыз сақтандыру саласы теориялық тұрғыда әлі де жеткіліксіз зерттелгенін және іс жүзінде жетілдіре түсу керек екенін көрсетеді. Бұны соңғы жылдардағы көңілге қонымсыз сақтандыру компанияларының санының үнемі қысқарып, шығындардың өсіп, сақтандыру түсімінің күрт азайып, сақтандыру төлемдерін төлеу емес тіптен компаниялардың бір қалыпты жұмыс істеуін қамтамасыз етуі қиындауынан байқаймыз. Соңғы 3 жылда компаниялар саны 40-тан 33-ке дейін кеміген, және бұл үдеріс жалғасуы даусыз. 2011 жылдың басында 40 компания тіркелген болса, 2012 – 38, 2013 – 35, 2014 – 34 және 2015 жылы 33-ке дейін кеміген. Бұл кему жалпы сақтандыру компаниялары есебінен болған. Мұндай компаниялардың санының кемуінің жағымсыз тренді сақтандыру нарығының дағдарыс белгілеріне орай ішкі басқару жұмыстарын жетілдірудің маңыздылығын көрсетеді. Өз ретінде, басқарудың тиімді әдістерін еңгізуді, нәтижелі менеджменттің құралы және шарты ретінде ішкі фирмалық сенімді ақпарат жүйесін қалыптастыруды қажет етеді. Сақтандыру компанияларындағы басшылық шешімдердің тиімділігі ақпараттың сапасына тікелей байланысты. Дәстүрлі түрде ақпарат кезкелген қаржы-экономикалық субъектінің, ішнара,

сақтандыру компаниялары, заманауи менеджмент концепциясына кіретін әкімшілік-командалық шешімдерді қабылдау үшін қалыптасады, және көптеген жүйелер желісінен құралады, соның бірі – басқару.

Басқару жүйесі есебінде ішкі экономикалық басқаруда бақылау-талдау амалдары заманауи экономика талаптарына барабар. Олар тіркеліп, ішкі бақылауда қалыптасады және сақтандыру компанияларының іс-әрекетінде талап етіледі. Ескеретін нәрсе, отандық сақтандыру нарығының алғашқы даму кезеңдерінде сақтандыру компанияларында, әкімшілік ақпараттың жетілмеуінен, жұмыс жүргізуде жүйесіздік, жөнсіздік басым болды. Жүре келе сақтандыру нарығының дамуы, менеджерлерден басқару білімінің жаңа жүйесін талап ететін басқару мәселелерінің көбеюі, сақтандыру компанияларының ұйымдастыру құрылымының күрделенуі, шетел инвесторлары жағынан бәсекелестіктің артуы, сақтандырудың жаңа қызметтерінің дамуы, банк-сақтандыру топтарының пайда болуы т.б. жәйттар ақпаратты жөнге келтіруді, басшылық шешімдерге ықпал ететін тиімді жұмыстарды қалыптастыруды жедел қолға алуды қажет етуде.

Дәстүрлі әдістер негізіндегі басқару қағидаларының талабымен қатар отандық сақтандыру компанияларында ақпараттың озық механизмдерін ABC-декрепитацияны қолдануды қалыптастыру (ABC- activity based costing) және осыған негізделген, әрбір қаржылық көрсеткіштерден сақтандыру компанияларының әрекеттерінің жекеленген түрлеріне аса көңіл аударатын ТДАВС (Time driven activity based costing) әдістемесін пайдалану. Бұл әдістеме тиімділікті жоғары дәрежеде анықтайды, басшылық үшін мәліметтерді қалыптастыруға жаңа мүмкіншіліктер жасай отырып, сақтандыру қызметінің өзіндік құнын есептейді. ABC – декрепитацияға негізделген басқару есебі мен ішкі бақылау қағидасы өндірістік кәсіпорындар менеджментінде кең етек жаюда. Өкінішке орай, қазақстандық сақтандыру компанияларында ол өте сирек кездеседі. Бұның себебі көбінесе, басқару, жоспарлау, шығындарды калькуляциялау және сақтандыру әрекеттерінің салдарынан теориялық және әдістемелік мәселелері жеткіліксіз зерттеліп дайындалған. Көрсетілген күрделі мәселелердің шешім таппауы, олардың шешімін табудың қажеттілігі мен маңыздылығы осы диссертацияның тақырыбын теориялық және тәжірибелік тұрғыда аса құнды деп есептеуге мүмкіндік береді.

Мәселелерді шешу жолдарын зерттеу дәрежесі. Басқару есебі және оның құрамының бөлшектерін жеке-жеке талдап зерттеуде негізге алар үлес қосқан шетел ғалымдар: Апчерч А., Азарская Н.А., Вахрушина М.А., Друри К., Джонсон Т., Кларк Д., Куппер Р., Каплан Р., Керимов К., Ковалев К., Манн Р., Майер Э., Мидлтон Д., Плаутт Г., Римайло Ф., Дж.Рис, Сепари М., Сигел Д., Скоун Т., Соколов Я., Дж.Харрис, Хаан Д., Хиггинс Д., Хорнгрен Ч., Хорват П., Хук Б., Дж.Фостер, Чупахина Н., Шмаленбах О., Дж.Шим, Эмерсон Т., Энтони Р., Яругова А. және т.б.

Басқару есебін зерттеуде негізге алар үлес қосқан отандық ғалымдар: К.Нарибаев, С.Сатубалдин, А.А.Сатмырзаев, Қ. К. Кеулимжаев, В.Радостовец, К.Т.Тайгашинова., Э. Тулегенов және т. б.

Сыртқы және ішкі бақылаудың теориялық және тәжірибелік жай-күйін жөнге келтіруге айрықша үлес енгізген ғалымдар: Аренс Э., Ажибаева З., Дж.Лоббек, Бурцев В., Дюсембаев К., Калиакпарова Г., Миржакыпова С., Суйц В., Тайгашинова К., Чая В., Шеметов П., Шеремет А. және т. б.

Дегенмен де, отандық та, шетелдік те мамандар өздерінің ізденістерін өндіріс орындарының индустриалды дәуір талабына сай жұмыстарына негіздеген. Постиндустриалды экономика кеңістігінде қаржы институттарының, соның бірі сақтандырудың маңызы арта түседі. Сақтандыру нарығын макро-микродеңгейлерде зерттеуде Смит А., Маркс К., Энгельс Ф., Баймуратов У., Брю С., Бельгибаев А., Бландт Д., Воблый К., Гребенщиков Э., Гинзбург А., Дюжиков Е., Ефимов С., Журавлев Ю., Жуйриков К., К. Коломин К., Клоченко Л., Манэс А., Маянлаева Г., Назарчук И., Райхер В., Рейтман Л., Рахимбаев А., Сембеков А., Сплетухов Ю., Турбин К., Шахов В., Федорова Т., Щербаков В., Шершеневич В., Шиминов М., Шихов К., Худяков А. еңбектері арналған.

Сақтандыру компаниялары мен сақтандыру менеджментінің іс-әрекеттерінің ерекшеліктеріне ізденіс жасалып, зерттеулер жүріп жатқанына қарамай, соңғы кезге дейін кейбір жүйе тармақтарына, басқару есебінің әдісі мен тетіктеріне және сақтандыру компанияларының ішкі бақылауына, әсіресе АВС – декрипитация және басқару жүйесіне біртұтас кешенді зерттеу жұмыстары жүргізілмей келеді.

Зерттеудің мақсаты мен міндеттері. Диссертациялық жұмыстың негізгі мақсаты басқару есебінің жүйе тармақтарын және сақтандыру компанияларының іс-әрекетін бақылау тетіктерін басқарудың теориялық, әдістемелік және ұйымдастыру мәселелері.

Осы көрсетілген мақсаттарға сай диссертациялық жұмыста келесі мәселелер қарастырылған:

1. Заманауи сақтандыру нарығының ерекшеліктері және оның ішінде, сақтандыру компанияларының іс-әрекеттерін бақылауды басқару жүйесіне әсер ететін дамудың үрдісін анықтау;

2. Сақтандыру компанияларын басқару ерекшеліктері мен және оның басқару есебі мен ішкі бақылау жүйелерінің қалыптасуына әсерін анықтау;

3. Басқару есебі ақпаратының негізін құрайтын сақтандыру компаниялары әрекеттерінің қаржылық және қаржылық емес бақылау-талдау жүйесін зерттеу;

4. Сақтандыру компанияларындағы басшылық бақылаудың қаржылық құралы ретінде басқарудың үлгісін жасау;

5. Сақтандыру компанияларының басқару есебімен ішкі басқаруында АВС – декрипитациясын пайдаланудың мәнін ашу;

6. Сақтандыру компанияларын басқару мен оның іс-әрекеттерін бақылауда АВС – декрипитацияны қолдану арқылы ақпаратты пайдалану тәсілін жасау.

Зерттеу мен дайындалған ұсыныстарды жүзеге асыру нысаны – Қазақстан Республикасының сақтандыру компаниялары.

Зерттеудің нысанасы сақтандыру компанияларының басқару есебі мен ішкі бақылау құралдары жүйесінің бір тармағы - басқару жүйесі болды.

Диссертациялық зерттеудің теориялық негізін бухгалтерлік, қаржылық және басқару есебі әдістемелері туралы отандық және шетелдік ғалымдардың іргелі және қолданбалы ғылыми еңбектері құрады.

Зерттеу әдістемесі танымның ғылыми әдістерін, диалектикалық және кешенді тәсілдерді қолдануға негізделген.

Диссертациялық зерттеудің ақпарат негізіне сақтандыру компанияларының ағымдағы көрсеткіштері мен қаржылық есеп беру үлгілері, тексеруге дайындайтын және статистикалық мәліметтер, Қазақстан республикасы заңнамалары мен нормативті актілері, оқулықтар мен арнаулы әдебиеттер, кәсіптік мерзімдік басылымдар, диссертациялар, ХҚЕС комитетінің деректері, интернеттің ғаламтор желісіндегі қор мәліметтері іріктелініп, сұрыпталынып пайдаланылды.

Диссертациялық зерттеудің ғылыми жаңалығы Қазақстан Республикасындағы сақтандыру компанияларындағы басқару есебі мен ішкі бақылауды жетілдіруге байланысты теориялық негіздеумен және ғылыми – әдістемелік, әрі ұйымдастырушылық мәселелердің кешенді тажрибелік шешімдерін қамтып көрсетуінде.

Диссертациялық зерттеу барысында автормен алынған негізгі ғылыми нәтижелер:

- сақтандыру нарығында сақтандыру компанияларын басқаруда әсер тететін синергиялық тиімділік анықталды.
- дәстүрлі әдістерді пайдалануымен қатар сақтандыру компаниялары басқару жүйесінің қаржылық үлгісін негізделді.
- сақтандыру компанияларын басқару үлгілерін ақпаратпен толықтыру және олардың өзара қаржылық есеп беруі бойынша ұсыныстар жасалды.
- сақтандыру компаниялары басқару есебі мен ішкі бақылауында ABC – декрипитациясын ыңғайлы тәсілдермен қолдануды ұсынылды.
- сақтандыру компанияларын басқару мен ішкі бақылау амалдарында TDABC қолдану тәсілі өңделді.

Нәтижесінде сақтандыру компанияларының тиімді қызмет атқаруы үшін қажетті шешімдер мен олардың ақшасының артуы және бәсекелестікке қабілеттілігінің нығаюы жөнінде нақты ақпарат алу мүмкіндігі туады.

Қорғауға ұсынылған тұжырымдар:

- сақтандыру компанияларының заманауи менеджментінің деңгейіне әсер ететін синергиялық тиімділікті айқындайтын аймақтық сақтандыру нарығының үрдісін анықтады;
- басқару есебінің ақпаратын құрайтын қаржылық және қаржылық емес тексеру-талдау көрсеткіштерінің жүйесін қалыптастыруға әсер ететін сақтандыру компанияларындағы басқарудың ерекшіліктерін анықтады;
- жоспарлар жиынтығын, басшылық көрсеткіштерін топтастыру, әрі олардың өзара байланысын, ақпарат деректерін қалыптастырудан тұратын сақтандыру компанияларын басқару жүйесінің қаржылық –басқару үлгісі дайындалды;
- жоспарлы көрсеткіштерінің ауытқу құралдарын қолдану арқылы сақтандыру компанияларында қаржылық есеп жүргізуге қағидатты жаңа алгоритмдалған тәсіл ұсынылды;

- матрицалық негізде басқару бақылауында пайдалануға мүмкіндігі бар құралдың сыры ашылды;
- сақтандыру қызметінің өзіндік құнын калькуляциялауды қоса, басқару есебі мен сақтандыру компанияларының есептесуіне қолданылатын ABC, TDABC тәсілдері жасалды;
- сақтандыру компанияларын басқару мен ішкі бақылау амалдарында TDABC қолдану тәсілі дайындалып, ABC – декрипитация әдісін пайдалану мүмкіндігі көрсетілген.

Зерттеудің тәжірибелік маңызы дәстүрлі әдістерді пайдалануымен қатар сақтандыру компаниялары басқару жүйесінің қаржылық үлгісін негіздеп дайындау, сақтандыру компанияларын басқару үлгілерін ақпаратпен толықтыру және олардың өзара қаржылық есеп беруі бойынша ұсыныстар жасау, сақтандыру компаниялары басқару есебі мен ішкі бақылауында ABC – декрипитациясын ыңғайлы тәсілдермен қолдануды ұсыну.

Зерттеуге еңгізілген нәтижесі сақтандыру компанияларды басқаруды жетілдіру элементтерінің жеке бөлшектері «Содружество Аудиторлық Ассоциациясының» Коммерциялық емес Серіктестік мүшесінде (Москва қ.) қолданыс табуда. Көрсетілген компания іс-әрекетінде зерттеу нәтижелерінің қолданыс табуы арнайы құжатпен («19» шілде 2015ж. № 4384 еңгізу актісі) расталған.

Зерттеу нәтижелерін қабылдау және жүзеге асыру. Жұмысты зерттеу барысындағы нәтижелердің орындалғандығы Т.Рысқұлов атындағы Қазақ Экономикалық Университетінің Хабаршысы. – Алматы: «Экономика» баспасы, 2014. – №4 (104). // «Тұран» Университетінің Хабаршысы. – Алматы, 2014. – №3 (63). // Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінің Хабаршысы. Экономика сериясы. – Алматы: «Қазақ университеті» баспасы, 2014. – №4 (104). //“Actual Problems of Economics” журналы. – Киев, 2015. – №8 (146). // «Europejska nauka XXI powieka – 2013» IX халықаралық ғылыми – тәжірибелік конференцияның материалдары. – Прага: «Education and science», 2013. // «Vedecky rokrok na prelomu tysyachalety – 2013» IX халықаралық ғылыми – тәжірибелік конференцияның материалдары. – Прага: «Education and science», 2013. // «Veda a vznik – 2013/2014» X халықаралық ғылыми – тәжірибелік конференцияның материалдары. – Прага: «Education and science», 2013/2014. // «Aplikovane vedecke novinky – 2015» XI халықаралық ғылыми – тәжірибелік конференцияның материалдары. – Прага: «Education and science», 2015. // «Аудит и финансовый анализ» журналы. – Москва, 2015. – №4. // «Аудит» журналы. – Москва, 2015. – №8. // «Экономика и бизнес: позиция молодых ученых» Аспиранттар, магистранттар, студенттердің ғылыми конференция материалдары. Алтай мемлекеттік университет. Барнаул, 2015, мақалалар жарияланып, жан-жақты таныстырылған.

Жұмыс барысында зерттеу нәтижелерінің сақтандыру компанияларды басқаруды жетілдіру элементтерінің жеке бөлшектері «Содружество Аудиторлық Ассоциациясының» Коммерциялық емес Серіктестік мүшесінде (Москва қ.) қолданыс табуда. Көрсетілген компания іс-әрекетінде зерттеу

нәтижелерінің қолданыс табуы арнайы құжатпен («19» шілде 2015ж. № 4384 еңгізу актісі) расталған.

Көрсетілген компания іс-әрекеттерінде зерттеу нәтижелерінің қолданыс табуы арнайы құжатпен расталған.

Автордың дайындаған әдістемелік тәсілдері және басқару есебі мен ішкі бақылаудың тиімді тұжырымдарын қалыптастыруға бағыттайтын ұсыныстары «Басқару есебі», «Басқарушылық талдауы», «Сақтандыру компанияларындағы бухгалтерлік есеп», «Бақылау және тексеру», «Шығын есебі және өзіндік құнды калькуляциялау және оның статистикалық талдау әдістері», «Инвестициялық қаржы және басқарушылық талдау» пәндерін жоғары білім беру саласында (бакалавр, магистратура, докторантура) оқытуда және онлайн қосалқы экономикалық білім беру жүйесінде т.б. пайдаланылуы мүмкін.

Диссертациялық жұмыс гранттық қаржыландыру өресінде басымдылық бағыты бойынша: 5.2 Экономикалық, әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдары саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеу, тақырыбы «Менеджмент-тәуекелі мен Қазақстан Республикасы қаржылық ұйымдарындағы бақылаудың әдістемелік және әдістік тұрғысы».

Баспасөз беттерінде жариялануы. Жалпы диссертация тақырыбында 11 жұмыс жарық көрген, оның 1 мақаласы шетелдік Scopus цитат келтіру қорына кіретін журналда, 5 мақала Қазақстан Республикасы Оқу және Білім министрлігінің Бақылау жөніндегі комитетінің құзырындағы баспалаларда басылған және 5 баяндама тезистері шетелдегі халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияларда жарияланған».

Диссертациялық жұмыстың көлемі мен құрылымы. Диссертация кіріспеден, 3 тараудан, қортындыдан, қолданылған әдебиеттер тізімінен және қосымшадан құралған.

1 САҚТАНДЫРУ КОМПАНИЯЛАРЫНДАҒЫ БАСҚАРУШЫЛЫҚ ЕСЕП ПЕН БАҚЫЛАУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

1.1 Сақтандыру қызметі экономиканың саласы ретінде және оның, нарық механизмінің тұрақтылығын қамтамасыз етудегі рөлі

Заманауи мемлекеттің толық дамуының кепілі нарықтық механизмдер мен құралдардың тұтас жиынтығын пайдалану болып табылады, олардың ішіндегі маңыздыларының бірі сақтандыру.

Сақтандырудың басымды мақсаты сақтандыру жағдайы немесе сақтандыру шартымен белгіленген өзге да жағдай басталған кезде, ұйымның қызметін қатаң регламенттеуге, сақтандыру үдерісіне тәртіптілік элементтерін енгізуге мүмкіндік беретін, өз активтерінің есебінен сақтандыру ұйымымен жүзеге асырылатын сақтандыру төлемдері арқылы, жеке немесе заңды тұлғаның заңды мүдделерін мүлдіктік қорғау жөніндегі қатынастардың кешені болып табылады [1,156.].

«Сақтандыру» сөзі өзінің тұрмыстық мәні бойынша қауіпсіздікті қамтамасыз ету немесе қажетсіз әлденеден (белгілі бір жағдай) сақтануды білдіретіндігі анық [1,246.].

ҚР Азаматтық кодексінің 803 бабында сақтандыру шартына қатысты келесідей анықтама берілген: «Сақтандыру шарты бойынша бір тарап (сақтанушы) сақтандыру сыйлықақысын төлеуге, ал екінші тарап (сақтандырушы) сақтандыру жағдайы басталғанда, сақтанушыға немесе пайдасына шарт жасалған өзге тұлғаға (пайда алушы) шартпен айқындалған соманың шегінде сақтандыру төлемін (сақтандыру сомасы) төлеуге міндетті. Сақтандыру, сақтандыру шартының негізінде немесе өзара сақтандыру қоғамында мүшелік негізінде жүзеге асырылады» [2,225б.].

Сақтандырудағы есептің теориялық негіздерінің заманауи ғылыми зерттеулері XVIII ғасырдың соңы – XIX ғасыр басында пайда болған. Олардың ішінде ең танымалдылары А.Смит, К.Маркс, Ф.Энгельс және тағы сол сияқты ғалым-экономистердің теориялық зерттеулері болып табылады [3].

К.Маркстің классикалық зерттеулері мен анықтамаларына тоқталайық. Сақтандыру қорының қажеттілігін негіздей отырып, К.Маркс «...тұрақты капитал, ұдайы өндіріс үдерісінде, заттай нысанда, оны азайтуы мүмкін кездейсоқтықтар мен қауіп-қатерлерге ұшырауы мүмкін. Осыған орай, сақтандыру қорымен қайта қосылған еңбек түрінде ғана қосымша өнімнің бөлігі ұсынылған (егер құнның тұрғысынан қарастырған жағдайда). Мұндағы жұмыс, сақтандыру қоры жеке немесе жеке емес кәсіпорын ретінде сақтандыру қоғамымен басқарылатындығына қарамастан ешқандай өзгеріске ұшырамады» [3,416б.].

Егер тарихқа үңілетін болсақ, біздің заманымызға дейін 3000 жыл бұрын, вавилон көпестері қауымдық «сақтандыру кассасын» құру қажеттілігі туралы қорытындыға келді, оған сәйкес қандай да бір күтпеген себептердің салдарынан

өз тауарларын жоғалтқан көпес немесе оның туыстары (көпес қаза болған жағдайда) белгілі өтемақыны алу мүмкіндігіне ие болған [4,10б.].

«Сақтандыру» термині «қорқыныш» сөзінен пайда болған. Кез келген дұрыс пікірлі адам өзінің өмір сүру жағдайының нашарлап кетуінен қорқады (өз өмірінің жағдайы, өндіріс жағдайлары және т.б.), және өз болашағының қамын ойлай отырып, өзін қандай да бір жолдармен қауіпсіздендіруге ұмтылады («сақтандырады») [4,10б.].

Сондықтан, кең мағынада «сақтандыру» сөзі өзінің тіршілік ету жағдайларын қандай да бір мүмкін болатын жағдайлардың жағымсыз салдарынан қорғануды білдіреді [5,7б.].

Алыс шетелдік әдебиетте сақтандыру мәселелерімен А.Смит, К.Маркс, Ф.Энгельс, Д.Бландт, В.Райхер [6,7] және т.б. айналысқан.

Таяу шетелдік заманауи экономикалық әдебиетте К.Г.Воблого, Э.С.Гребенщикова, А.Гинзбург, Е.Ф.Дюжиков, Ю.М.Журавлев, С.Л.Ефимов, А.Манэс, Л.И. Рейтман, Ю.А.Сплетухов, В.В. Шахов, К.Е.Турбина, К.Е.Шихов, М.Я.Шиминова, Е.В. Коломин, В.В. Шахов Т.А. Федорова [8-22] және т.б. өз еңбектерін осы мәселеге арнаған.

Отандық әдебиетте сақтандыру бойынша басылымдар келесі авторларда белгіленген: К.К.Жуйриков, И.М.Назарчук, А.Ж.Омарова, С.Р.Раимова, А.Т.Баяхметова, Г.И. Маянлаева, У.Б. Баймуратов А.Б.Рахимбаев, А.К.Сембеков, М.С. Сатубалдин, К.А. Мадыханова, А.И. Худяков, біз сақтандырудың әр түрлі тұрғыдан қарастырылған көптеген анықтамаларын таптық: экономикалық санат ретінде, зиянды өтеу тәсілінің түрі ретінде, міндеттемелерді қамтамасыз ету тәсілі ретінде, қаржы-экономикалық белсенділіктің түрі ретінде, құқықтық қатынастар ретінде [4,23-27.], және т.б. Олардың кейбіреулерін қарастырып көрейік.

Бұл жөнінде көрнекті британ (шотландтық) экономисті Адам Смиттің, беделді толық нақтылықпен айтылған, сақтандыру компанияларының рөлі мен орны сипатталған пікірін келтірген орынды: «Сақтандыру компаниясы жеке тұлғаларды күйреуге әкелетін залалдарды, көптеген адамдардың арасында бөле отырып, жеке тұлғалар жағдайының елеулі тұрақтылығын қамтамасыз етеді, оларды бүкіл қоғам үшін жеңілдетеді» [6,3б.].

Профессор Рейтман Л.И. сақтандыруды экономикалық санат ретінде анықтай отырып, оның басты белгісі ретінде оның қатысушыларының арасындағы ерекше тұйық қайта бөлу қатынастарының жиынтығын белгілейді: «Сақтандыру, кәсіпорындар мен ұйымдарға келтірілуі мүмкін төтенше немесе өзге де зиянды өтеу үшін немесе азаматтарға ақшалай көмек көрсету үшін арналған, ақшалай жарналардың есебінен мақсатты сақтандыру қорын құру жөніндегі, олардың қатысушыларының арасындағы ерекше тұйық қайта бөлу қатынастарының жиынтығы» [21,15б.].

Сақтандыруды міндеттемелерді қамтамасыз ету тәсілі ретінде қарастыра отырып, Жуйриков К.К. пен Назарчук И.М. оған келесідей анықтама берген: «сақтандыру, мақсатты сақтандыру қорын құру жолымен сақтандырудың қатысушылары арасындағы ерекше қайта бөлу қатынастарының жүйе арқылы

жүзеге асырылатын, шаруашылық, азаматтық-құқықтық және әлеуметтік-экономикалық салаларында қаржы міндеттемелерін қамтамасыз етудің өтемақылық нысаны» [30,20 б.].

Д.Бландтың еңбегінде сақтандыру бұл, «шартқа сәйкес, сақтанушының мүддесіне қысым келтіретін белгілі оқиға басталғаннан кейін, бір тарап (сақтандырушы деп аталады) сыйақыға (сыйлықақы деп аталады) айырбас ретінде, екінші тарапқа (сақтанушы деп аталады) ақшаның белгілі сомасын немесе оның баламасын заттай түрінде төлеуге міндетті» [7,124б.].

Көріп отырғанымыздай, бұл анықтамада сақтандыру, қаржы-экономикалық қатынастар ретінде емес, шарт болып танылады. Біздің ойымызша, сақтандыруды экономикалық қатынастар ретінде қарастыру керек, өйткені қатынастар өте кең түсінік, және шарт осы қатынастардың бөлігі болып табылады. Д.Бланд анықтамасының күмәнсіз құндылығы, онда сақтандырудың ақылылығы көрсетілгендігі болып табылады, өйткені ақылылық – бұл сақтандыру белгілерінің бірі, өйткені сақтандыру қоры сақтандыру қызметінің төлемі болып келетін сақтандыру жарналарынан (сыйлықақы) құрылады [7, 31 б.].

Сонымен, С.Л.Брю, К.Е. Турбина, Л.Н. Ключенко, А.К. Сембеков, А.К.Бельгибаев, А.Б.Рахимбаев, Г.И. Маянлаева және басқалары сақтандыруды, әр түрлі қауіп-қатерлер мен тәуекелдерден сақтандыру арқылы қорғауды сатып алушылармен байланыстырады (ұқсастырады). Сақтандыру арқылы қорғауға қатысты сұраныс, К.Е. Турбина мен Л.Н. Ключенко белгілеп өткендей [18,31], сақтанушылардың сұранысы мен сақтандырушылардың арақатынасымен басқарылатын экономикалық кеңістік ретінде анықталады. А.К.Сембековтың авторефератында бұл бағыттың жақтаушыларының теориялық ұстанымдарына елеулі дәрежеде транзиттік сипат тән болып келетіндігін сипаттайды, өйткені олар мамандандырылған бизнес ретінде сақтандырудың тар түсіндірмесінен алшақтаған, бірақ тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамудың маңызды құрамдас бөлігі ретінде, сақтандыруға қатысты кешенді тәсілдеменің жағына қарай жеткілікті дәрежеде алға басқан жоқ [25,11б.]. Қазақстан Республикасының құрылымдық-атқарымдық құрылуы, сақтандыру қызметтерінің ұлттық нарығы әлеуметтік-экономикалық қатынастардың даму деңгейіне және нарықтық өзара қатынастардың қатысушылары негізделетін заң шығарушы сақтандыру базасының жағдайына тәуелді болады. Сақтандыру нарығының ауқымдарына қарай, оның жекелеген қосалқы жүйелері мен сегменттерге бөлінуіне қарай, оның жекелеген қатысушыларының қызметін регламенттеуге қатысты әр түрлі тәсілдемелер қолданылады [24,137б.]. Сақтандыру нарығының үдерісіндегі негізгі қатысушыларға келесілерді жатқызуға болады:

- Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы;
- Сақтандыру қоры;
- Сақтандыру агенті;
- Сақтанушы, сақтандырылған пайда алушы;
- Актуарий;

- Өкілетті аудиторлық ұйымы (өкілетті аудитор);
- Өзара сақтандыру қоғамы;
- Сақтандырумен байланысты кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын өзге де жеке және заңды тұлғалар [1,15б.].

Осы институттардың өзара әрекет ету нысандары сақтандыру нарығындағы қосалқы жүйелердің ауқымдарын, мазмұнын және негізгі функцияларын сәйкес түрде айқындайды: сақтандыру саласындағы мемлекеттік органдар мен ұйымдары, сақтанушылар мен сақтандырушылар, сақтандыру қызметтер нарығы инфрақұрылымының объектілері.

Республиканың қаржы-экономикалық тұрғысынан, бүкіл белсенді халқы болып табылатын Қазақстан Республикасының сақтандыру компанияларының ерекшелігі, автордың көзқарасымен 1 суретте қарастырылған.



Сурет -1- Қазақстан Республикасының сақтандыру секторы

Ескерту - Автормен құрастырылған

Нарықтық экономикада экономиканың саласы ретінде сақтандырудың мәні мен нарықтық механизмінің тұрақтылығын қамтамасыз етудегі оның рөлі, экономиканың нақты секторындағы тікелей белсенділіктен бастап, Қазақстан Республикасының жекелеген үй шаруашылықтарының аясында соңғы тұтынуға дейін, өндірістік-экономикалық қатынастардың барлық жүйесін қамтиды.

Жалпы, сақтандырудың анықтамасына негізделе отырып, оның құрамына сақтандыру компаниялары (немесе ұйымдар), серіктестер, бәсекелестер, қайта сақтандыру қоғамдары, сақтандыру делдалдары, сақтанушылар, сюрвейлер, актуарийлер, аудиторлар, кеңес берушілер кіреді. Сақтандыру өнімдері мен қызметтері өндірістік сақтандыру белсенділігінің аясында құрылады, оның жұмыс барысында, сақтанушыны әлеуетті қауіп-қатерлерден сақтандыру арқылы қорғау қызметі ұсынылады [32,13б.].

Жоғарыда келтірілген сақтандыру анықтамалары бір құбылысты әр түрлі жақтардан және әр түрлі көзқарастардың тұрғысынан баяндайды.

Профессор Т.А.Федорова [33,18б.], сақтандыру функцияларын макроэкономикалық және микроэкономикалық деңгейде сақтандыру арқылы қорғаудың бар болу тұрғысынан қарастырады. Біз, бұл пікірге толығымен

қосыламыз, оның пікіріне сәйкес, макроэкономикалық деңгейде сақтандыру келесідей функцияларды орындайды:

1. «Қоғамдық ұдайы өндірістің үздіксіздігін қамтамасыз ету»;
2. Мемлекетті қосымша шығыстардан босату»;
3. Ғылыми-техникалық прогрессті (ғылыми-техникалық ілгерілеу) ынталандыру»;
4. Азаматтық жауапкершілік қатынастарының жүйесінде жәбірленген тұлғалардың мүдделерін қорғау»;
5. Инвестициялық ресурстарды шоғырландыру мен экономикалық өсуді ынталандыру» [33,19б.].

Қоғамдық ұдайы өндірістің үздіксіздігін қамтамасыз ету функциясына сәйкес, сақтандыру жағдайлары басталған уақытта, сақтандыру экономикалық субъектілердің қызметін қайта құру мен жаңарту үшін қаржы мүмкіндіктерін құрады, бұл өте маңызды, өйткені бір ірі сақтандыру компаниясының тоқтап қалуы, оған көптеген тәуелді болып келетін қаржы-экономикалық субъектілер (тапсырыс берушілер, жабдықтаушылар) белсенділігінің тоқталуына (кідірісіне), персонал санының қысқаруына әкелуі мүмкін, нәтижесінде, бұл жұмыссыздық дәрежесінің ұлғаюына және қоғамның әлеуметтік қауырттылығының артуына ықпал етеді [33,21б.]. Сонымен, «Евразия» СК АҚ бір өнімінің үлесі, атап айтқанда «Мүлікті сақтандыру», 2013 және 2014 жылдары сәйкесінше, қоржынның 61,5 % және 57,6 % үлесін алады. «Халық-Казайнстрах» СК АҚ әртараптандырылған қоржынына ие, бірақ оның да топ бизнесі елеулі үлеске ие болып келеді. Атап айтқанда, 2013 жылы 24 млрд.теңгені құрайтын сыйлықақының жалпы көлемінен, медициналық сақтандыру 5,4 млрд.теңгені құраған, мүлікті сақтандыру – 7,6 млрд.теңге, өзге де қаржы залалдарын сақтандыру – 3,3 млрд.теңгеге тең болған. 2014 жылы сыйлықақының жалпы көлемі 26,8 млрд. теңгені құрағанда, медицина – 6,6 млрд.теңге, мүлік – 5,8 млрд.теңге және өзге де қаржы залалдары – 6,3 млрд.теңгеге тең болған [34].

«Kaspi Страхование» АҚ-да осыған ұқсас жағдай. Нақтырақ айтсақ: 2013 жылы сақтандыру сыйлықақысы – 43,6 млрд.теңге, оның ішінде 15,3 млрд.теңге – қайғылы оқиғадан сақтандыру, өзге де қаржы залалдары – 23,7 млрд.теңге, 2014 жылы сақтандыру сыйлықақысы – 14 млрд.теңге, оның ішінде өзге де қаржы залалдары – 6 млрд.теңге, қосымша қайғыдан сақтандыру – 1,9 млрд.теңге [35].

Үш көшбасшының сақтандыру қоржынын талдай отырып, банк топтарына кіретін сақтандыру компанияларының топтың өзінің бизнесіне және, ірі заңды тұлғалармен жасалған келісім-шарттарға жоғары тәуелділігі бар екендігі анық көрініп отыр. Мұндай тәуелділік, шын мәніне келгенде, қазақстандық сақтандыру саласының жүйелі тәуекелі болып табылады, өйткені салалардың біріндегі дағдарыстық құбылыстар сақтандыру нарығындағы ірі ойыншылардың жағдайына ықпал етуі мүмкін.

Қоғамның өндіріс күштерінің дамуымен ғылыми-техникалық прогрессті ынталандыру жөніндегі сақтандыру функциясы аса маңызды бола бастайды. Жаңа технологияларды, ғарыштық кеңістікті игеру, дәстүрлі түрде жоғары

тәуекелмен байланысты. Сақтандыру жаңалықтардың тәуекелін алып тастап отырып, инновациялардың дамуына ықпал етеді. Ғылыми-техникалық прогрессті ынталандыру функциясы екі жақты түрде сақтандыру арқылы жүзеге асырылады. Бір жағынан, сақтандыру компаниялары экономикалық субъектілердің назарын технология мен өнімдердің қауіпті элементтеріне аудартқызады, нәтижесінде оларды жоюға ынталандырады, екінші жағынан, сақтандыру компаниялары өз күштерімен және алдын алу шараларының қорларын құру арқылы қауіпсіздіктің дәрежесін арттыру аясында тиісті зерттеулерді қаржыландырады. Ғарыштық тәуекелдерді сақтандыру нарығындағы қазақстандық сегменттің көшбасшысымен жүргізілген, ғарыштық тәуекелдерді сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру төлемдерінің көлемдері үлкен әсер қалдырды, 2012 жылдың 31 мамырынан бастап аномалияның салдарынан, геостационарлық орбитада орналасқан «Эксперсс-АМ2» байланыс серігінде оның таратқыштары (байланыс арналары) өше бастады. Осы сақтандыру жағдайының нәтижесінде Dalminer Finance S.A компаниясы залалға ұшырады, өйткені серіктің байланыс арналарының өшуі салдарынан, компания өз міндеттемелерін келісім-шарттарға сәйкес орындай алған жоқ. Компанияның залалы 170,5 мың АҚШ долларына бағаланды. Dalminer Finance S.A мүліктік мүддесі «Евразия» СК қайта сақтандырылды, ол өз кезегінде жауапкершіліктің өз үлесінің аясында сақтанушыға 4,1 мың долларды төледі [36,37].

Үшінші тұлғаларға келтірілген залал үшін жеке және заңды тұлғалардың азаматтық жауапкершілігінің қатынастар жүйесінде жәбірленген тұлғалардың мүдделерін қорғау жөніндегі сақтандыру функциясына сәйкес, сақтандыру негізінде жол-көлік оқиғалары, авиациялық және басқа да көлік апаттарының құрбандары қорғалады. Сақтандырудың жаппай түрі бойынша- яғни, көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру бойынша – 1 кестеде келесідей анықталған сыйақылық көрініс қарастырылған:

Кесте 1- Алдыңғы қатарлы ҚР сақтандыру компанияларының сыйақы көлемінің өсімі

№	Сақтандыру компаниялары	Сыйақы көлем өсімі
1	АҚ СК "Номад Иншуранс"	6,7 млрд теңге (+1,1 млрд теңге)
2	АҚ СК "Цесна-Гарант"	4,9 млрд теңге (-1,4 млрд теңге)
3	АҚ «Нефтяная страховая компания»	3 млрд теңге (+0).
4	АҚ СК "Халық - Казахинстрах"	1,6 млрд теңге
5	АҚ СК «Альянс Полис»	1,9 млрд теңге: 2 еседен көп
6	АҚ СК «АСКО» и	1,7 млрд теңге (+0,4 млрд теңге)
7	АҚ СК «Amanat insurance»	1,4 млрд теңге (+0,5 млрд теңге)
Ескерту - [38] дерек көзі негізінде құрастырылған		

Инвестициялық ресурстарды шоғырландыру мен экономикалық өсуді ынталандыру функциясы, сақтандыру компаниялары сақтандыру қорларының қаражаттарын және өздерінің меншікті қаражаттарын құнды қағаздарға,

жылжымайтын мүлікке және т.б. орналастыру негізінде сақтандырумен қамтамасыз етіледі. Осылайша, сақтандыру компаниялары өнеркәсіпті, құрылыс пен мемлекетті қаржыландырады, яғни экономикалық өсуге ықпал етеді. Жылдық есепке сәйкес Қазақстан Республикасының сақтандыру нарығы активтердің салыстырмалы жоғары пайдалылығын көрсетті - 2014 жылдың тоғыз айы ішінде бұл көрсеткіш 8%-аздап асқан. Сақтандыру нарығы инвесторлар үшін одан да тартымды болуы қажет болып көрінеді. Дегенмен, тәжірибе көрсетіп отырғандай, іс жүзінде бұл жағдай мүлдем қарама-қайшы болып келеді – инвесторлар сақтандыру сегментінен қашқақтайды. Әсіресе, бұл шет ойыншыларына қатысты. Айтатын болсақ, 2011 жылы Allianz SE Қазақстандағы өз өкілділігін жапты, мұндай шешімнің себебін, филиалдың жұмысы компанияның жаһандық стратегиясының бөлігі емес деп түсіндірді. Өткен 2014 жылдың қазан айында бүкіл әлемге танымал «AIG» СК сол сияқты, республика ішінде өз қызметінің тоқтатқандығын жариялады [38].

Kompetenz СК басқарма төрағасы Талгат Усенов инвесторлардың қашуын, қазіргі таңда, сақтандыру операцияларынан түсетін нақты табыстылықтың азаюы байқалатындығымен түсіндіреді. Сол сияқты, қызметтің осы түріне инвестициялардан түсетін табыстылықтың төмендеуі байқалады. Сонымен қатар, Kompetenz басшысының пікірінше, шетелдік ойыншылардың кетуі, олардың бастапқы болжамдарының, нарықтың нақты жағдайларына, оның ағымдағы әлеуетіне сәйкессіздігімен, сонымен бірге бәсекелестік ортаның анықсыздығымен байланысты [40].

Өз кезегінде, «Коммекс-Омир» СК бастығы Олег Ханинның айтуынша, сақтандыру нарығының өсу көрсеткіші 8,04% табыстылықтың өсуін көрсетпейді, ал осы табыстардың ішіндегі негізгі үлес шетелдік валютаны қайта бағалаумен және 2014 жылдың ақпандық девальвациясының салдарымен байланысты. «Коммекс-Омир» СК басқарма төрағасының ақпараты бойынша, сақтандыру компаниялары негізінде өз активтерін шетелдік валютада ұстайды, бұл әрине бүкіл нарықтың меншікті капиталдың рентабельділігіне (RoA) ықпал етті [41].

Басқа сөзбен айтқанда, сақтандыру компаниялары табыстарының нақты өсуі өзгеріссіз қалады деген қорытынды жасауға болады.

Сақтандыруға, өзінің экономикалық мазмұны жағынан келесідей функциялармен анықталған, көрінудің тиісті нысандары тән болып келеді: қайта бөлу, тәуекелді, алдын алу.

- ақшалай қаражаттың қорын құру (сақтандыру қоры) – *қайта бөлу функциясы*;
- азаматтардың материалдық залалын және жеке материалдық қамсыздандырылуын өтеу – *тәуекелді функция*;
- сақтандыру жағдайының басталуын алдын алу және табиғи апаттар мен қайғылы оқиғалардан туындайтын залалдардың мөлшерін қысқарту – *қайта бөлу функциясы* [33,29 б.].

Кейбір отандық экономистер [26,28,29] сақтандырудың бақылау, несиелік және инвестициялық функцияларын белгілейді.

- сақтандырудың бақылау функциясының мазмұны, сақтандыру қоры қаражатының қатаң мақсатты құрылуы мен оның пайдаланылуына бақылау жүргізуді білдіреді.
- несиелік функциясына сәйкес, сақтандыруға қайтарымдылық сияқты белгі тән болып келеді.
- сақтандыру қорының уақытша бос қаражаттарының, сақтандыру ұйымдарының инвестициялық қызметіне, сақтандыру және өзге де шаруашылық операциялардан түсетін пайда (табыс) бөлігінің есебінен мемлекеттік бюджеттің табыстарын толтыруға қатысу мүмкіндігі, сақтандырудың *инвестициялық функциясын* білдіреді.

Осыған орай, әдебиетте сақтандырудың функциялары, олардың саны, түрлері мен атаулары жөнінде әр түрлі пікірлер қалыптасқан.

Профессор Т.А.Федорованың пікірінше, сақтандыру келесідей функцияларды атқарады:

- «залалдардың орнын толтыратын шаралардың қаржыландырылуын жеңілдету әрекетінің бірнеше аспектілері бар». Біріншіден, сақтанушы сақтандыру жағдайы басталған уақытта, шарттың талаптарына сәйкес, сақтандыру төлемі қаражаттарының есебінен өзіне келтірілген залалдың орнын толтыра алады. Екіншіден, сақтандыру шартына отыру кезінде міндетті түрде тәуекел бағаланады, яғни өрттен, ұрлықтан және басқа да жазым оқиғалардан сақтандырылған экономикалық субъектілер, бұл тәуекелдерді ақшамен бағаланатын шамаға айналдырады, бұл белгілі мөлшерде, өз тауарлары, жұмыстары, қызметтерінің бағасына сақтандыру жарналарын енгізуге мүмкіндік береді. Үшіншіден, экономикалық субъектілердің мүліктерін сақтандыру, әдетте, олардың несие алуы үшін шарт болып табылады. Банктер, тек, әдеттегі тәуекелдерден сақтандырылған кәсіпорындарды несиелеу үшін келісім беруге дайын болады. Өмір мен жылжымайтын мүлікті сақтандыру, жеке тұлғалардың құрылыс немесе үйлер мен пәтерлердің сатып алу үшін, ипотекалық несие алудың қажетті шарты болып табылады.
- сақтандырылмаған тәуекелдерге менеджменттің назарын күшейтудің мәні келесідей, сақтандыру шарты жасалған уақытта кәсіпкер ағымдағы қызметтің тәуекелдерін талдаумен айналыспайды және нарықтық конъюнктураны талдауға және өз кәсіпорнының стратегиялық менеджментінің мәселелеріне толығымен назар аудара алады» [33,286.].

А.И.Худяков [4,20б.] белгілеп өткендей, сақтандырудың басты функциясы *қорғау функциясы* болып табылады – сақтандырушы сақтанушыдан алынатын төлем негізінде сақтандыру арқылы қорғау түрінде сақтанушыға өз қызметін ұсынады, ол арқылы сақтанушының мүліктік жағдайы қорғалады (сақтандырылған тұлға).

Сәйкесінше, сақтандырудың қорғау функциясының үш құрамдас бөлігі бар: заңды, материалдық және психологиялық.

Сақтандырудың қорғау функциясының заңды құрамдас бөлігі, сақтанушының сақтандыру жағдайы басталған уақытта сақтандырушыдан сақтандыру төлемін талап ету құқығы бар болған кезеңімен түсіндіріледі.

Материалдық құрамдас бөлігі осы төлемдердің төленуі арқылы жүзеге асырылады.


Психологиялық құрамдас бөлігі, сақтанушының тағдардың тауқыметінен қорғануды сезіну және ертеңгі күніне сенімділігімен айқындалады, бұл сезім сақтандырушының сақтандыру және басқа да төлемдерді жүргізу секілді заңды міндеттемелерінің бар болуына, сол сияқты сақтандырушының қаржы сенімділігіне сақтанушының сенім білдіруіне негізделеді [4,236].

Жүргізілген талдау, ұсынылған 2 кестеде, сақтандырудың барлық функцияларын жинақтауға мүмкіндік береді.

Кесте 2 – Сақтандыру функциялары

Функция атауы	Функция мазмұны
Қайта бөлу	Өмірдің ақырғы мерзіміне дейін сақтандырудың ақшалай соммасын жинақтау
Тәуекел ету	Сақтандырудың жай-күй жағдайына байланысты сақтандыруға қатысушының арасында ақшалай ресурстарды қайта бөлу
Сақтық	Сақтандырудың тәуекелін азайтудың шараларын сақтандырудың қаражат қоры есебінен қаржыландыру
Бақылау	Мақсатқа бағытталған бақылау қалыптастырып және сақтандырудың қаражат қорын пайдалану
Несиелік	Сақтандырудың жарнасын қайтару
Инвестициялық	Сақтандыру қорының уақытша басы артық ақшаны инвестициялық қызметке қатыстыру
Орнын толтыру	Сақтандырушы, сақтандыру келісім-шартына сәйкес оның шеккен зиянын сақтандыру төлемі қаражаты есебімен орнын толтыру мүмкіндігін ала алады.
Сақтандырылмайтын тәуекелділік	Кәсіпкер сақтандырудың келесім-шартын рәсімдеу кезінде ағымдағы қызметтің тәуекелділікті талдаудан өзін босатады
Сақтандырылатын қорғаныс	Сақтандырушының сақтандырудағы орны өзінің мүлдіктік жағдайына сақтандырылатын қорғаныс алуында
Ескерту - Автормен құрастырылған	

Сақтандырумен орындалатын функциялардың жиынтығы, заңды және жеке тұлғалардың мүлдіктік мүдделерін, олардың өмірлері мен денсаулығын, ақшалай жинақтарын (қорларын) қорғау бойынша азаматтық-құқықтық қатынастардың қаржы жүйесінде сақтандыру саласын шығара отырып, сақтандырудың рөлін Қазақстан Республикасы экономикасының ілгерілмелі дамуының қуатты факторы ретінде алдын ала анықтайды, ал оған жай ғана маңызды рөл ғана емес, стратегиялық рөл тән болып келеді. Дәл осы сақтандыру инвестициялық әлеуетті арттырады және ұлттың жағдайы мен байлығын көтеру мүмкіндігін береді. Бүгінгі күні, Қазақстанда жүргізіліп жатқан экономикалық өзгерістер (қайта құру), әлемде 71-орынға ие бола отырып, елімізді ТМД кеңістігінде инвестициялық жағынан тартымды елдердің біріне айналдырды, бұл 2 суретте қарастырылған [42,43].



Сурет - 2 -Халықтың жан басына шаққандағы сақтандыру сыйақысы бойынша мемлекеттер

Ескерту - [42,43] дерек көзі негізінде құрастырылған

Біздің елімізде сақтандырудың дамуы туралы, Қазақстан Республикасының сақтандыру компанияларының жалпы әлемдік рэнкингінде жылжуын қамтамасыз ететін, соңғы жылдары жиналған сақтандыру сыйлықақыларының өсімінен көруге болады. Бүгінгі күні, Қазақстанның сақтандыру нарығы нашар дамыған нарықтардың қатарына жатады. Бұл топ бойынша біздің еліміздің көршілері Литва, Румыния, Алжир сияқты елдердің нарықтары болып табылады. Дамушы нарықтардың қатарына Словения, Индия, Чехия, Таиланд кіреді. Дамыған нарықтардың мысалы ретінде Англия, Жапония, АҚШ, Франция елдері келтірілген.

Талдаушылардың тағы бір пайдаланған критерийі, сақтандыру нарығы көлемінің елдің халқына қатынасы болып табылады. Сонымен, Еуропаның дамыған елдерінде сақтандыру сыйлықақысы халықтың жан басына шаққанда 2,5-6,5 мың АҚШ доллары , Ресейде – жуық шамамен 200 АҚШ доллары, Беларусияда – 80 АҚШ доллары құрайды. Салыстыру үшін: Қазақстанда сақтандыру сыйлықақыларының көлемі халықтың жан басына шаққанда тек 4 920,6 теңгені ғана құрайды (20 АҚШ доллары) [43].

Қайта сақтандырудың халықаралық нарығы Қазақстанда сақтандыру индустриясын дамытуда маңызды рөлді атқарады. Қазақстандық сақтандыру/қайта сақтандыру нарығының даму әлеуеті жоғары болып қалуда. Сақтандыру саласында Еуропа мен АҚШ-тың 4 мыңнан астам өнімі бар, ал Қазақстанда олардың саны-шамамен 40-50 жетеді [44].

Соңғы жылдары отандық сақтандыру нарығында таяу және алыс шетелдерінен тартылған қайта сақтандыру сыйлықақылары көлемінің өсуі байқалып отыр, бұл ең алдымен, отандық сақтандыру (қайта сақтандыру)

компанияларының халықаралық рейтингтік бағалауларды алумен байланысты. Ресей Федерациясы (18 %) мен Ұлыбритания (28%) негізгі қайта сақтандыру нарықтары болып табылады [45].

Бүгінгі таңда, сақтандыру бойынша көптеген отандық сақтандыру компанияларының қаржы мүмкіндіктерінің жетіспеушілігінен, атап айтқанда, кен өндіруші, металлургиялық және химиялық кәсіпорындардың өнеркәсіптік тәуекелдері немесе ыстық және жер сілкіністерімен байланысты ірі және апатты залалдардың тәуекелдерін сақтандыру бойынша, шетелдік сақтандыру топтарымен қайта сақтандыру.

Қазіргі таңда, Қазақстан Республикасы ұлттық сақтандыру жүйесінің қалыптасу кезеңінде орналасқан, оның құрылуы, біздің пікірімізше, келесідей әрекеттерге байланысты: елдегі халықтың өмір сүру сапасын арттыру, экономикалық өсу, қоғамның тұрақты дамуы, Қазақстан Республикасының әлемдік қаржы-экономикалық жүйесіне кезең-кезеңмен бірігуі және мемлекеттік реттеу мен сақтандыру секторындағы өзін-өзі реттеу сияқты үдерістерді жетілдіру[46].

Нарықтық экономиканың белгілі сегменті болып табылатын, оның қаржы инфрақұрылымын құратын сақтандыру нарығын, келесідей элементтер бойынша құрылымдауға болады: субъектілер, объектілер, қатынастар (*А қосымшасы*). Біздің ойымызша толық ақпарат болып саналатын, таяу шетелдің жоғарыда аталған авторлар ғалымдары және мамандарымен ұсынылған сақтандыру нарығының негізгі элементтерінің сыныптамасы келтірілген.

Сақтандыру нарығы элементтерінің жоғарыда келтірілген сыныптамасы оны, белгілі өзара байланысты жүйе ретінде ұсынуға мүмкіндік береді.

Басқа жағынан, сақтандыру нарығын қарастырылған түрлері бойынша саралауға болады:


- Ұлттық, жергілікті және әлемдік сақтандыру нарығын бөліп шығаруды қарастыратын аймақтық көрсеткіш бойынша;
- Салалық көрсеткіші бойынша - жеке және мүлктік сақтандыру, жауапкершілікті сақтандыру нарықтарына бөліп шығару;
- Сақтанушылардың түрі бойынша – жеке және заңды тұлғаларды сақтандыру нарығы.

В.В.Шахов, нақты сақтанушылардың қанағаттандырылуын қарастыратын, «сақтандыру қызметтеріне қатысты сұраныс пен ұсыныс ауқымы» [22,516.], сияқты жіктеу белгісін белгілейді. Осы аспектіде ішкі нарық, сыртқы сақтандыру нарығының бар екендігі туралы айтуға болады, ондағы сұраныс шектес сақтандыру компанияларымен, сонымен қатар әлемдік экономиканың ауқымдарында бар халықаралық нарықпен қанағаттандырылады. Сыныптаманың мұндай критерийлері, сақтандыру нарығын дамытудың қуатты ынталандырмаларын ескере отырып, өзгеруі және толықтырылуы мүмкін.

Біздің зерттеуіміздің мәнмәтінінде аймақтық нарықтардың даму ерекшеліктерін және олардың сақтандыру нарығындағы субъектілердің экономикалық белсенділігіне ықпалын зерттеу біз үшін маңызды болып отыр. Аймақтық көрсеткіш бойынша Қазақстанда сақтандыру нарығы 1990 жылы

пайда болған. 1992 ж. қабылданған ҚР «Сақтандыру қызметі туралы» Заңы мен оның өзгерістері және толықтырулары, 200 жылдың 18 желтоқсанындағы Қазақстан Республикасының «Сақтандыру қызметін туралы» Заңы қабылданғаннан кейін, сақтандыру компанияларын ашу тәртібі жеңілдетілді [1]. 1994 жылдан бастап, ҚР сақтандыру компанияларының саны 22-ден, 1998 жылы 71-ге дейін өсті. Содан кейін, бес жыл бойы құлдырай бастады. Оның ішінде жарғылық капиталдың болмашы мөлшері, олардың қызметі үшін жағымсыз жағдайлардың болуы, Қазақстанда «сақтандыру серпілісінің» пайда болуына әкеліп соқты [28, 52 б.]. 2004 жылдың басында компаниялардың саны 34-ке жетті, бұл қалыпты үдеріс. Қазақстан Республикасында 2011 жылдың басында 40 компания тіркелген болса, 2012 жылы – 38, 2013 жылы – 35, және 2014 жылы – 34, 2015 жылы дәл осы күнінде – 33 сақтандыру компаниялары бар. Сонымен, әлеуетті сақтанушылардың тарапынан мүдделер болған жағдайда, Қазақстандағы сақтандыру қызметтерінің нарығы өздігінен реттеледі [47,48, 52б.]

Отандық сақтандыру компанияларының тиімді жұмысына ықпал ететін жағымсыз факторлардың бірі географиялық әртараптандыру болып табылады. Алматы қаласы еліміздің ең дамыған аймағы, онда сақтандыру қызметтерінің ену деңгейі жиналған сыйлықақыларының жалпы көлемінің 41,9 %-ын (50%-ға жуық) құрайды [49]. Еліміздің қалған аймақтарында төмен белсенділік пен сақтандыру қызметтерінің ену деңгейінің төмендігі байқалады, бұл *3-ші суретте* көрсетілген.



Сурет – 3 - 2014ж.сақтандыру сыйақысының аймақтық кесілуі
Ескерту - [49] дерек көзі негізінде құрастырылған

Сақтандыру компаниясының жалпы басқаруына Болжамды баланс, пайда мен залалдар Болжамы, ақшалай қаражат қозғалысының Болжамы кіреді.

Жеке басқаруға – сақтандыру қызметтерін сатуды Басқару, сақтандыру төлемдерін Басқару, бонустық сыйақыны Басқару, сақтандыру операцияларының тікелей шығыстарын Басқару, сақтандыру операцияларының жанама операцияларын Басқару, әкімшілік шығыстарды Басқару, кәсіпкерлік шығыстарды Басқару, инвестицияларды Басқару, суброгация мен регресс бойынша құқықтардың жүзеге асырылуын Басқару кіреді (Суброгация мен регресті басқару).



Сурет - 9 - Сақтандыру компания жүйесін басқаруда қаржылық-басқарушылық үлгісі

Ескерту - Автормен құрастырылған

Сақтандыру компанияларындағы жеке басқарудың мазмұнын қарастырып көрейік:

Сақтандыру қызметтерін сатуды басқару (СҚСБ).

Сақтандыру компаниясының басқару жүйесінде, жүйеге кіретін бүкіл басқаруға тікелей немесе жанама түрде ықпал ететін сақтандыру қызметтерін сатуды Басқару қызметі орталық орынға ие. Сақтандыру қызметтерін сатуды басқару, сақтандыру шарттарының саны, сақтандыру сомасының мөлшері, брутто-сыйлықақы мөлшері, брутто-сыйлықақысынан міндетті аударымдардың мөлшері туралы мәліметтерден тұрады. Сақтандыру қызметтерін сатуды басқаруда дербес жоспарлы мөлшерді ұзарту деңгейін бағалау үшін, біздің ойымызша, ұзартылған шарттардың саны мәлімденуі мүмкін. Деректер сақтандыру түрлеріне қарай, есептік топтар, сақтандыру өнімдері, жауапкершілік орталықтары, сату арналары, сақтанушының мәртебесі бойынша топтастырылуы мүмкін.

Шығыс қайта сақтандыру саласындағы ұйымдастыру саясаты арқылы, сақтандыру қызметін сатуды Басқару құрылымына келесідей түзетулер енгізілуі мүмкін: сақтандыруға алынатын тәуекелдің сипаты бойынша, тікелей шарттар бойынша сақтандыру сомасының мөлшері бойынша, ірі сақтанушылар бойынша ақпаратты топтастыру мақсаттылығы. Сақтандыру бойынша жасалған шарттардың жалпы санынан, сақтандыру сомасының көлемінен және олар бойынша есептелген сыйлықақылары бойынша кіріс қайта сақтандыруды жүзеге асыруда, қайта сақтандыруға қабылданған шарттар бойынша ұқсас деректердің дербес жоспарлы шамаларын ерекше белгілеуге болады.

Сақтандыру қызметтерін сатуды басқару, өзінің мәні бойынша, жеке көрсеткіштерді жоспарлау мен талдау қажет болуы мүмкін шекті шама болмайын мәліметтерден тұруы мүмкін. Бізбен әзірленген, сақтандыру қызметтерін сатуды басқару құрылымы, істі жүргізуге жұмсалатын шығыстардың жоспарлы мәндерінің құндық шектерін анықтайтын жүктеме шамасының абсолюттік мәнін айқындауға мүмкіндік береді, сәйкесінше, бонустық сыйақы саласында ұйымдастыру саясатын, басқарушылық-экономикалық шығыстардың саясатын алдын ала анықтайды.

Сақтандыру қызметтерін сатуды басқару, сақтандыру қоржынының құрылымы туралы ақпараттың көзі болып табылады, ары қарай жоспарлаудың негізін салады, өзге де жеке басқаруды құрудың жөнелту нүктесі болып табылады. Сақтандыру қызметтері сатуды басқару, бөлімшелер бойынша сақтандыру сыйлықақыларының түсу Жоспарына, қайта сақтандыру Бағдарламасына сәйкес құрылады.

Сақтандыру төлемдерін басқару (СТБ).

Әдетте, сақтандыру төлемдерін Басқарудың негізі, сақтандыру төлемдерін Басқару деректерін топтастыру негізін алдын ала анықтаумен қатар, оның басқарушылық шамаларының болжамды мәндерін есептеудің бастапқы ақпараттық қорды дайындайтын, сақтандыру қызметтерін сатуды Басқару қызметінде қалыптасады. Тәжірибеде жиі кезде сақтандыру төлемдерінің мөлшерін жоспарлау кезінде, компаниялар жоспарлы кезеңдегі нақты

сақтандыру төлемдері мөлшерінің, жоспарлы кезеңде жиналған сақтандыру төлемдерінің мөлшеріне қатынасымен анықталатын, алдағы өткен жоспарлы кезеңдердегі төлемдер деңгейінің көрсеткішіне бағдарланады. Қажетті жағдайда, сарапшылық бағалауды ескере отырып түзетілген, алдағы өткен жоспарлы кезеңдердегі дәл осындай жолмен есептелген төлемдер деңгейінің көрсеткіші, төлемдердің деңгейі мен брутто-сыйлықақысының жоспарлы шамасының көбейтіндісі ретінде анықталатын, сақтандыру төлемдерінің жоспарлы шамасын есептеуге қатысады.

Сақтандыру төлемдерін Басқарудың мазмұны сақтандыру төлемдерінің мөлшері туралы деректермен шектелмейді және сақтандыру төлемдеріндегі қайта сақтандырушылардың үлесі туралы мәліметтерден тұрады, оның нәтижесінде, қайта сақтандыру шарттарының болжамды талаптарын ескере отырып құрылатын қайта сақтандыруды Басқару сияқты тағы бір дереккөзінен ақпарат алады. Сонымен бірге, сақтандыру төлемдерін Басқару сақтандыру жағдайларының саны, төлемдердің құрылымы туралы мәліметтерден тұрады. Сақтандыру төлемдерін Басқарудағы жекелеген толық ақпарат, келесі бағыттар бойынша ұсынылуы мүмкін: сақтандырудың тікелей шарттары бойынша сақтандыру төлемдері, қайта сақтандыруға қабылданған шарттар бойынша сақтандыру төлемдері. Сақтандыру төлемдерін Басқару деректері, жоғарыда айтылып кеткендей, сақтандыру қызметтерін сатуды Басқару деректері топтастырылған негіздер бойынша топтастырылуы мүмкін, яғни – сақтандыру түрлері бойынша, есептік топтар бойынша, сақтандыру топтары бойынша, жауапкершілік орталықтары бойынша, тәуекелдің сипаты, сату арналары, сақтанушының мәртебесі бойынша – біздің пікірімізше, нақты деректерді талдау тәртібін жеңілдетуге арналған.

Қайта сақтандыруды басқару (ҚСБ). Қайта сақтандырудың толығымен өңделген Бағдарламасы, оған бағдарланған құрылымы мен сақтандыру қызметтерін сатуды Басқару мамзұны, қайта сақтандыруды Басқарудың болжамды мәндерін құру үшін техникалық жағын қамтамасыз етеді, бір уақытта ол үшін деректер көзі болып табылады. Қайта сақтандыруды басқару, қайта сақтандыруға табысталған шарттардың саны туралы, сақтандыру сомасының мөлшері, қайта сақтандыру сыйлықақысының мөлшері, қайта сақтандыруға табысталған тәуекелдер бойынша комиссиялар, тантъем мөлшері туралы мәліметтерден тұрады. Қайта сақтандыруды Басқару деректері сақтандыру түрлері, қайта сақтандыру түрлері, сақтандыру өнімдері, қайта сақтандырушылар, сақтанушылар бойынша топтастырылады.

Сақтандыру қорларын басқару (СҚБ). Сақтандыру қорларының құрамы мен оларлы құру тәртібі заңнама деңгейінде бекітілетіндіктен, сақтандыру қорларын Басқаруды құру, басқарушылық шамалардың нақты белгіленген тізімімен және оларды есептеу алгоритмімен жеңілдетіледі: сақтандыру қорларын Басқару, сақтандыру қорларының түрлері бойынша олардың мөлшері туралы, сақтандыру қорларындағы қайта сақтандырушылардың үлесі туралы, сақтандыру қорларындағы нетто-өзгерістер туралы мәліметтерден тұрады. Сонымен бірге, басқарушылық шамалардың болжамды мәндерінің сапасы, ең алдымен, басқа

жоспарлардың басқарушылық шамаларының болжамды мәндерінің сапасына-ол үшін қажетті ақпарат көздеріне-олардың құрылымына байланысты болады: сақтандыру қызметтерін сатуды Басқару, сақтандыру төлемдерін Басқару, қайта сақтандыруды Басқару, бонустық сыйақыны Басқару, тікелей шығыстарды Басқару, жанама шығыстарды Басқару.

Басқаша айтқанда, сақтандыру қызметтерін сатуды Басқарудың басқарушылық шамаларының болжамды мәндерінің сапасы, бонустық сыйақыны Басқару, сақтандыру төлемдерінің серпініне бағдарланған, аталған жоспарларды құру, айлар бойынша (тоқсан бойынша) бонустық сыйақыны құру, біздің ойымызша, аққұла сыйлықақы (еңбексіз табылған сыйлықақы) қорын есептеудің негізін құрады. Бұл жағдайда, аққұла сыйлықақыны есептеудің негізі туралы сөз қозғалып отыр, өйткені бұл қорды есептеудің алдында, сақтандыру шарттарын пайдалану ұзақтығын сарапшылық бағалау, оның ішінде, оған ықпал ететін факторлардың құрамын бағалау, олардың басталу ықтималдылығын бағалау сияқты маңызды кезең орын алады. Бір қордың есептелуі, ҚР 2000 жылдың 18 желтоқсанындағы №126-II «Сақтандыру қызметі туралы» Заңында бекітілген алгоритмге және 2010 жылдың 30 сәуіріндегі № 61 ҚР қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау Агенттігінің Қаулысына сәйкес жүзеге асырылады, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы құру үшін міндетті сақтандыру қорлары, сақтандыру қорларының келесідей түрлері болып табылады [1.]:

1. Аққұла сыйлықақыларының қоры (төлемдері келесі есеп беру кезеңдерінде туындауы мүмкін, есептеу күнінен кейінгі шартты пайдалану кезеңіне жататын, сақтандыру шарты бойынша есептелген сыйлықақының бөлігі);
2. Болжанбаған тәуекелдердің қоры (аққұла сыйлықақыларының қорлары жеткіліксіз болған жағдайда, сақтандыру залалдарын реттеу бойынша сақтандыру төлемдері мен шығыстарын өтеу үшін құрылады);
3. Жүзеге асырылмаған залалдардың қоры (есептеу күні жүзеге асырылмаған, бірақ болашақта сақтандыру шартын пайдалану кезеңінде жүзеге асырылуы мүмкін, сақтандыру төлемдері жүргізу үшін сақтандыру ұйымымен құрылады);
4. Залалдардың қоры;
 - жүзеге асырылған, бірақ жарияланбаған залалдардың қоры (сақтандыру төлемдері жүргізу жөніндегі міндеттемелерді, оның ішінде сақтандыру жағдайларына байланысты туындаған залалдарды реттеу жөніндегі шығыстарды сақтандыру ұйымы арқылы бағалау);
 - жарияланған, бірақ реттелмеген залалдардың қоры (есеп беру күні орындалмаған немесе толығымен орындалмаған, сақтандыру ұйымының төлемдерді жүзеге асыру бойынша міндеттемелерін, оның ішінде реттелмеген залалдарға жұмсалған шығыстарды бағалау);

Осылайша, аққұла сыйлықақы қорының болжамды шамасын есептеу бойынша белгіленген аспектілері, біздің ойымызша, сақтандыру қорын Басқару қызметі, сақтандыру қорларын құру бойынша нормативтік құжаттарда белгіленген әдістемелерге, сол сияқты, сақтандыру компаниясының ішкі жарлық құжаттарына негізделген есептеулердің өте еңбексыйымды кезеңін

жинақтайтындығын дәлелдейді: сақтандыру компанияларының жеке атқарымдарын бекіте отырып, актуарлық есептеулер негізінде құрылады.

Сақтандыру қорларын басқару, деректерді сақтандыру түрлері, есептік топтар, сақтандыру ұйымдары бойынша топастыруды қарастырады.

Бонустық сыйқақыны басқару (БСБ). Бонустық сыйақыны басқару, біздің ойымызша, сақтандыру қызметінің бағасына ықпал етудің ең қарапайым құралы болып табылады. Оның ең жоғары мәні жекелеген жағдайларда, брутто-сыйлықасынан туындайтын аударымдардың мөлшеріне қарай түзетілген жүктеменің шамасын (мөлшерімен) анықталады, мұнда комиссия жүктемені «жұтады». Жүктемедегі комиссияның ең төменгі үлесі, сақтандыру делдалдарының нарығындағы сұраныс пен ұсынысқа, делдалдар мен делдалдар мәртебесінің тізбегіндегі буындардың санына байланысты болады.

Бонустық сыйақыны Басқаруды құру негізінде, бір жағынан, бонустық сыйақыны есептеудің базасынан тұратын: брутто-сыйлықаның мөлшері туралы ақпарат, екінші жағынан, жүктеменің мөлшері туралы ақпарат сияқты комиссиясының мөлшерін түрлендіру үшін құндық ауқымды анықтайтын, сақтандыру қызметтерін сатуды Басқару қызметі жатыр. Бонустық сыйақыны Басқару, бонустық сыйақының өзгермелі және тұрақты бөлігіндегі мөлшері туралы, оның негізінде есептелген әлеуметтік мұқтаждықтарға аударылатын аударымдардың мөлшері туралы мәліметтерден тұрады. Бонустық сыйақыны Басқару деректері, сақтандыру түрлері, есептік топтар, сақтандыру өнімдері, жауапкершілік орталықтары, сақтандыру делдалының мәртебесі, сату арналары бойынша топтастырылады.

Бонустық сыйқақыны Басқару, оның болжамды мәндерінің жиынтығы, сақтандыру операцияларының тікелей шығыстарын Басқаруға, сақтандыру операцияларындағы жамана шығыстарды Басқаруға жіберілетіндігіне қарамастан, дербес басқару болып табылады.

Сақтандыру операцияларының тікелей шығыстарын басқару (ТШБ), сақтандыру операцияларындағы жанама шығыстарды Басқару (ЖШБ). Басқару деректері баптар, есептік тортар, жауапкершілік орталықтары бойынша топтастырылған шығыстардың мөлшері туралы мәліметтерден тұрады. Сақтандыру операцияларындағы жанама шығыстарды Басқаруда есептік топтар бойынша деректерді топтастырудан бұрын, бұдан алдын ала белгіленген негіздеме бойынша үлестіру тәртібінен өтеді (шартты база). Сақтандыру операцияларындағы тікелей шығыстарды Басқарудағы деректер тобында, шығыстардың түрлеріне қарай шығыстардың мөлшері туралы ақпарат жинақталады (айнымалы шығыстар, тұрақты шығыстар).

Сақтандыру операцияларындағы тікелей шығыстарды Басқару, сақтандыру операцияларындағы жанама шығыстардың Басқару қызметі, қаржы есебін, қадағалау тәртібінде ұсынылатын есеп беру нысандарын құруға, тұрақтандыру қорын есептеуге бағдарлануы тиіс. Бұл жағдайда, жоспарлы сипатының құрылымымен белгіленген ақпаратты жинау мен жалпылау сияқты міндеті бар басқарушылық есептің деректері, бухгалтерлік баланстың № 1 Нысанының тиіті тармақтарын (жолдарын); пайда мен залалдары туралы есептің № 2 Нысанын;

ақшалай қаражаттың қозғалысы туралы № 3 Нысанын; капиталдағы өзгерістер туралы есебінің № 4 Нысанын толтыруға қатысады. Сақтандыру ұйымдарының және сақтандыру брокерлерінің қаржы есебі, Қазақстан Республикасының заңымен белгіленген тәртіпте, халықаралық қаржы есебінің стандарттарына және осы Нұсқауға сәйкес құрылады [114].

Сақтандыру операцияларының тікелей шығыстарын Басқару, сақтандыру операцияларының жанама шығыстарын Басқару қызметін құрудың бағдары, сақтандыру қызметін сатуды Басқару құрамында белгіленген жүктеменің мөлшері туралы деректері болып табылады.

Әкімшілік шығыстарды Басқару (ӘШБ), кәсіпкерлік шығыстарды Басқару (КШБ).

Басқару деректері, шығындардың баптары бойынша топтастырылған шығыстардың мөлшері туралы мәліметтерден тұрады. Қажетті жағдайда, әкімшілік шығыстарды Басқару (ӘШБ), кәсіпкерлік шығыстарды Басқару (КШБ) баптары, келесдей жеке жоспарлармен нақтылануы мүмкін: Қызметтік автокөлікті күтіп-ұстау шығыстарын Басқару; жалгерлік шығыстарын Басқару; Мерзімді, әдістемелік әдебиетке жұмсалатын шығыстарды Басқару; тұрғын-үй—коммуналдық шаруашылықтың қызметтеріне жұмсалатын шығыстарды Басқару; Қорғауға жұмсалатын шығыстарды Басқару; жөндеуге жұмсалатын шығыстарды Басқару; сақтандыруға жұмсалатын шығыстарды Басқару; байланыс қызметтеріне жұмсалатын шығыстарды Басқару; ақпараттық қызметтер мен бағдарламалық қамсыздандыру шығыстарын Басқару; оқытуға жұмсалатын шығыстарды Басқару; еңбекақыны төлеуге жұмсалатын шығыстарды Басқару; амортизациялық аударымдарды Басқару, - әкімшілік шығыстарды Басқаруды жете талдау үшін қолданылады; жарнамаға жұмсалатын шығыстарды Басқару; нарық конъюнктурасын зерттеуге жұмсалатын шығыстарды Басқару; - әкімшілік шығыстарды Басқаруды жете талдау үшін қолданылады. Басқару деректері сақтандыру операцияларының тікелей шығыстарын Басқару үшін, сақтандыру операцияларының жанама шығыстарын Басқару үшін, инвестицияларды Басқару үшін қосалқы жоспар болып табылады, оларды дербес басқарма ретінде қарастыру қажет.

Сақтандыру операцияларының тікелей шығыстарын Басқару, сақтандыру операцияларының жанама шығыстарын Басқару секілді, әкімшілік шығыстарды Басқару, кәсіпкерлік шығыстарды Басқаруды құруда, жүктеме мөлшері туралы деректерге бағдарлану тиіс.

Инвестицияларды басқару (ИБ). Сақтандыру компаниясының инвестициялық қызметінің айрықша ерекшеліктері, инвестициялар көзінің басымды қарыздық сипаты болып табылады: сақтандыру қорларының қаражаттары инвестицияланады, сақтандыру компаниясының сақтандыру қорларын өтеу үшін қабылданатын активтердің құрамы мен құрылымына, оның меншікті қаражатының құрамы мен құрылымына қатысты мемлекеттің нақты белгіленген талаптары.

Осы тұрғыда, инвестицияларды Басқару, инвестициялаудың келесідей бағыттары бойынша топтастырылған, инвестициялануы тиіс, ұйымның

иелігіндегі қаражаттың болжамды мөлшері, оларды инвестициялаудан түсетін табыс, инвестициялаумен байланысты шығыстар туралы ақпараттан тұрады. Инвестициялануы тиіс қаражаттың болжамды мөлшері туралы ақпарат көзі сақтандыру қорын Басқару, қайта сақтандыруды Басқару жатады.

Суброгация және регрессті басқару (СРЖБ). Суброгация мен регрессті басқару, сақтандыру түрлері, есептік топтар, сақтандыру өнімдері, жауапкершілік орталықтары бойынша топтастырылған, ұйымның суброгация мен регресс (суброгация, регресс бойынша түсімдер) бойынша құқықтарды жүзеге асырудан түскен табыс мөлшері, суброгация, регресс бойынша (суброгация, регресс бойынша қайта сақтандырушылардың үлесі) жүзеге асырылған құқықтардың мөлшері мен қайта сақтандырушылардың үлесі туралы мәліметтерден тұрады. Суброгация мен регрессті басқаруды құру деректерінің көзі, сақтандыру төлемдерін Басқару, қайта сақтандыруды Басқару болып табылады.

Біз, жоспарлардың құрылымын, олардың талдамалы тобының бағыттарына әзірледік. Жоспарлардың мазмұны, негізгі басқарушылық көрсеткіштерді құру көздері, оларды талдамалы топтастырылу бағыттары 7-16 кестелерде көрсетілген.

Кесте 7 – Сақтандыру төлемдерін басқару

Басқаруды қалыптастыру үшін дерек көзі	№	Басқару көрсеткіштері	№	Басқару көрсеткіштер бағытын аналитикалық топтау
Сақтандыру қызметін сатуды басқару	1	Сақтандыру жағдайы саны	1	Сақтандыру түрлері
Қайтасақтандыруды басқару	2	Тікелей сақтандыру бойынша сақтандыру (қайтару) өтемақысының мөлшері	2	Есептік топтар;
	3	Сақтандыру өтемақысында (қайтару) қайтасақтандырушылардың үлес мөлшері	3	Сақтандыру өнімдері
	4	Ішкі қайтасақтандыру бойынша сақтандыру өтемақысында (қайтару) мөлшері	4	Жауапты орталықтар
	5	Төлемдер құрылымы	5	Тәуекел сипаты
	6	Қайтасақтандырушылармен қайтарылған (салым) сақтандыру сыйақысының мөлшері	6	Сату каналдары
	7	Сату құрылымы	7	Сақтандырушының деңгейі
	Ескерту – Автормен құрастырылған			

Кесте 8 – Қайтасақтандыруды басқару

Басқаруды қалыптастыру үшін дерек көзі	№	Басқару көрсеткіштері	№	Басқару көрсеткіштер бағытын аналитикалық топтау
Сақтандыру қызметінде сатуды басқару	1	Қайтасақтандыруға берілген келісім шарт саны	1	Сақтандыру түрлері
Қайтасақтандыруды басқару	2	Қайтасақтандырудың сыйақы мөлшері	2	Есептік топтар;
	3	Брокерлік сыйақының мөлшері	3	Сақтандыру өнімдері
	4	Қайтасақтандырудың комиссия, тантjemдар мөлшері	4	Жауапты орталықтар
			5	Тәуекел сипаты
			6	Қайта сақтандырудағы келісім шарт түрі
			7	Ірі қайтасақтандырушылар
8	Ірі сақтандырушылар			
Ескерту – Автормен құрастырылған				

Кесте 9 – Сақтандыру резервтерін басқару

Басқаруды қалыптастыру үшін дерек көзі	№	Басқару көрсеткіштері	№	Басқару көрсеткіштер бағытын аналитикалық топтау
Сақтандыру қызметін сатуды басқару	1	Сақтандыру резервтерінің мөлшері	1	Резервтер түрлері
Қайтасақтандыруды басқару	2	Сақтандыру резервтерінде қайтасақтандырушылардың үлес мөлшері	2	Сақтандыру түрлері
Сақтандыру өтемақысын басқару	3	Резервтердің нетто-өзгерістері	3	Есепке алу топтары
Бонустық сыйақыны басқару			4	Сақтандыру топтары
Сақтандыру операцияларының тікелей шығыстарын басқару				
Сақтандыру операцияларының жанама шығыстарын басқару				
Ескерту – Автормен құрастырылған				

Кесте 10 – Бонустық сыйақыны басқару

№	Басқаруды қалыптастыру үшін дерек көзі	№	Басқару көрсеткіштері	№	Басқару көрсеткіштер бағытын аналитикалық топтау
1	Сақтандыру қызметінде сатуды басқару	1	Өзгермелі бөлімнің мөлшері	1	Сақтандыру түрлері
		2	Бонустық сыйақының тұрақты бөлімдегі мөлшері	2	Есептік топтар;
		3	Әлеуметтік мұқтаждыққа аударымдар мөлшері	3	Сақтандыру топтары
				4	Жауапты орталықтар
				5	Сақтандырудағы делдал деңгейі (заңды тұлға/жеке тұлға)
				6	Сату каналдары
				7	Тәуекелділік сипаты
Ескерту – Автормен құрастырылған					

Кесте 11 – Сақтандыру операцияларының тікелей шығындарын басқару

Басқаруды қалыптастыру үшін дерек көзі	№	Басқару көрсеткіштері	№	Басқару көрсеткіштер бағытын аналитикалық топтау
Сақтандыру қызметінде сатуды басқару	1	Шығын шамасы	1	Шығын бабтары
Сақтандырудың өтемақысын басқару			2	Есептік топтар;
Бонустық сыйақыны басқару				Жауапты орталықтар
Көмекші басқару				Шығын түрлері (ауыспалы/тұрақты)
Ескерту – Автормен құрастырылған				

Кесте 12 – Сақтандыру операцияларының жанама шығындарын басқару

Басқаруды қалыптастыру үшін дерек көзі	№	Басқару көрсеткіштері	№	Басқару көрсеткіштер бағытын аналитикалық топтау
Сақтандыру қызметінде сатуды басқару	1	Шығын шамасы	1	Шығын бабтары
Сақтандырудың өтемақысын басқару			2	Есептік топтар (бөлуге негізделген);
Бонустық сыйақыны басқару			3	Жауапты орталықтар
Көмекші басқару				
Ескерту – Автормен құрастырылған				

Кесте 13 – Әкімшілік шығыстарын басқару

Басқаруды қалыптастыру үшін дерек көзі	№	Басқару көрсеткіштері	№	Басқару көрсеткіштер бағытын аналитикалық топтау
Көмекші басқару	1	Шығын шамасы	1	Шығын баптары

Кесте 14 – Кәсіпкерлік шығыстарды басқару

Басқаруды қалыптастыру үшін дерек көзі	№	Басқару көрсеткіштері	№	Басқару көрсеткіштер бағытын аналитикалық топтау
Көмекші басқару	1	Шығын шамасы	1	Шығын баптары

Кесте 15 – Инвестицияларды басқару

Басқаруды қалыптастыру үшін дерек көзі	№	Басқару көрсеткіштері	№	Басқару көрсеткіштер бағытын аналитикалық топтау
Сақтандыру резервтерін басқару	1	Инвестицияға жатқызылатын активтер шамасы	1	Бағытталған инвестиция
Қайтасақтандыруды басқару		Инвестициялаудағы табыстар шамасы		
Көмекші басқару		Инвестициямен байланысты шығыстар		

Кесте 16 – Суброгация және регресс басқару

Басқаруды қалыптастыру үшін дерек көзі	№	Басқару көрсеткіштері	№	Басқару көрсеткіштер бағытын аналитикалық топтау
Сақтандыру төлемдерін басқару	1	Суброгация бойынша түсім мөлшері	1	Виды страхования
Қайтасақтандыруды басқару	2	Регрестер бойынша түсім мөлшері	2	Есептік топтар;
		Суброгация, регрестерде қайта сақтандырушылардың үлесінің мөлшері	3	Сақтандыру өнімдері
			4	Жауапты орталықтар

Басқарудың негізгісі – сақтандыру қызметтерінің сатылуын басқару – және оның құрылымы 17 кестеде көрсетілген.

Кесте 17 – Сақтандырудың қызметін сату және оның құрылымын басқару

Басқаруды қалыптастыру үшін дерек көзі	№	Басқарудың көрсеткіштері	№	Басқару көрсеткіштерін аналитикалық топтау бағыты
Бөлімшелер бойынша сыйақы түсімін жоспарлау;	1	Келісім шарт саны	1	Сақтандыру түрлері;
Қайтасақтандыру бағдарламасы	2	Пролонгацияланған келісім шарттар саны;	2	Есептік топтар;
	3	Сақтандыру соммасының өлшемі;	3	Сақтандыру өнімдері
	4	Брутто-сыйақының мөлшері;	4	Жауапты орталықтар
	5	Брутто-сыйақының аударымдар мөлшері;;	5	Тәуекел сипаты
	6	Жүктеменің мөлшері;	6	Сақтандыру соммасының өлшемі
	7	Сату құрылымы	7	Сату каналдары
			8	Сақтандырушының деңгейі (кәсіпкерлік / бөлшектеп сату)

Басқарудың екінші кезеңінде жоспарлауды орындау туралы нақты көрсеткіштер құрылады және сақтандыру компаниясы қызметінің тиімділігін бағалау құралы болып табылатын есеп нысандары толтырылады. Бұл мақсаттарды жүзеге асыру үшін, жоспарлаудың орындалуы туралы есептері басқарушылық нысандарымен қарастырылуы тиіс.

Басқарудың қорытынды кезеңдерінде жоспарлы және нақты көрсеткіштердің ауытқулары анықталады, ауытқулардың түрлері бағаланады (жағымды/жағымсыз). Нәтижесінде, ауытқуларды жою жолдары белгіленеді немесе жоспарлы басқарушылық мәндері түзетіледі. Атап айтқанда, сақтандыру алымдары көлемдерінің басқарушылық көрсеткіштерін азайту жағына қарай түзету туралы шешім, біздің пікірімізше, ең залалды сегменттердегі сақтандыру қоржынын оңтайландырумен байланысты, әдетте, ол автокөлікті сақтандыру сегменті, көлік құралдары иелерінің азаматтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру сегменті болып табылады және осы сегменттердегі залалсыздық ауытқуларының талдауына негізделеді; ал ерікті медициналық сақтандыру бойынша сақтандыру сыйлықақылараның «жетіспеушілігі» клиент-компанияларында медициналық сақтандыру шығыстарын қысқартудың жалпы нарықтық беталысымен байланысты.

Біздің ойымызша, басқарушылық есеп сақтандыру компанияларының сапалы ақпаратқа қатысты қажеттілігін жүзеге асыру үшін арналған, оның негізінде олардың оңтайлы қызмет етуі үшін тиімді басқарушылық-командалық шешімдерді қабылдауға болады, әсіресе жағымсыз нарықтық конъюнктура жағдайларында тиімді болып келеді. Қаржылық әл-ауқаттың маңызды аспектісі – бизнесті объективтік сандық көрсеткіштердің негізінде емес, осы

көрсеткіштердің өзгергіштігін және түрлендіру сипатын ұғыну негізінде басқару қажет.

Басқарушылық есептің маңызды құрамдас бөлігі есеп көрсеткіштікрені құру болып табылады, оларды құру прагматикасы келесі пунктте қарастырылған.

2.2 Сақтандыру компанияларын басқару жүйесіндегі есеп және есептілік

Авторлық пікірге сәйкес, уақытында, тиісті нысанда және кейінгі өңдеу үшін жеткілікті көлемде есептілік деректерін ұсынуға қабілетті есеп жүйесін құру, басқарудың тиімді жүйесін ұйымдастыру кепілі болып табылады.

Есептік ақпарат ағымдағы кезеңде басқарушылық есеп тұжырымдамасында бақылау мен талдауды жүзеге асырудың негізі болып табылады, ал оның аясында құрылатын деректердің ауқымы, кейінгі кезеңдерге жоспарланатын көрсеткіштерді белгілеудің негізі болып табылады. Басқа сөзбен айтқанда, басқарушылық есеп тұжырымдамасындағы есеп кері байланыстың функциясын атқарады, өйткені оның көмегімен басқарушылық есептің тұжырымдамасында жоспарлы көрсеткіштердің нақты мәні туралы ақпарат құрылады, бұл өз кезегінде, жоспарлы көрсеткіштер мен нақты деректердің арасындағы ауытқуларды жедел анықтауға мүмкіндік береді. Жоспарлы үдерістің екінші деңгейінде есептеме нысандары толтырылады. Есептеме нысандары сақтандыру компанияс белсенділігінің нәтижелілігін бағалау құралы болып табылады, өйткені жоспарлы үдерістің деңгейінде қолданылған нысанда, оның белсенділігінің нақты көрсеткіштері туралы мәліметтен тұрады [115].

Біздің ойымызша, есепті орындау туралы есептемелердің нысандары, анық және түсінікті болуы тиіс, ал ақпаратты пайдаланушылардың назары, нақты мәндері жоспарлы мәндерінен ерекшелетін жекелеген көрсеткіштерге бағдарлануы қажет, бұл «ауытқулар бойынша басқару» технологиясын жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Сақтандыру компанияларында жоспарлаудың есептеме көрсеткіштерін құру үшін, біз, қаржы және басқарушылық есеп деректерін пайдалану мүмкіндіктеріне зерттеу жүргіздік. Жоспарларды орындау туралы есептерді құру деректерінің көзі қаржы және басқарушылық есептің ақпараттық қоры болып табылады, өйткені басқарушылық жоспарлау қаржылық және қаржылық емес көрсеткіштерден тұрады. Қаржылық көрсеткіштерге брутто-сыйлықақы мөлшері, брутто-сыйлықасынан аударымдар, сақтандыру төлемдері, комиссиялық сыйақы, қорлар, сақтандыру төлемдеріндегі қайта сақтандырушылардың үлесі, қорлар, суброгация, регресс бойынша түсмдер, суброгация, регресстегі қайта сақтандырушылардың үлесі, сақтандыру сомалары және т.б. туралы ақпарат жатады. Оның көздері, қаржы есебінің және басқарушылық есептің деректері болып табылады. Қазақстан Республикасының қаржы Министрлігі сақтандыру компанияларының қаржы есебінің жүйесін, 2007 жылдың 28 ақпанындағы Қазақстан Республикасының «Бухгалтерлік есеп және қаржы есептілігі туралы» [114] Заңына сәйкес, бухгалтерлік есептің шоттарымен толықтырды және сақтандырудың тікелей шарттары бойынша төлемдер есепке

алынатын қаржылық есептілікті [115], құру үшін бухгалтерлік есеп шоттарында, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүргізетін ұйымдардың, жинақ зейнетақы қорларының, зейнетақы активтерге инвестициялық басқаруды жүргізетін ұйымдардың, сақтандыру ұйымдарының (қайта сақтандыру), сақтандыру брокерлерінің, өзара сақтандыру қоғамдарының арнайы қаржы компанияларының, исламдық арнайы қаржы компанияларының және Қазақстан Республикасының құнды қағаздар нарығындағы кәсіпқой қатысушылардың қаржы есептілігінің элементтерін құндық шамада топтастыру мен ағымдағы кезеңде айқындау үшін арналған.

Сақтандыру шартының талаптарына сәйкес, сақтандыру шартының өз күшіне ену жөніндегі келесілген күнге дейін алынған төлем (сыйлықақы), ақшалай қаражатын есепке алу бойынша 1030, 1011, 1032 шоттарының дебетінде, және төлеу күні «алдын ала төленген сақтандыру сыйлықақылары» шотының кредитінде көрсетіледі; ал сақтандыру шарты өз күшіне енген күні: Дт «алдын ала төленген сақтандыру сыйлықақылары», Кт «Сақтандыру компания қызметтерінен түскен табыс» Кт түрінде көрсетіледі.

18 Кесте – Сақтандыру операциялары бойынша шоттардың корреспонденциясы

Операция атауы	Дебет (Дт)	Кредит (Кт)
2	3	4
Сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру сыйлықақы сомасына, сақтандыру шарты өз күшіне енген күннен бастап	1280.41 «сақтанушылардан алынуға жататын, сақтандыру сыйлықақылары»	6280.40 «Сақтандыру операциялары түріндегі табыстар»
Сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру сыйлықақы сомасына, қайта сақтандыру шарты өз күшіне енген күннен бастап	1280.42 «қайта сақтанушылардан алынуға жататын, сақтандыру сыйлықақылары»	6280.40 «қайта сақтандыруға қабылданған, табыстар түріндегі сыйлықақылары»
Сақтандыру ұйымының есептелген сақтандыру сыйлықақыны нақты алу жағдайында	1010 «ұлттық валютадағы ағымдағы шоттардағы ақша»	1280.41 «сақтанушылардан алынуға жататын сақтандыру сыйлықақылары»
Сақтандыру шарты өз күшіне енбес сақтандыру (қайта сақтандыру) шартына сәйкес сақтанушы (қайта сақтанушы) сақтандыру сыйлықасын алдын ала төлеген жағдайында:		
Алдын ала төленген сақтандыру жарнасының сомасына қатысты сақтандыру сыйлықасына төлем жүргізілген күні	1030 «ұлттық валютадағы ағымдағы шоттардағы ақша», 1011 «кассадағы ұлттық валютадағы қолма-қол ақша»	3510.41 «сақтанушының (қайта сақтанушының) алдын ала төлеген сақтандыру сыйлықақылары»
Сақтандыру (қайта сақтандыру) шарты өз күшіне енген күні:	3510.41 «сақтанушының (қайта сақтанушының) алдын ала төлеген сақтандыру сыйлықақылары»	6280.40 «сақтандыру сыйлықақылары түріндегі табыстар»

18 - кестенің жалғасы		
2	3	4
Сақтандыру шарты мерзімнен бұрын бұзылған жағдайда, шарт талаптарына сәйкес сақтандыру Департаментінің Өкімі бойынша бухгалтерия сақтандыру төлемінің тиісті бөлігін қайтару тәртібін жүргізеді.		
Есептеу кезінде:	6280.40 «сақтандыру сыйлықақылары түріндегі табыстар»	3390.40 «Сақтанушылармен жүргізілетін есеп-айырысулар»
Сақтанушыға нақты қайтару кезінде:	3390.40 «Сақтанушылармен жүргізілетін есеп-айырысулар»	1030 «ұлттық валютадағы ағымдағы шоттардағы ақша», 1011 «кассадағы ұлттық валютадағы қолма-қол ақша»

Сақтандырушы қайта сақтандыру жолымен, сақтанушы алдындағы өзінің барлық міндеттемелерінің немесе өз міндеттемелерінің бір бөлігін орындау тәуекелін, басқару сақтандырушы (қайта сақтандырушы) арқылы өтеуді қамтамасыз ете алады. Қайта сақтандыру шарттары қайта сақтандырушы мен қайта сақтанушының шартымен анықталады. Қайта сақтандыру шарты өз күшіне енген кезеңінен бастап, қайта сақтанушы қайта сақтандырушыға осы шартпен белгіленген сақтандыру сыйлықақысының сомасын төлейді [116].

Кіріс/шығыс қайта сақтандыру шарты бойынша, табыс / шығыстың бір уақытта есептелуімен, қайта сақтандыру шарты бойынша төлеуге жататын / алуға жататын комиссиялық шығыс/табыс есептеледі. Қайта сақтандыру бойынша операциялар 19 кестеде қарастырылған.

19 Кесте – Қайта сақтандыру операциялары бойынша шоттардың корреспонденциясы

Операция атауы	Дебет (Дт)	Кредит (Кт)
1	2	3
Қайта сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру сыйлықақысының сомасына қатысты қайта сақтандыру шарты өз күшіне енген күннен бастап	1280 42 «Қайта сақтанушылардан алуға жататын сақтандыру сыйлықақылары»	Кт 6280 41 «Сақтандыру сыйлықақылары түріндегі табыстар»
Қайта сақтандыру ұйымының есептелген сақтандыру сыйлықақысын нақты алуы	1010 «Кассадағы ақшалай қаражат», 1030 «Ағымдағы шоттардағы ақшалай қаражат»	1280 42 «Қайта сақтанушылардан алуға жататын сақтандыру сыйлықақылары»
Қайта сақтанушының қайта сақтандырушы ұйымына, қайта сақтандыру шартымен белгіленген сақтандыру сыйлықақысының сомасын төлеуі	7470 40 «Қайта сақтандыру қызметімен байланысты шығыстар»	3390 42 «Қайта сақтандырушылармен жүргізілетін есеп айырысулар»;
Нақты төленетін сақтандыру сыйлықақысының сомасына	3390 42 «Қайта сақтандырушылармен жүргізілетін есеп айырысулар»	1010 «Кассадағы ақшалай қаражат», 1030 «Ағымдағы шоттардағы ақшалай қаражат»

19 Кестенің жалғасы		
1	2	3
Қайта сақтандыру ұйымынан комиссиялық сыйақылар түрінде табысты есептеу және/немесе алу	1270 41 «Қайта сақтандыру бойынша есептелген комиссиялық табыстар»	6110 41 «Қайта сақтандыру шарттары бойынша комиссиялық табыстар»;
Ақшаның нақты алынуы	1010 «Кассадағы ақшалай қаражат», 1030 «Ағымдағы шоттардағы ақшалай қаражат»	1270 41 «Қайта сақтандыру бойынша есептелген комиссиялық табыстар»
Қайта сақтандырушы ұйымының комиссиялық сыйақы сомасын қайта сақтанушыға төлеуі	7470 45 «Қайта сақтандыру бойынша комиссиялық сыйақыны төлеу бойынша шығыстары»	3390 43 «Қайта сақтанушылармен жүргізілетін есеп айырысулар»;
Қайта сақтанушының сақтандыру сыйлықақысын алдын ала төлеуі	1030 «Ағымдағы шоттардағы ақшалай қаражат»	3510 41 «Қайта сақтандыру қызметі бойынша алынған алғытөлемдер»;
Қайта сақтанушыға комиссиялық сыйақыны төлеу бойынша қайта сақтандыру ұйымы берешегінің сомасын және есепке алынатын сома бойынша қайта сақтандыру ұйымына сақтандыру сыйлықақысын төлеу бойынша қайта сақтанушының берешегін есепке алу 1) қайта сақтанушымен; 2) қайта сақтандыру ұйымымен	3390 42 «Қайта сақтандырушылармен жүргізілетін есеп айырысулар» 3390 43 «Қайта сақтанушылармен жүргізілетін есеп айырысулар»	1270 41 «Қайта сақтандыру бойынша есептелген комиссиялық табыстар» 1280 42 «Қайта сақтанушылардан алуға жататын сақтандыру сыйлықақылары
Сақтандыру жағдайы басталғанда қайта сақтанушымен жұмсалған шығыстардың, қайта сақтандыру ұйымымен өтелуі	1010 «Кассадағы ақшалай қаражат», 1030 «Ағымдағы шоттардағы ақшалай қаражат»	1280 51 «Жарияланған, бірақ реттелмеген залалдар бойынша қайта сақтандыру активтері»,
Қайта сақтандыру ұйымына сақтандыру сыйлықақысын төлеу бойынша қайта сақтанушы берешегінің сомаларын және есепке алынатын сома бойынша қайта сақтандыру ұйымының сақтандыру төлемі бойынша қайта сақтанушының алдындағы берешегін есепке алу 1) қайта сақтандыру ұйымымен 2) қайта сақтанушымен	3390 43 «Қайта сақтанушылармен жүргізілетін есеп айырысулар»	1280 51 «Жарияланған, бірақ реттелмеген залалдар бойынша қайта сақтандыру активтері», 1280 52 «Қосымша қорлар бойынша қайта сақтандыру активтері»;
Ескерту – Автормен құрастырылған		

Қайта сақтандыруды басқару, ай сайын мүдделі құрылымдық бөлімшелерге ұсынылатын кіріс және шығыс қайта сақтандыру журналдарын жүргізеді.

Қайта сақтандыруды Басқару қаржы тұрақтылығын талдаумен айналысып, контрагенттерді таңдауды (қайта сақтандырушылар, қайта сақтанушылар мен сақтандыру брокерлері).

Қайта сақтандырушы сақтандыру төлеміндегі үлестің берешегін өтемеген жағдайда, бұл берешек жөніндегі құжаттар қайта сақтандыру Басқармасына Заң басқармасына және қауіпсіздік Басқармасына жіберіледі. Қайта сақтандыру Басқармасы, Заң басқармасы мен қауіпсіздік Басқармасының, берешекті қайтару жөніндегі шараларды жүргізу жауапкершілігі ортақ болады.

Сақтанушы алдын ала төлемді жүргізген жағдайда, сақтандыру сыйлықақысының сомасы, алынған, бірақ есептелмеген табыстардың шотында, сақтандыру шарты/полисі өз күшіне ену кезеңіне дейін айқындалады. 20 кестеде сақтанушы сақтандыру сыйлықақы сомаларын алдын ала төлеген жағдайындағы, шоттардың корреспонденциясы келтірілген.

20 Кесте - Сақтанушы сақтандыру сыйлықақы сомаларын алдын ала төлеген жағдайындағы жүргізгендегі шоттардың корреспонденциясы

Операция атауы	Дебет (Дт)	Кредит (Кт)
Алдын ала төленген сақтандыру жарнасының сомасына, сақтандыру сыйлықақысының нақты төленуі	1010 «Кассадағы ақшалай қаражат», 1030 «Ағымдағы шоттардағы ақшалай қаражат»	3510 41 «Сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметі бойынша алынған алғытөлемдер»;
Сақтандыру (қайта сақтандыру) шартының өз күшіне ену күні	3510 41 «Сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметі бойынша алынған алғытөлемдер»	6280 41 «Сақтандыру сыйлықақыларының түріндегі табыстар».
Ескерту – Автормен құрастырылған		

Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес Бас кеңсенің тиісті бөлімшелерімен Андеррайтингтік комитеттің келісім/шешім парағының негізінде, жарнаны бөліп төлеу бойынша сақтандыру шарттарына/полистеріне қол қойылады.

Сақтандыру жөніндегі ірі мәміле, ірі мәмілеге отыру туралы, Директорлар кеңесімен бекітілген шешімінің негізінде және алдын ала шартқа отыру негізінде қабылданған актуарий арқылы жүзеге асырылады. Мұнда, сақтандырудың жеке шарты бойынша Қоғамның қаражатты ұстап қалудың ең жоғары мөлшері, төлемқабілетілік маржасының нақты мөлшерінен аспауы тиіс.

Егер сақтандырудың жеке жасалған шарты бойынша сақтандыру сомасы, немесе қайта сақтандырудың жеке шарты бойынша міндеттемелердің қабылданған көлемі, сақтандыру қорларындағы қайта сақтандырушының үлесі болып табылатын активтерді шегергендегі, сақтандыру ұйымының активтер сомасының 25 пайызынан артық болған жағдайда, сақтандыру (қайта сақтандыру) жөніндегі мәміле, ірі мәміле ретінде танылады.

Сақтанушы алдында өзінің барлық міндеттемелерін немесе өз міндеттемелерінің бір бөлігін орындау тәуекелін қамтамасыз ету үшін, Қоғам қайта сақтандыру шартына отырады. Шарт / полис өз күшіне енген кезде, Қоғам, қайта сақтандырушыға төленетін сақтандыру сыйлықақы сомасына жұмсалатын шығыстарды, және қайта сақтандырушыдан тиісті комиссиялық сыйақы сомасына қатысты табысты есептейді.

Делдалдың қатысуы жағдайындағы операцияларды айқындау үшін, 3390 41 «Сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметі бойынша делдалдармен жүргізілетін есеп айырысулар» шоты қолданылады (21 кесте).

Сақтандыру жағдайы басталғанда сақтандыру шартының/полистің талаптарына сәйкес немесе Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес, Қоғам сақтандыру сыйлықақысын төлеу бойынша сақтанушы берешегінің сомасына азайтылған сақтандыру төлемін жүзеге асырады.

21 Кесте – Сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметінің делдалдарымен есеп айырысу кезінде шоттарды корреспонденциясы.

Операция атауы	Дебет (Дт)	Кредит (Кт)
Сақтандыру агентіне немесе сақтандыру брокеріне есептелген комиссиялық сыйақы сомасы бойынша комиссиялық сыйақыны алдын ала төлеу	1610 01 «Берілген қысқамерзімді алғытөлемдер (жеке қосалқы шот)»	1010 «Кассадағы ақшалай қаражат», 1030 «Ағымдағы шоттардағы ақшалай қаражат»;
Есептелген шығыстардың сомасына, шығыстардың шоттарына комиссиялық сыйақыны жатқызу	7470 48 «Сақтандыру брокерлерінің қызметтерін төлеу бойынша шығыстар» (жеке қосалқы шот)	1610 01 «Берілген қысқамерзімді алғытөлемдер (жеке қосалқы шот)»
Есептелген комиссиялық сыйақы сомасына, сақтандыру агенті мен сақтандыру брокерінің қызметтері үшін комиссиялық сыйақыны есептеу	7470 48 «Сақтандыру брокерлерінің қызметтерін төлеу бойынша шығыстар» (жеке қосалқы шот)	3390 41 «Сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметінің делдалдарымен жүргізілетін есеп айырысулар»;
Комиссиялық сыйақыны нақты төлеу	3390 41 «Сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметінің делдалдарымен жүргізілетін есеп айырысулар»	1010 «Кассадағы ақшалай қаражат», 1030 «Ағымдағы шоттардағы ақшалай қаражат».

Сақтандыру төлемдері. Сақтандыру жағдайы, сақтандыру шартымен (ерікті сақтандыру жағдайында) немесе заңмен (міндетті сақтандыру жағдайында) қарастырылған, болып өткен оқиға болып табылады, сақтандыру жағдайының басталуымен, сақтандырушының сақтанушыға, сақтандырылған тұлға пайда алушыға немесе өзге де үшінші тұлғаға сақтандыру төлемін жүргізу міндеті туындайды. Сақтандыру тәуекелі ретінде қарастырылатын оқиғаның,

ықтималдылық және кездейсоқтық белгілері болуы тиіс. Мүлікпен байланысты сақтандыру жағдайында, сақтандыру төлемі сақтандыру өтемі түрінде, ал сақтанушының тұлғасы немесе үшінші тұлғамен байланысты сақтандыру жағдайында – сақтандыруды қамтамасыз ету түрінде жүзеге асырылады [117].

Сақтандыру ұйымы сақтанушыға (пайда алушы) сақтандыру төлемін төлеген кезінде, келесідей бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады (22 кесте).

22 Кесте – Сақтанушыға төлемді төлеу кезіндегі шоттардың корреспонденциясы

Операция атауы	Дебет (Дт)	Кредит (Кт)
Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру төлемінің сомасын есептеу	3390 52 «Жарияланған, бірақ реттелмеген залалдардың қоры», 3390 53 «Қосымша қорлар» 7470 41 «Сақтандыру жөніндегі сақтандыру төлемдерін жүргізу бойынша шығыстар»	3390 44 «Сақтанушылармен жүргізілетін есеп айырысулар», 1280 41 «Сақтанушылардан алынуға жататын сақтандыру сыйлықақылары»; бір уақытта, осы сома бойынша: 7440 45 «Жарияланған, бірақ реттелмеген залалдардың қорын құру бойынша шығыстар», 7440 46 «Қосымша қорларды құру бойынша шығыстар»;
Сақтанушыға (пайда алушы) төлем сомасы бойынша нақты сақтандыру төлемін төлеу	3390 44 «Сақтанушылармен жүргізілетін есеп айырысулар»	1010 «Кассадағы ақшалай қаражат», 1030 «Ағымдағы шоттардағы ақшалай қаражат»;

2007 жылды 28 ақпанындағы Қазақстан Республикасының «Бухгалтерлік есеп және қаржы есептілігі туралы» Заңына сәйкес, бухгалтерлік есептің келесідей негізгі міндеттері бар [118]:

– бухгалтерлік есеп пен қаржы есептілігінің міндеттері, мүдделі тұлғаларды жеке кәсіпкерлер мен ұйымдардың қаржы жағдайы, қызмет нәтижелері мен қаржы жағдайындағы өзгерістер туралы толық және сенімді ақпаратпен қамтамасыз ету болып табылады;

– ХҚЕС (IFRS) 4, Кеңес сақтандыру шарттары бойынша өз жобасының екінші сатысын аяқтамаған кезеңге дейін, сақтандыру шарттарын (қазіргі таңда, сақтандырушы ХҚЕС (IFRS) деп аталатын) шығарумен айналысатын кәсіпорындардың өз қаржы есептілігінде сақтандыру шарттарын ұсынуға қойылатын талаптардың сипаттамасы болып табылады. Атап айтқанда, ХҚЕС (IFRS) 4 келесідей әрекеттерді орындауды талап етеді:

– сақтандырушының сақтандыру шарттарына қатысты есеп тәртібін шектелген түрде жетілдіруді;

– сақтандыру шарттарына байланысты туындайтын, сақтандырушының қаржы есептілігіндегі сомаларды анықтайтын және түсіндіретін, осы қаржы есептілігін пайдаланушыларға, сақтандыру шарттары бойынша болашақ ақшалай қаражат ағынының мөлшерін, уақыт ішінде үлестірілуін және белгісіздігін ұғынуға көмек беретін ақпаратты ашу [119,120,236.].

Сақтандыру операцияларының қаржы есебі ойланып іске асырылған аналитикасымен ерекшеленеді, бірақ толық, заңнамалық деңгейде бекітілген аналитика, біздің ойымызша, сақтандыру компанияларының қажетті толық ақпаратқа қатысты қажеттілігін қанағаттандырмайды. Осыған орай, қаржы көрсеткіштерінің тізімінде көптеген қаржылық емес көрсеткіштер бар [121,56.].

Біз қаржы көрсеткіштерінің көздері туралы ақпаратты жинақтадық. Сақтандыру компаниясының жеке қаржылық жоспарлаудың орындалғаны туралы есептерді құру мақсатында нақты деректерді алу көздері туралы жиынтық ақпарат 23 кестеде көрсетілген.

Кесте 23 – сақтандыру компанияның жеке қаржылық жоспарын орындау туралы есептілікті құрастыру үшін нақтылы деректерді алу көздері туралы ақпарат

Сақтандырудың қызмет көрсетуде сатуды жоспарлау	Жоспарлауды орындау туралы есептілік	Қаржылық есеп
		Басқару есебінің ақпараттық базасы
Сақтандыру төлемдерін жоспарлау	Жоспарлауды орындау туралы есептілік	Қаржылық есеп Басқару есебінің ақпараттық базасы
Қайтасақтандыруды жоспарлау	Жоспарлауды орындау туралы есептілік	Қаржылық есеп Басқару есебінің ақпараттық базасы
Сақтандыру резервтерін жоспарлау	Жоспарлауды орындау туралы есептілік	Қаржылық есеп Басқару есебінің ақпараттық базасы
Бонустық сыйақыны жоспарлау	Жоспарлауды орындау туралы есептілік	Қаржылық есеп Басқару есебінің ақпараттық базасы
Сақтандыру операцияларында тікелей шығындарын жоспарлау	Жоспарлауды орындау туралы есептілік	Қаржылық есеп Басқару есебінің ақпараттық базасы
Сақтандыру операцияларында жанама шығындарды жоспарлау	Жоспарлауды орындау туралы есептілік	Қаржылық есеп Басқару есебінің ақпараттық базасы
Басқару шығындарын жоспарлау	Жоспарлауды орындау туралы есептілік	Қаржылық есеп Басқару есебінің ақпараттық базасы
Коммерциялық шығындарын жоспарлау	Жоспарлауды орындау туралы есептілік	Қаржылық есеп Басқару есебінің ақпараттық базасы
Инвестицияларды жоспарлау	Жоспарлауды орындау туралы есептілік	Қаржылық есеп Басқару есебінің ақпараттық базасы
Суброгация және регресті жоспарлау	Жоспарлауды орындау туралы есептілік	Қаржылық есеп Басқару есебінің ақпараттық базасы
Ескерту - Автормен құрастырылған		

Қаржылық емес көрсеткіштер қаржы есебінің құралдарымен сәйкестендірілмейді, олардың көздері, қолданбалы ақпараттық бағдарламаларының есеп тізіліміндегі жүйеден тыс тәсілмен құрылатын басқарушылық есептің деректері болып табылады. Қаржылық емес көрсеткіштерге: сақтандыру, қайта сақтандыру шарттарының саны туралы мәліметтер және т.б. Қаржылық емес және бірқатар қаржылық көрсеткіштердің дереккөздерінің жүйеден тыс сипаты, оларды алу, өлшеу мен пайдаланудың еңбексыйымдылығымен шартталады және мұндағы бірінші міндет, біздің пікірімізше, қажеті мазмұны бар, жете талдауының қолайлы деңгейі, жеделділіктің жоғары дәрежесі мен максималды анықтығы бар сенімді ақпарат көзіне айналуы тиіс бағдарламалық өнімдер арқылы сақтандыру компаниясының басқарушылық есебін автоматтандыру болып табылады. Басқарушылық есепті автоматтандыру мәселесі, әдетте, тәжірибеде, сақтандыру компанияларының мамандандырылған бөлімшелерімен, атап айтқанда, мамандары нақты уақыт аралығында өзекті болып келетін ақпаратқа деген қажеттіліктерге негізделі отырып, қаржы есебін автоматтандыру үшін қолданылатын бағдарламалық өнімдерді соңына дейін жетілдіретін ақпараттық технологиялар бөлімінің күшімен шешіледі [122,24б.].

Осылайша, жоспарлаудың орындалуы туралы есептерді құрудың ақпараттық қорын қаржылық және қаржылық емес көрсеткіштер құрады, олардың көзі қаржы және басқарушылық есептің тұжырымдамасы болып табылады. Мұндай тәсілдеме қаржы және басқарушылық есептің өзара байланысының механизмі ретінде қаржы доктринасын қарастыру мүмкіндігін анықтайды. Сақтандыру компанияларының тәжірибесінде қаржы жүйесі қаржы есебінің жүйелерімен өзара әрекеттестікке түседі, осылайша, белгіленген көрсеткіштердің орындалуын бақылауға мүмкіндік беретін бақылау функциясымен қатар, қаржы және басқарушылық есебін өзара үйлестіреді. Жоспарлаудың орындалуы туралы есептерді құру үшін, деректер, негізінде, қаржы есебінің жүйесінен алынады, сонымен, қаржы және басқарушылық есеп жүйелері әрекеттеседі. Қаржы есебі «өз тәртібімен» жүргізілетіндіктен, және оның қарқынын түрлендіру күрделі болғандықтан, сәйкесінше, жоспарлаудың талдамалы сатысында алынған деректердің негізінде қабылданатын шешімдердің мерзімділігі, әдетте, қаржы есептілігін құру мерзімділігіне сәйкес келеді. Бұл жағдайда, келесідей жүйелілік пайда болады:

«Қаржылық есеп беру - басқару». Бухгалтерлік есептілік есептік жұмыстың қорытынды сатысы ретінде көпшілік мақұлдаған тәртіпте құрылады. Осындай байланыста, нақты көрсеткіштің жоспарлы көрсеткіштен ауытқуы, нақты мәннен жоспарлы мәнді шегеру арқылы анықталады. Мысалы, 2015 ж. арналған сақтандыру төлемдерінің жоспарлы мөлшері 100 000 теңге, оның дәл осы кезеңдегі нақты мәні – 120 000 теңгені құрайды. Жоспарлы көрсеткіштің нақты көрсеткіштен ауытқуы 20 000 теңгені құрайды және келесідей жолымен есептеледі: $\Delta = 120\ 000\ \text{теңге} - 100\ 000\ \text{теңге}$.

Мұндай жағдайда, жоспарлаудың қолданбалы мәні жоғалады, өйткені жоспарлаудың тұжырымдамасы белгіленген көрсеткіштерді орындау туралы

ақпарат көзіне ғана айналады. Ал шешімдерді қабылдау үшін мәліметтерді алу жеделділігіне қатысты қажеттілік орындалмаған болып қалады. Мұнда, біздің пікірімізше, жоспарлау тұжырымдамасының деректеріне негізделген басқарушылық шешімдерді қабылдаудағы белгілі бір уақыттылық туралы, тек шарттылықтың елеулі үлесімен ғана айтуға болады. Бірақ, шешімдерді қабылдау жұмысы үздіксіз, ол қаржы-экономикалық субъектінің, белгілі бір кезеңге байланыстыру күрделі болып келетін ішкі және сыртқы орта өзгерістеріне қатысты назарын көрсетеді (бухгалтерлік есептілікті құру кезеңінде), сондықтан сақтандыру компанияларының тәжірибесінде кері жүйелілік болуы тиіс:

«Басқару – қаржылық есептілігі». Бұл жүйелілікті жоспарлау тұжырымдамасын бухгалтерлік есептілікті құру құралы ретінде пайдалана отырып жүзеге асыруға болады: кезеңнің басына дейін белгіленген сақтандыру көрсеткіштерінің нормативтері, белгіленген кезеңде ұйым белсенділігінің бағдара бола отырып, есептілікті құру бойынша нақты көрсеткіштер ретінде қарастырылуы тиіс. Бұл жағдайда, басқару шешімдерін іскерлікпен қабылдай отырып, нақты көрсеткіштерді жоспарлы көрсеткіштерге сәйкестендіруге болады. Басқа сөзбен айтқанда, жоспарланатын жоспарлы көрсеткіштер, жоспарлы және нақты көрсеткіштердің ауытқуларын тіркеу және «алдын ала белгіленген нақты» жоспарлы көрсеткіштерді қайта есептеу арқылы нақты деректерді алуға бағдарлануы тиіс. Сонымен, авторлық түсінікке сәйкес, бухгалтерлік есептілік, жоспарларды құру сатысында құрылып, ауытқулар тіркелгеннен кейін түзетіледі. Нақты көрсеткіштердің жоспарлы көрсеткіштерден ауытқуы, сақтандыру компаниясының қаржы белсенділігінің барысында туындаған міндеттемелрдің бар болуын білдіреді, бұл ауытқуларды жою бойынша менеджерлердің жедел араласуын талап етеді. Бағдарламалық қамсыздандырудың тиісті деңгейінде, бағдарламалық өнімді келесі сызба бойынша пайдалану арқылы ауытқуларды тіркеуге болады: сақтандыру көрсеткіштерінің нормативтері, бағдарламалық өнімге енгізіледі, ол нақты деректерді енгізудің үздіксіз зерттемесін қамтамасыз етеді, оның салдары ретінде, жүйе жедел түрде, ауытқулар туралы сигнал беріп, оларды тіркеп, есепке алады.

Сақтандыру компаниялардың басқарушылық жүйесінің жалпы жоспарлары болады, ол жоспарлардың нысандары бухгалтерлік есептіліктің сәйкестендірілген нысандарына сәйкес келеді, тиісінше, заң жүзінде төлемқабілеттілік пен қаржы тұрақтылығына белгіленген талаптарды ескере отырып жоспарлы есептілікті құру, басқарушылық көрсеткіштердің жоспарлы көрсеткіштерден ауытқуларын тіркеу, тізбекті (байланысты) жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

«Басқару – қаржылық есептілігі». Осындай тізбек кезінде, есеп көрсеткішінің нақты мәні, жоспарлы мән ауытқуды қосу/шегеру ретінде анықталады. 2015 ж. сақтандыру төлемдерінің жоспарлы мөлшері 100 000 теңгені құрайды, сол сияқты ол есептілікте көрсетілетін, «алдын ала белгіленген» жоспарлы көрсеткіш болып табылады. Тиісті кезеңде жоспарлы көрсеткіштің нақты көрсеткіштен ауытқуы 20 000 теңгеге тең. Бұл жағдайда,

есеп доктринасының міндеті, ауытқуларды уақытында тіркеу болып табылады, ал сақтандыру төлемдерінің нақты мәні келесідей есептеледі: 100 000 теңге + 20 000 теңге = 120 000 теңге.

Анықталған ауытқуларды ескере отырып, жоспарлы көрсеткіштерді қайта есептеу жұмысы еңбек сыйымды болғандықтан, бұл қаржы-экономикалық субъектілердің «Басқару - қаржылық есептілігі» тізбегін тәжірибеге енгізу жолында кедергі келтіруі мүмкін. Осы тұрғыдан, сақтандыру компанияларының бірқатар артықшылықтары бар, өйткені сақтандыру көрсеткіштерін есептеу, алгоритмдеудің жоғары деңгейімен сипатталады, сәйкесінше, белгілі бағдарламалық өнімдер түрінде тиісті техникалық мүмкіндіктің бар болуы жағдайында да жоспарлы көрсеткіштерді қайта есептеу тәртібі аса ауыртпашылық келтірмейді. Жоспарлы шамалардан ауытқуларды тіркеу арқылы бухгалтерлік есептілікті құруға қатысты мұндай тәсілдеме, болашақта ақталады деген ойдамыз.

Сонымен қатар, басқару мақсаттары мен есептілікті құру үшін кез келген сақтандыру компаниясының қызмет ету ерекшелігіне қарамастан, жүйелі тәсілдемені пайдалану қажет.

Тұжырымдамалық тәсілдеменің мәні, басқарушылық есептің объектілерін құру және оларды бағалау кезінде, сол сияқты әр түрлі деңгейдегі басқарушылық есептілік пен бюджеттерде көрсетілетін көрсеткіштердің жүйесін құру кезінде қолданылатын бастапқы ережелердің біртұтастығын білдіреді.

Басқарушылық есептілікті құру кезінде әрбір сақтандыру компаниясы басқарушылық есептіліктің мазмұны бойынша, оны пайдалану бағыттары бойынша регламенттерді және оны құру үшін қажетті ақпараттық қорды әзірлеуі қажет.

Басқарушылық есептіліктің негізгі мақсаты, ұйым қызметінің нақты нәтижелерінің болжалды немесе болжалды нәтижелеріне сәйкестігі туралы ақпаратпен қамтамасыз ету болып табылады.

Сонымен қатар, ол басқарушылық шешімдердің орындалу дәрежесін анықтау үшін қажет. Осыған орай, басқарушылық есептілікте, ең алдымен, сақтандыру компаниясының белгіленген нақты мақсаттарын жоғары деңгейде көрсете алатын көрсеткіштер айқындалады.

Ұйымның қызмет ету мақсаттары нақты анықталып, сан жағынан айқындалуы тиіс, олай болмаған жағдайда, олардың жүзеге асырылуына жүргізілетін бақылау, шартты сипатқа ие болады.

Сақтандыру компаниясының мақсатты бағдарларын орындау туралы ақпарат, ең алдымен, жоғары деңгейдің менеджеріне ұсынылады. Мұнда, басқарушылық шешімдерді әзірлеуде, бүкіл компания бойынша, оның ішінде филиалдық желі бойынша, жауапкершілік орталықтары бойынша болашақ кезеңдерде қалыптастырылуы тиіс белгілі бір жорамалдар болуы мүмкін.

Мақсаттар мен жоспарларды әзірлеуде белгіленген жорамалдар, анық тұжырымдалуы тиіс, ал ұйымның қызмет ету үдерісінде басқарушылық есеп объектілерінің жағдайына үздіксіз бақылау жасау қажет, оларды әзірлеуде жорамалдар қолданылған.

Басқарушылық шешімдердің орындалуын бағалау үшін қолданылатын бұл тәсілдеме, олардың негізділігіне бақылау жүргізуге, жорамалдарды, сәйкесінше жоспарларды түзетуге мүмкіндік береді.

Басқарушылық есептілік сақтандыру сыйлықақысы, сақтандыру төлемдері, сату арналары, істі жүргізу үшін жұмсалатын шығыстар, сақтандыру қоржынының құрылымы, пайдалылықтың деңгейі, сақтандыру қорларын құру нормативтерін сақтау және т.б. көрсеткіштермен сипатталатын, сақтандыру компаниясының ағымдағы қызметін бақылау үшін қажет [123,15б.].

Сақтандыру компаниясының менеджері үшін, жалпы ұйым бойынша белгіленген мақсаттарды орындау көрсеткіштерінің мәні ерекше болып келеді. Сондықтан, басқарушылық есептіліктің тұжырымдамасында басқарудың әрбір кезеңі бойынша есеп деректерін құру тәртіптерінің жүйелілігі қарастырылған.

Мұндай әдіснамалық тәсілдемеге сәйкес, филиалдық желі деңгейінде қабылданатын жедел басқарушылық шешімдер, осы буынның есептілігінде жоғары деңгейде көрсетіледі.

Басқарудың жоғары деңгейлеріне қарай ақпараттың көлемі азаяды, ал қабылданатын басқарушылық шешімдердің маңыздылығы ұлғаяды, осыған орай, басқарудың тактикалық деңгейі үшін құрылатын басқарушылық есептіліктегі бастапқы деректердің сипаты өзгереді.

Басқарушылық есептіліктің мазмұны бойынша, басқарудың әр түрлі деңгейлерінде басқарушылық есептілікті құру үшін қойылатын бірыңғай талаптардың сақталуы бойынша, бірқатар сақтандыру компанияларына жүргізілген зерттеу, келесідей кемшіліктерді анықтауға мүмкіндік берді:

– есептілікте сақтандыру компаниясының филиалдары, агенттіктері және өзге де құрылымдық бөлішелерінің қызметі туралы артық ақпарат бар (бұл мәліметтер ұйымды басқарудың кейінгі деңгейлерінде қолданылмайды);

– сақтандыру компаниясының жекелеген құрылымдық бөлімдерінің есептілігіндегі жинақталған мәліметтер, негізінде, сату көлемі – сақтандыру сыйлықақылары және істі жүргізуге жұмсалған шығыстар сияқты көрсеткіштер арқылы дайындалады, яғни сақтандыру компаниясының филиалдары, өкілдіктері және басқа да бөлімдерінің қызметіндегі, өзге де маңызды көрсеткіштер бойынша бастапқы деректер жеткіліксіз (бөлшек және корпоративтік сату және белгіленген бағыттар мен түрлері бойынша шарттардың саны; сақтандыру төлемдерінің мерзімдерін сақтау және т.б.);

– басқарудың жедел деңгейіндегі есептілік, көрсеткіштердің маңыздылығына қарамастан, көптеген көрсеткіштер бойынша құрылады, осыған орай, осы құрылымдық бөлім жұмсының тиімділігін арттыруға бағытталған басқарушылық шешімдерді талдау мен әзірлеу үшін, аталған мәліметтерді пайдалану аса күрделі үдеріс болып табылады;

– анық әзірленген сызбалардың, жолданым иелерінің және басқарушылық есептіліктің тиісті нысандарының жоқтығы, бұл есептілікке ешқандай қатысы жоқ және әкімшілік міндеттердің орындалуына жауап бермейтін персоналға келіп түсуіне әкеліп соғады.

Тиісті деңгейдің басқарушылық есептілігіне қойылатын талаптар, есептердің мазмұнын анықтайды. Сонымен, бастапқы деректердің мазмұнына қарай кешенді; тақырыптық, талдамалы есептер ажыратылады; басқару деңгейлеріне қарай, шығыстар орталықтары, табыстар орталықтары, пайда орталықтары, инвестициялар орталықтары бойынша есептер құрылады; ақпараттың көлеміне қарай басқарушылық есептілік, жиынтық, қорытынды және жалпы есептілік болып ажыратылады.

Кешенді есептер жалпы, сақтандыру компаниясының Бас кеңсесі бойынша және оның Қазақстан Республикасындағы филиалы бойынша құрылады. Оларды ұсыну мерзімдері алдын ала белгіленеді, мерзімділігі, әдетте, сақтандыру ұйымының ай, тоқсан немесе өзге де есеп беру кезеңі ішіндегі жұмыстың қорытындысымен байланысты.

Кешенді есептерде сақтандыру ұйымының көрсеткіштері айқындалады, жалпы, ол жауапкершілік орталықтары бойынша табыстар мен шығыстар, ақшалай қаражаттың қозғалысы, қызметтің нәтижелері. Әрине, кешенді есептердегі ақпарат, белгілі бір дәрежеде, қаржы есептілігіндегі ақпаратымен ұқсас болуы мүмкін.

Басқарушылық есептіліктің құрамында тақырыптық есептердің мәні зор. Онда, әдетте, сақтандырудың жекелеген түрлері бойынша ақпарат көрсетіледі, яғни, сақтандыру өнімдерін бөлшек және корпоративтік сату, сақтандыру төлемдері, істі жүргізу үшін жұмсалатын шығыстар және т.б. Бұл есептердің деректері, Қазақстан Республикасындағы сақтандыру ұйымдарының қызмет етуінің негізгі көрсеткіштері бойынша, басқарушылық шешімдерді дайындауға мүмкіндік береді.

Талдамалы есептер, сақтандыру қызметінің жекелеген аспектілерін ашуға, оларға талдау жүргізуге және сақтандыру операцияларынан туындайтын нәтижелерді анықтауға мүмкіндік беретін ақпараттың жиынтығы.

Талдамалы есептерге сақтандырудың жеке түрлері бойынша сату жағдайлары, сату арналары туралы, сақтандыру шарттары мен сақтандыру жағдайларының саны туралы, төлемдер мерзімін сақтау туралы жедел ақпараттың негізінде алынған есептер жатқызылуы мүмкін.

Талдамалы есептер, әдетте, басқарушылық есептіліктің ақпараттық қорын кеңейтеді және сақтандыру ұйымының және оның Қазақстан Республикасындағы филиалдық желісінің қызмет ету тиімділігіне ықпал ететін факторларды анықтауға мүмкіндік береді.

Басқарудың деңгейлеріне қарай есептілік, табыстар орталықтары бойынша (сақтандыру сыйлықақылары), шығыстар орталықтары бойынша (сақтандыру төлемдері, істі жүргізу үшін жұмсалатын шығыстар), пайда орталықтары, инвестициялар орталықтары бойынша ажыратылады. Есептілікті құрудың мұндай тәсілдемесі, жауапкершіліктің саласы нақты анықталған және шығыстардың әрбір бабына, сақтандыру жарнасына қатысты менеджерлердің жауапкершілігі нақтыланатын ірі сақтандыру компаниялары үшін тән болып келеді.

Сақтандыру компанияларының ұйымдастырушылық құрылымы, кәсіпорын ішіндегі жауапкершілік желілерімен байланысты әр түрлі жауапкершілік орталықтарының жиынтығын білдіреді[124,4б.].

Осылайша, шығыстар мен нәтижелер туралы ақпаратты айқындау, жинау, талдау, нәтижесінде құру, сонымен қатар құрылымдық бөлімшелер, филиалдар, бөлімдер қызметінің, сол сияқты нақты менеджерлердің нәтижелерін бағалау мен бақылау жүйесі, жауапкершілік орталықтары бойынша табыстар мен шығыстардың басқарушылық есебін айқындайды.

Мәліметтердің көлеміне қарай, Қазақстан Республикасындағы сақтандыру компанияларының филиалдық желілерінің басқарушылық есептері, ақпар, қорытынды есеп пен жалпы есеп болып ажыратылады.

Ақпар – бұл, қысқа уақыт аралығында бөлімше қызметінің жекелеген көрсеткіштері туралы қысқа мәліметтердің жиынтығы. Ол әр түрлі кезеңде дайындалуы мүмкін (бір күннен бірнеше күнге дейін).

Басқарушылық есептің мұндай түрінің ақпараттық қоры жедел есеп болып табылады.

Бастапқы құжаттарды уақытында ресімдеу мен топтастырудың есебінен, жедел есептің дұрыстығына (сенімділігіне) қол жеткізуге болады. Осыған орай, ақпарды дайындау кезінде, тиісті басқарушылық буынның менеджерлері, қолданылатын деректердің анықтығы үшін жауапты болады. Қорытынды есептерде осы жауапкершілік орталығының бақыланатын көрсеткіштері туралы ақпарат жинақталады.

Әдетте, Қазақстан Республикасында, мұндай есептердің дайындаудың есепті кезеңі бір ай болып табылады, бірақ жоғары басқарушылық буынмен белгіленген басқа да мерзімдер болуы мүмкін. Жалпы есептерде, сақтандыру компаниясының әлеуметтік бағдарланған қызметінің белгіленген мақсаттарына сәйкес келетін әр түрлі көрсеткіштер бойынша ұйым қызметінің нәтижелері туралы ақпараттан тұрады.

Талдау көрсеткендей, ақпараттың нақтылығы, ең алдымен, басқарушылық есептіліктің қандай деңгейде дайындалатындығына, және есепті деректер мен көрсеткіштерді толық және дұрыс түсініп, қабылдау мақсатында, орындаушының назары қандай мәліметтер мен көрсеткіштерге аударылатындығына байланысты болады.

Басқарушылық есептерді нақты сақтандыру компаниясы үшін бекітілген стандарттық пішімге сәйкес әзірлеу, басқарудың әр түрлі деңгейлерінде оларды пайдалануды жеңілдетеді[125,164б.].

Қазақстан Республикасында сақтандыру компаниясының филиалдары мен өзге де құрылымдық бөлімшелерінің басқарушылық есептілікті құру бойынша қолданыстағы тәжірибеге жүргізілген зерттеу, есептердегі көрсеткіштерді нақтылау және топтастыру қажеттілігін анықтады.

Сонымен, бірінші топқа сақтандыру компаниясының құрылымдық бөлімшесінің қызметін сипаттайтын көрсеткіштер кіреді:

- сақтандыру түрлері бойынша сақтандыру сыйлықақыларының құрылымы, оның ішінде, алдағы өткен кезеңмен салыстырғанда, есепті кезеңдегі бөлшек және корпоративтік сақтандыру;
- алдағы өткен кезеңмен салыстырғанда, есепті кезеңдегі сақтандыру түрлері бойынша сақтандыру төлемдерінің құрылымы;
- бас ұйыммен белгіленген табыстар мен шығыстардың операциялық бюджеттерін орындау;
- сақтандыру түрлері бойынша жаңа сақтандыру өнімдерін меңгеру;
- есепті кезеңде сақтандыру өнімдерін сату арналарын кеңейту;
- сақтандыру түрлері бойынша шарттардың жалпы саны, оның ішінде жеке (бөлшек сақтандыру) және заңды тұлғалармен (корпоративтік сақтандыру) жасалған шарттардың саны;
- сақтандыру түрлері бойынша, есепті кезеңде жасалған жаңа шарттардың саны, шарттардың жалпы санындағы олардың үлесі;
- есепті кезеңде ұзартылған, сақтандыру түрлері бойынша жасалған шарттардың саны, шарттардың жалпы санындағы үлесі;
- сақтандыру түрлері бойынша есепті кезеңде бұзылған шарттардың саны, қайта жасалған шарттардың жалпы санындағы үлесі;
- есепті кезеңде сақтандыру шарттарына отырған кезде анықталған бұзушылықтардың саны (сақтандыру сомасының мөлшері бойынша лимит шегінен шығу).

Көрсеткіштердің екінші тобы филиал қызметінің тиімділігін сипаттау үшін қолданылады. Мұндай көрсеткіштерге келесі аталғандарды жатқызуға болады:

- нақты бөлімше бойынша сақтандыру сыйлықақылары, сақтандыру төлемдері, істі жүргізу үшін жұмсалатын шығыстар, сақтандыру шарттарының саны және жалпы, сақтандыру ұйымының ұқсас көрсеткіштерімен арақатынасы;
- жеке филиал бойынша пайдалылық деңгейі мен жалпы, сақтандыру ұйымының ұқсас көрсеткіштерімен арақатынасы;
- есепті кезеңдегі алдағы өткен кезеңмен салыстырғанда, сақтандыру түрлері бойынша бір шарт бойынша сақтандыру сыйлықақысының сомасы;
- есепті кезеңдегі алдағы өткен кезеңмен салыстырғанда, сақтандыру түрлері бойынша бір шарт бойынша сақтандыру төлемдерінің сомасы;
- сот тәртібінде өндірілген сақтандыру төлемдерінің пайызы мен сомалары.

Есептіліктің ұсынудың оңтайлы мерзімдері, ақпараттың мақсаты мен шешімді қабылдау мүмкіндігіне, яғни басқаруда есептерді пайдалануды анықтайтын факторларға тікелей байланысты болады. Мерзімді есептерді ұсыну жиілігі, ең алдымен, ақпарат, жедел басқарушылық шешімдерді қабылдау үшін өзекті және пайдалы болып саналатын кезеңімен анықталады.

Ұйым қызметінің әр түрлі параметрлері бойынша анықталған ауытқулар туралы есептерге жүргізілген талдау көрсеткендей, ауытқулар туралы, олардың туындауына кінәлі тұлғалар мен себептері туралы мәліметтер, әдетте, 10-15 күнге кешіктіріледі, бұл ақпараттың пайдалылығын төмендетеді (бұл жағдайда есептерді құру тек бастапқы деректердің артық болуына әкеліп соғады).

Басқарушылық есептілік мәліметтерінің терең талдауы, жоғары басқарушылық буынның персоналы үшін жүргізіледі. Оның нәтижесінде, Қазақстан Республикасында сақтандыру компанияларымен белгіленген мақсаттарды орындауға ықпал ететін факторлар белгіленеді. Басқарудың осы кезеңінде, басқарушылық есеп жүйесіндегі қаржы көрсеткіштерінің талдауына және жоспарлардың орындалуына жүргізілетін талдауға ерекше көңіл бөлінеді.

Басқарушылық есептіліктің құрудың қорытынды кезеңі есептердің барлық нысандары бойынша деректерді біріктіру болып табылады. Жоғары деңгейдегі жиынтық басқарушылық есептілікті құрудағы маңызды мәселелердің бірі, бас кеңеснің есептерін, сол сияқты, оның құрылымдық бөлімшелерімен ұсынылған есептерді жинақтау болып табылады.

Есептілікті құрудың маңызды қағидаларының бірі басқару деңгейлері бойынша көп сатылы есептілік қағидасы немесе «иерархиялық» қағида болып табылады.

Есептіліктің «иерархиялық» қағидасы, менеджер дәрежесінің жоғарлауына қарай, оған ұсынылатын есептердің қысқа болуын қарастырады, 24 кестеде қарастырылған.

Кесте 24- Сақтандыру компаниясының басқару есеп-қисабын ұсыну

1-ші деңгей	Сақтандыру компаниясының Президентіне ай сайынғы есеп-қисап		Сақтандыру компаниясының Бас жетекшісіне ай сайынғы есеп-қисап	
2-ші деңгей	сақтандыру компаниясы бойынша вице-президентке есеп-қисап	маркетинг бойынша вице-президентке есеп-қисап	Сақтандыру компанияның бас жетекшісінің орынбасарының есеп-қисабы	Маркетинг бойынша бас жетекші орынбасарының есеп-қисабы
3-ші деңгей	Сақтандыру компанияның акционерлік қоғам менеджерлерінің есеп-қисабы	Аймақтық менеджерлердің есеп-қисабы	Филиалдар менеджерлерінің есеп-қисабы	Аймақтар бойынша менеджерлердің есеп-қисабы
4-ші деңгей	Сақтандыру компанияның филиалдарының есеп-қисабы		Жауапты орталықтың есеп-қисабы	Қызмет көрсету бойынша менеджерлердің есеп-қисабы
Сақтандыру компаниясы			Сақтандыру компаниясының филиалы	
Ескерту - Автормен құрастырылған				

Әрбір сақтандыру компаниясының жекеше басқарушылық есептілігі болады, яғни оның құру барысында шаблондық тәсілдеме қолданылмайды. Дегенмен, Ержанов М.С., Кеулимжаев К.К., Сатубалдин, С.С., Тайгашинова К.Т., Толегенов Э.Т. және т.б. авторлардың еңбектерінде, басқарушылық есептілік нысандарының сипаттамасына қатысты жалпы тәсілдемелерді сипаттайтын жіктеу белгілерін ажыратуға болады. Әр түрлі көзқарастарды

жинақтап, автор, есептілік нысандарының сыныптамасына жіктеу белгілерін енгізуді қарастырады, ол 25 кестеде ұсынылған.

Кесте 25 – Сақтандыру компаниясының басқару есептілігін жіктеу

САҚТАНДЫРУ КОМПАНИЯСЫНЫҢ БАСҚАРУ ЕСЕПТІЛІГІ																
ҚҰРАСТЫРУ УАҚЫТЫ БОЙЫНША					ДЕРЕКТЕРДІ ҚОРЫТЫНД ЫЛАУ БОЙЫНША			ҰСЫНУ НЫСАНДАРЫ БОЙЫНША			ЕСЕПТІЛІК ТҮРЛЕРІ БОЙЫНША			ТАҒАЙЫН ДАУ БОЙЫНША		
Күн сайын	Ежедекадные	Айлық	Тоқсандық	Жылдық	Кешенді	Тақырыптық	Талданған	Кестелі	Графикалық	Мәтіндік	Қаржылық	Статистикалық	Техника-экономикалық	Технологиялық	Жалпы	Арнайы
Ескерту - Автормен құрастырылған																

Ұсынылған сыныптамаға, «мақсатына қарай», «есептің түріне қарай» деген жіктеу белгілерін енгіземіз. Сонымен, есептілік мақсатына қарай жалпы және ерекше болып бөлінеді. Жалпы есептер жалпы, компания қызметін айқындайды, ерекше есептер қызметтің белгілі жақтарын ғана сипаттайды және материалдық қорлар мен оларды пайдалану туралы есеп, еңбекақы қорын пайдалану туралы есептерден тұрады.

Басқарушылық қызметте ақпараттық қамсыздандырудың тиімді жүйесін құру кезінде маңызды құрамдас бөліктерінің бірі, есептілік түрлері мен нысандарын анықтау болып табылады. Нысандары бойынша ұсынылатын есептілікті үш топпен шектеуге болады: кестелік, сызбалық, мәтіндік. Аталған үш нұсқаның өз кемшіліктері мен артықшылықтары бар. Белгілі бір нысанды таңдау әрекеті, есептілікті құру мен ұсыну мақсаттары мен міндеттеріне байланысты. Қорытынды ақпаратты айқындаудың бір нысаны сирек қолданылады, жиі кезде аралас нұсқа қолданылады.

Көрсеткіштерді айқындаудың сызбалық нысаны, бірқатар кезеңдердегі деректердің салыстырылатындығымен қамтамасыз етеді. Ол тактикалық және стратегиялық шешімдердің баламалы нұсқаларын өңдеуде басқарушылық бақылау жүйесінде кеңінен қолданылады. Ішкі есептілік жүйесінде сызбаларды, диаграммаларды пайдалану, өздерінің көрнекілігінің есебінен оның болжау мүмкіндіктерін кеңейтеді. Залалсыздық сызбаларын тиімді пайдалану арқылы аталған мақсаттарға қол жеткізуге болады.

Есеп мәліметтерін ұсынудың мәтіндік нысаны, қалыптасқан жағдайда пайдаланушыларға жедел түрде және толық түсіндіру мүмкіндігін қамтамасыз етеді. Жиі кезде, есептілікті ұсынудың бұл нұсқасы, қосымша түсіндіру және мағынасын ашу қажеттілігі туындаған жағдайларда, сол сияқты кесте мен

сызбаларда ұсынылған ақпарат, түсіндіруді қажет ететін жағдайларда қолданылады.

Қорытынлы есеп мәліметтерін ұсынудың кестелік нысаны, есептілікті құрудың отандық тәжірибесінде кеңінен таралған. Ол экономикалық немесе өзге де талап етілетін білімнің белгілі деңгейі бар болған жағдайда, ұсынылған ақпаратты жедел қабылдау мүмкіндігін қамтамасыз етеді. Сақтандыру компанияларында басқарушылық есептілік жүйесін құру үшін, ең алдымен, құрылымдық бөлімшелердің менеджерлеріне қажет болып табылатын, шығындар мен нәтижелер (шығындар тасымалдаушылары бойынша, олардың пайда болу орындары, жауапкершілік орталықтары, қызмет сегменттері) туралы мәліметтердің көлемі мен оны құру бағыттарын анықтау, сонымен бірге, оның ұсыну тұрақтылығының дәрежесін анықтау қажет: есептілікке шығындар туралы көрсеткіштермен қатар, табыстылық туралы көрсеткіштер енгізіледі, бұл, компания пайдасын құру барысында жауапкершілік орталықтарының қатысу дәрежесін анықтауға мүмкіндік береді; нақты қол жеткізілген нәтижелердің жоспарлы, нормативтік, сметалық нәтижелерден ауытқуларын анықтау үшін қажетті және жеткілікті бастапқы деректер ұсынылады; компаниялармен басқару жүйесіне арнайы зерттеу жүргізіледі; шешімдерді қабылдау бойынша басқарудың әр түрлі деңгейлеріндегі менеджерлердің өкілеттіліктері мен олардың ақпараттық қажеттіліктері анықталады [126,118б.].

Нәтижесінде, біздің ойымызша, компания қызметтері, құрылымдық бірліктеріндегі ақпаратқа деген қажеттілікті айқындайтын жоспар картасы құрылуы тиіс. Жоспар картасының нысаны, автордың пікірі бойынша, басқарудың әр түрлі деңгейлеріндегі менеджерлері үшін ақпараттылықтың ең жоғары дәрежесін қамтамасыз ететіндей құрылуы тиіс. Картада, міндетті түрде келесідей көрсеткіштер болуы тиіс: деректердің түрі (сандық, құндық және т.б.); мәліметтердің тізімі (материалдардың шығысы, жұмыс уақытын пайдалану және т.б.); құру мерзімділігі (ауысым, тәулік, ай және т.б.).

Басқарушылық топ есептерінің заңмен бекітілген регламенттері жоқ және едәуір дәрежеде, нақты сақтандыру компаниясының қажеттіліктеріне байланысты болады. Сақтандыру компанияларындағы есептер үшін арналған Oracle Business Intelligence Enterprise Edition бағдарламасы, қысқа мерзім ішінде жүктелген бастапқы деректердің негізінде Жұмыс мәліметтер қорында есептердің кең спектрін құруға мүмкіндік береді. Қорды құру және Oracle Business Intelligence жүйесін енгізу.

Шын мәнінде, Қазақстан Республикасында сақтандыру компаниясының есептілігі, сақтандыру компаниясының бас кеңсесімен және оның филиалдарымен құрастырылған, қаржылық жауапкершілік орталықтары жөніндегі есептілікке негізделген. Сонымен қатар, басқарудың жоғары деңгейіндегі (бас кеңсе) басқарушылық есептілікті құру барысында бөліп шығару прагматикасын пайдалану қажет: сақтандыру компаниясының басқармалары мен филиалдары арасында сақтандыру компаниясының жалпы басқарушылық және әкімшілік шығыстарды үлестіру әдістемесі.

Басқарушылық шығыстарды бөліп шығарудың мәні, сақтандыру компаниясының жеке бөлімшесімен жұмсалатын шығыстардың мөлшерін анықтау болып табылады. Сонымен, шығыстардың орталығы ретінде, мүлікті сақтандыру бөлімі, өз персоналына жұмсалатын тікелей шығыстарды көрсетеді, сол сияқты, оның үлесіне басқа бөлімдерде жұмсалған шығындардың бөлігі тиеді, мысалы бухгалтерия, АТ бөлімі және бас кеңсенің құрамымен бөлінген, шығыстардың орталықтары болып саналатын басқа да бөлімдер.

Мұндай жағдай, Қазақстан Республикасында сақтандыру ұйымдарының жекелеген бөлімшелеріндегі ұқсас шығындардан асып үсетін, басқарушылық шығыстардың сомасын айқындайтын, сақтандыру компаниясының әрбір бөлімшесінің шығыстары туралы деректерді құру күрделілігімен түсіндіріледі.

Басқарушылық шығыстарды үлестіру қоры, әрбір сақтандыру компаниясымен, оның қызметінің ерекшеліктеріне қарай белгіленеді. Үлестіру нәтижесінде, сақтандыру компаниясының әрбір құрылымдық бөлімшесіндегі шығыстар туралы сенімді ақпарат құрылады. Мұндай мәліметтер, ең алдымен, Қазақстан Республикасында сақтандыру компанияларының құрылымдық бөлімшелерінің қызметін бағалау үшін және олардың нәтижелілігін арттыру бағыттарын анықтау үшін қажет.

Сақтандыру есептілігін құру маңыздылығы, басқарушылық шығыстарды үлестіру ғана емес, сонымен қатар, жалпы, сақтандыру компаниясы бойынша және Қазақстан Республикасындағы әрбір аймақтық филиал бойынша жекелеген түрде, сақтандыру операцияларының қорытындыларын анықтау болып табылады.

Жоғарыда айтылып кеткендей, басқару – басқарушылық есептің қосалқы жүйесі ғана емес, сонымен бірге, басқарушылық бақылаудың құралы болып табылады, оның ерекшелігін келесі пунктте қарастырамыз.

2.3 Басқару, сақтандыру компанияларындағы ішкі бақылаудың құралы ретінде

Басқару – бұл, кез келген саналық қызметтің ажырамас бөлігі болып табылады. Ол ресурстар мен мінез-құлыққа бақылау жүргізу мен көшбасшылықты ұйымдастыра отырып, мақсатты қалыптастыру, шешімдерді қабылдау, жоспарлаудан тұрады, бұлардың жиынтығы, саналы белсенділікті жүзеге асыратын жүйенің мақсаттарына тиімді қол жеткізуге бағытталған [127.,132 б.].

Кәсіпқойлық, бір жақты емес, жауапкершілік, жеделдік, жігерлілік, бақылау сияқты белгілерінен тұратын сапалы басқару – бұл, кез келген елдің егеменді мүдделері мен қауіпсіздік қорғау мақсатында қызмет ететін, экономикалық дамудың тұрақтандырушы іргетасы болып табылады.

Сақтандыру белсенділігі басқару үдерісі, басқарудың жалпы және ерекше функцияларының үйлестірілуін білдіреді. Басқару функциялары жиынтығының ішінде бақылау функциясы жетекші рөлге ие.

Қаржы-экономикалық кеңістігінде «бақылау» әр түрлі анықталады: элемент, функция, қызмет түрі, доктрина, кері байланыс, шарт, реттегіш, құрал, фактор,

нысан, кепілгер, құбылыс, институт, әдіс, құқықтық ретінде анықталады, бұл экономикалық бақылау үшін жалпылама түсінік беру ұмтылысын көрсетпейді және оның мазмұнын, философия, теория, басқару жүйесі, саясат, құқық және т.б. әр түрлі ғылыми бағыт өкілдерінің мүдделері тұрғысынан қарастыру тәсілдеменің салдары болып табылады.

Бақылаудың сақтандыру субъектілерінің қызмет етуінің әр түрлі деңгейлерінде қарастыру қажет. Сақтандыру бірлігін басқару деңгейінде, ұйымға қатысты басқарудың сыртқы сақтандыру субъектілерімен жүзеге асырылатын сыртқы бақылау (мемлекет органдары, тұынушылар, несиегерлер), және сақтандыру ұйымының субъектілерімен жүзеге асырылатын ішкі бақылау ажыратылады (меншік иелері, әкімшілік, персонал). Ішкі бақылаудың тиімділігіне сақтандыру субъектілерінің қызмет ету тиімділігі байланысты болады (экономикалық бірлік), ал жиынтықтағы сақтандыру субъектілерінің қызмет еті тиімділігі - бүкіл жедел қызметтің тиімділік шарттарының бірі болып табылады. Заманауи жағдайларда, бақылау басқарушылық функция ретінде басқарудың барлық деңгейлерінде жүзеге асырылуы тиіс.

Басқарудағы бақылауды үш бағыт бойынша қарастыру қажет:

- 1) Бақылау, менеджерлердің тұрақты және мақсаты қызметі, негізгі басқару функцияларының бірі, яғни сақтандыру қызметіне жүргізілетін бақылау;
- 2) Бақылау, кері байланыс қағидасы бар, басқару үдерісінің қорытынды сатысы;
- 3) Бақылау, сақтандыру қызметінің үдерісінде оның басынан басталып, басқарушылық шешімнің аяқталуына дейін қызмет ететін, басқару үдерісінің ажырамас элементі.

А.Файоль бойынша, бақылау – басқарудың ең маңызды функциясы (немесе менеджменттің), бүкіл басқарушылық қызметтің соңғы қорытындысы, бақылауды жүзеге асырудың келесідей негізгі кезеңдері бар:

- а) бақылау тәсілін таңдау, мысалы, әкімгер басынан бастап, тапсырмалардың орындалуына жүргізілетін бақылаудың қатаң тәсілдерін таңдай алады немесе керісінше, бағынушыларға бақылау функцияларын жүзеге асыруға ұсынуы мүмкін (топтық қысым жасау немесе топтық нормаларды сақтау ережелері);
- б) өнімді дайындау үдерісіне әкімгердің бақылау ауқымын және оған араласу жиілігі мен күшін таңдау;
- в) жоспарлы нормалардан туындайтын ауытқулардың ең төмен деңгейіне қол жеткізудің жағымды және жағымсыз ынталандыру әдісін таңдау.

А.Файольдің пікірінше, бақылаудың нормалары менеджер үшін ең маңызды және жалпы тұрғыдан, жалғыз маңызды болып келетін нормалар (атап айтқанда, оның ойынша қалған жұмыстың барлығы менеджерге тән емес), бірақ заманауи менеджер рөлдік талаптарды басқарудың басқа функцияларымен (оларды толықтырушы функ. деп атайық) толықтырады [108.,79].

Есеп пен бақылаудың дамуының тарихи эволюциясын зерттеуде, бақылау бухгалтерлік есептің жанында туындаған, және бастапқыда есепті жүргізу құралы ретінде қызмет еткен деген қорытынды жасауға болады. Мысалы, А.З.Поповтың пікірінше, «есеп ғылымының жалпы құралы тәуелсіз бақылау, басқаша айтқанда, дербес қадағалау болып табылады». Сонымен, есеп негізгі

рөлге ие болған, ал бақылау қаржы-экономикалық сақтандыру операцияларының дұрыстығын қамтамасыз ететін есептің құралы болған. Бақылаудың ары қарай дамуы, есептің дәстүрлі жүйесінің аясынан шығуға мүмкіндік берді, осыған орай, есеп пен бақылаудың арасындағы байланыс түбегейлі өзгерді [126,23б.]. И.А.Шоломович, «есеп компанияның бақылау жүйесінің ажырамас бөлігі» екендігін белгілеп өткен. Осы кезеңнен бастап, бақылау, өзінің пәні, әдісі мен әдістмелік тәсілдері бар жүйе ретінде қарастырыла бастады. Есеп, екінші кезектегі рөлге ие болған – яғни, бақылау әрекеттерін жүзеге асыру мақсатына сақтандыру компаниясының қызметі туралы ақпаратты жинақтау, ол бақылау доктринасының құрамдас бөлігі ретінде қарастырыла бастады [127,16б.].

Жедел компанияларының фирмаішілік басқару аясында басқарушылық бақылау тұжырымдамасының даму тарихын талдай отырып, мамандар оның дамуының үш кезеңін ерекше белгілеп өтті [128,129]:

1. Әкімшілік бақылау; компания басқарушысының жедел үдерісті, қызметерді көрсету үдерісі мен бөлімшелердің қызметін дербес бақылауы;
2. Бухгалтерлік бақылау: екі жақты жазба арқылы экономикалық белсенділік фактілерін тіркеу және басқару объектілеріне кейінгі түзетуші ықпал ету;
3. Жоспарлы бақылау: басқару сияқты қаржы механизмін пайдалана отырып, ұйымның алдын ала белгіленген корпоративтік мақсаттарына қол жеткізу дәрежесін анықтау мүмкіндік беретін, ұйымның шығындарын, оның белсенділігінің нәтижелерін, жұмыстарын жоспарлау мен бақылау функцияларын пайдалану [129,131б.].

Біздің ойымызша, ішкі бақылаудың жұмысы басқарудың негізгі функцияларының бірі және қабылданған басқарушылық шешімдердің негізділігін және тиімділігін бағалау, аутықулар мен жағымсыз жағдайларды анықтау, сақтандыру қызметінің тәуекелдерін жою, төмендету және оларды басқару жөніндегі басқарушылық шешімдерді қабылдау үшін менеджерлерді уақытында ақпараттандыру мақсатында ұйымның жұмысын тұрақты қадағалау және тексеру жүйесі болып табылады. Сонымен, ішкі бақылау – кері байланыстың нысаны, оның көмегімен өз уақытында бұзушылықтар анықталады, сақтандыру субъектісінің қызметіндегі жағымсыз құбылыстардың алдын алу мақсатында заманауи басқарушылық шешімдер уақытында қабылданады [130,156б.].

Ішкі бақылаудың келесідей негізгі сипаттамалары бар: басқарудың негізгі функцияларының бірі; тұрақты қадағалау жүйесі; қауіпсіздік шаралардың кешені; әкімшілік және персоналмен жүргізілетін үдеріс.

Басқару жүйесіндегі ішкі бақылаудың мәнін белгілей отырып, ішкі бақылау, сақтандыру компанияларындағы бухгалтерлік есеп және қаржы есептілігінің тұжырымдамасымен үздіксіз байланысты екендігін айтып өткен жөн. Бақылау, бухгалтерлік есептің барлық сатыларында бар. Түгендеу түріндегі бақылау, бухгалтерлік есеп әдісінің негізгі элементі. Құжаттамамен бірге түгендеу, шаруашылық өмірдегі фактілерді бастапқы топтастыру тәсілдерін құрады. Бухгалтерлік есепке алдын ала тексеруден өткен фактілер ғана алынады. Есеп

басты рөлге ие, бақылау – шаруашылық өмірдегі фактілерді айқындаудың дұрыстығын қамтамасыз ететін есеп құралы болып табылады. Бухгалтерлік есепте шаруашылық өмірдегі фактілерді айқындаудың нақтылығы, түгендеу деректерімен расталады.

Басқарушылық бақылаудың дәстүрлі жүйесі қалыптасқан жағдайлармен салыстырғанда, қаржы-экономикалық белсенділік сипатының өзгеріске ұшырған жағдайында, қаржы көрсеткіштеріне ғана жүргізілетін бақылау жеткіліксіз [131, 58б.].

Осылайша, ішкі бақылау сақтандыру субъектісінің қаржы-экономикалық қызметінің бухгалтерлік есеп жүйесімен үздіксіз байланысты, өйткені жоспарлар, тапсырыстар, лимиттер, нормалар, сметалар және т.б. құралдардың негізінде жүзеге асырылатын, бухгалтерлік есеп жүйесінің аясындағы белгілі бір құралдың рөліне ие болып келеді. Бақылау, бақылау, бухгалтерлік есептің деректері бойынша жоспарларды орындау механизмі болса, екінші жағынан, бухгалтерлік есептің деректері жаңа жоспарларды қабылдаудың негізі болып табылады, ал ол жоспарлардың орындалуы бақылау арқылы расталады. «Әрекетті бақылау қаржы-экономикалық жұмыстың алдында болуы тиіс, оған ілесіп, оның артынан еріп жүруі қажет» [132,33б.].


Есеп пен бақылаудың даму тарихын талдай отырып, бақылау бухгалтерлік есептің жанында туындаған, және бастапқыда есепті жүргізу құралы ретінде қызмет еткен деген қорытынды жасауға болады. Мысалы, А.З.Поповтың пікірінше, «есеп ғылымының жалпы құралы тәуелсіз бақылау, басқаша айтқанда, дербес қадағалау болып табылады». [126,114б.]. Осылайша, есеп негізгі рөлге ие болған, ал бақылау қаржы-экономикалық сақтандыру операцияларының дұрыстығын қамтамасыз ететін есептің құралы болған. Бақылаудың ары қарай дамуы, есептің дәстүрлі жүйесінің аясынан шығуға мүмкіндік берді, осыған орай, есеп пен бақылаудың арасындағы байланыс түбегейлі өзгерді И.А.Шоломович, «есеп компанияның бақылау жүйесінің ажырамас бөлігі» екендігін белгілеп өткен[127,33б.]. Сол кезеңнен бастап, бақылау, өзінің пәні, әдісі мен әдістемелік тәсілдері бар жүйе ретінде қарастырыла бастады. Есеп, екінші кезектегі рөлге ие болған – яғни, бақылау әрекеттерін жүзеге асыру мақсатына сақтандыру компаниясының қызметі туралы ақпаратты жинақтау, ол бақылау доктринасының құрамдас бөлігі ретінде қарастырыла бастады.

Есеп пен бақылаудың өзара байланысын зерттеу нәтижесінде келесідей қорытынды жасалды:

– бухгалтерлік есеп, барлық есептік ақпаратты дәстүрлі түрде қалыптастыратын және жиынтықтайтын негіз болып табылады, ал бақылау кейбір жағдайларда бухгалтерлік есепсіз өз жұмысын атқара алмайды, өйткені шаруашылық үдерістердің нәтижесі мен мазмұны, аталған үдерістер туралы есептік ақпараттың болуымен ғана бақылануы мүмкін.

– есепке тән болып келетін міндеттерді жүзеге асыру барысында, ұйымда болып жатқан шаруашылық үдерістерге бақылау жүргізіледі, бұл - анықтық деген, есеп жүйесіне қойылатын талаптардың біреуін орындау қажеттілігімен шартталған.

Бухгалтерлік есеп жеке бақылау функцияларынан тұрады, ол функцияларды орындау арқылы, бақылау доктринасының алдында тұрған мақсаттарға және экономикалық субъектінің өз алдына қойған мақсаттарына қол жеткізуге болады (10 сурет).



Сурет -10 -Бухгалтерлік есептің бақылау функциялары.

Экономикалық субъекті қызметін экономикалық бағалау үшін, оған ішкі бақылау жүргізу ең тиімді болып табылады, ол келесідей нысандарда айқындалады: бухгалтерлік бақылау; басқарушылық бақылау; түгендемелік бақылау; тексерушілік бақылау; ішкі аудит.

Ішкі бақылаудың нысандарын, оның субъектілерін және объектілерін анықтаумен қатар, ішкі бақылау мақсаттарын анықтау маңызды болып табылады. Ішкі бақылаудың нысан, келесі шарттарға байланысты таңдалады:

- ұйымдастырушылық-басқарушылық құрылымы;
- ұйымдастырушылық-құқықтық нысандары;
- қызметтің бағыттары;
- қызметтің әр түрлі жақтарын бақылаумен қамту мақсаттабылығы;
- бақылауға қатысты сақтандыру субъектісі басшылығының қатынастары.

Ішкі бақылаудың объектісі, экономикалық субъектіде ресурстардың нақты қолда болуы, олардың жағдайы, олардың қызмет ету аспектілері болып табылады.

Ұйымдағы ішкі бақылаудың субъектісі – бұл, тек тиісті құқықтардың негізінде ғана немесе өз мойнына жүктелген міндеттерді орындауда бақылау әрекеттерін жүзеге асыратын сақтандыру ұйымының жұмыскері немесе қатысушысы (иесі). Ішкі бақылаудың барлық субъектілерін, жиынтық бақылау әрекетіндегі маңыздылығы тұрғысынан, келесідей деңгейлер бойынша үлестірген дұрыс (25 кесте).

Ішкі бақылаудың мақсаттарын құру барысында, бірінші кезекте, сақтандыру субъектісінің қызметіндегі жағымсыз құбылыстарды болдырмау үшін және басқару жүйесіндегі шешімдерді уақытында қабылдау мақсатында, сақтандыру субъектісі активтерінің сақталуына көңіл бөлінеді. Бұл жағдайда бақылау келесідей қарастырылады:

- активтердің физикалық қауіпсіздігін қатамасыз ету бойынша ұйымдастырушылық шаралардың баламалылығына бағдарланған бақылау;

– қаржы-шаруашылық операцияларының негізділігі, шарттар бойынша контрагенттердің төлемқабілеттілігі мен адалдығы бойынша, осы операциялар бойынша шешім қабылдайтын менеджерлердің адалдығын бақылау.

Кесте -25 ішкі бақылау субъектілерін деңгей бойынша бөлу

Ішкі бақылау субъектілері	1-ші деңгей	Ұйымға қатысушылар (меншіктілер) жанама немесе тікелей бақылау жүргізушілер, яғни тәуелсіз сарапшылар көмегімен оның ішінде сыртқы аудиторлар
	2-ші деңгей	Субъектілер міндетіне жатқызылмайтын бақылау, бірақ өндірістік қажеттілікте бақылау функцияларын орындайды.
	3-ші деңгей	Субъектілер бақылау функцияларын жүргізіп орындау үшін оларға тіркелген (жоспарлы-экономикалық бөлімнің, кадрлар бөлімнің қызметкерлері).
	4-ші деңгей	Субъектінің міндетіне бақылау функциясы сияқты басқа да функциялар енеді (әкімшілік-басқарушылық қызметкерлер, компьютер жүйесімен қызмет көрсететін қызметкерлер, бухгалтерлік есеп бөлімінің қызметкерлері, коммерциялық және физикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету қызметі).
	5-ші деңгей	Субъектілердің функционалдық міндетіне тек қана бақылау жүргізу енеді (ішкі аудит бөлімінің қызметкерлері бақылау комиссиясының мүшелері)
Ескерту - Автормен құрастырылған		

Ішкі бақылаудың негізгі мақсатынан, өзара байланысты қосалқы мақсаттар туындайды. Бастапқы құжаттардың нақтылығы мен толықтығының тиісті деңгейін, бастапқы ақпараттың сапасын, бухгалтерлік есептің тиімді жүйесін қамтамасыз ету арқылы алдыға қойылған мақсаттарға қол жеткізуге болады: қолда бар болуы, толықтығы, арифметикалық нақтылығы, шоттар бойынша таратылуы, ресми рұқсаты, уақытша анықтығы, есептілікте деерктерді ұсыну мен мазмұнын ашу, ресурстардың барлық түрлерін оңтайды және үнемді пайдалану, бұл өз кезегінде, еңбек өнімділігінің өсуіне, өндіріс пен айналыс шығындарының төмендеуіне, сақтандыру субъектісінің қызметіндегі қаржы-экономикалық нәтижелерінің жақсаруына әкеледі.

Ішкі бақылаудың тұжырымдамасы, экономикалық ақпаратты пайдаланушылардың белгілі топтарының мүдделеріне қарай бақылау тәртіптерін орындайтын бақылау органдарының жиынтығын білдіреді. Бақылау тәртіптері тиімді басқару мақсатында сақтандыру субъектісінде жүзеге асырылады, оның негізі, сақтандыру субъектісіндегі барлық қызметкерлердің өз міндеттерін орындауына бақылау жүргізу болып табылады.

Соңғы кездері, ішкі бақылау жүйесінде, сақтандыру субъектісі қызметінің тиімділігін артыру қорларын іздестіру мақсатында, басқарушылық персоналға үлкен көңіл бөлінеді. Бұл жағдайда, басқарушылық бақылау басқарушылық есептің функциясы ретінде қолданылады. Басқарушылық есептің тұрғысынан,

басқарушылық бақылау концепциясы – бұл, табыстар мен шығыстарды, ақша ағындарын, айналым қаражаты мен күрделі салымдарды басқару жөніндегі міндеттерді кешенді шешу, яғни сақтандыру субъектісінің қаржы белсенділігін басқару.

Басқарушылық есептегі бақылау бухгалтериядағы бақылау функциясынан ерекшеленеді. Бухгалтерлік есепте орындалатын операциялардың заңдылығы, бастапқы құжаттар мен мәмілелерді ресімдеу дұрыстығы бақыланады және есептің қойылымы дұрыс болған жағдайда, шығындарды жұмсау кезінде қымбаттау мен артық төлемдерді болдырмайды. Басқарушылық есептегі бақылау, ең алдымен, болашаққа бағытталған. Шығындар мен қызмет нәтижелерінің таңдау дұрыстығына жүргізілетін бақылау, сақтандыру субъектісіне көзделген мақсаттарға қол жеткізуге кедергі келтіретін сыртқы және ішкі шектеулерге жүргізілетін бақылау, бюджеттерді, табыстар мен шығыстардың сметасын құру мен оның орындалуына жүргізілетін бақылау сияқты бақылау түрлері бар. Басқару үшін есептегі ағымдағы бақылау, оның сақтандыру объектісінің өндірістік-экономикалық белсенділігіне тигізетін ықпалын анықтау үшін сыртқы және ішкі ортаның мониторингісінен тұрады. Басқарушылық есептегі кейінгі бақылау бухгалтерлік есеппен ұқсастығы бар. Ол нақты мәндердің жоспарлы мәндерден ауытқуларды анықтау және есептеу жолымен, және осы ауытқулардың себептерін талдау жолымен жүзеге асырылады.

Басқару саласындағы басқарушылық есептің заманауи түсінігі «басқарушылық бақылау» ретінде – ақпарат пен басқарудың жаңа тұжырымдамасы ретінде теория мен тәжірибеге енді (АҚШ-та «management control», Германияда «controlling», Францияда «control dejection»). Бұл түсініктің мәні алғаш рет америкалық ғалыммен, ұйымның мақсаттарына қол жеткізу үшін ресурстардың тиімді және нәтижелі пайдаланылуын қамтамасыз ететін менеджерлердің үдерісі болып анықталған. Көрініп отырғандай, бұл анықтамада «есеп» және «басқару» сияқты екі түсінік біріктірілген, дегенмен басқа мамандар К. Друридің пікірімен келіседі: бақылау – бұл өлшеу және ақпарат, ал басқару – бұл ең алдымен, әрекет болып табылады [87,113]. Басқа сөзбен айтқанда, бақылау жұмысында белгіленген көрсеткіштерден туындайтын ауытқуларды анықтауға мүмкіндік беретін ақпарат құрылады, ал басқару жұмысында туындаған ауытқуларды жою және белгіленген мақсаттарға қол жеткізу бойынша әрекеттер жүзеге асырылады. Шын мәніне келгенде, бұл бірыңғай үдеріс болып келеді, өйткені ешқандай басқарушылық әрекеттерді жүзеге асырмай, ауытқуларды анықтаған тиімсіз және бұл, басқарушылық есептің «шығындар/пайда» негізді құрайтын қағидасына қайшы келеді. Ішкі бақылау тұжырымдамасындағы есептік ақпарат маңызды рөлді атқарады, бірақ бұл оның жалғыз рөлі болып саналмайды. Ол тек жүйелі контурдағы «шеңбердің бөлігі ғана» болып табылады [131,566.], өйткені анықталған ауытқулар өздігінен кәсіпорынның қызметін өзгертпейді. Өзгерістер мақсатты әрекеттердің нәтижесінде туындайды, сондықтан басқарушылық есеп екі функциядан тұрады: есептік-ақпараттық және түзетуші функция (басқарушылық).

Ішкі бақылау түсінігі бойынша жасалатын жалпы қорытынды, оны екі тұрғыдан түсіндіреді: тар мағынада – бұл, басқару үдерісіндегі кезеңдердің бірі болса, кең мағынада – бұл, бірқатар элементтерден тұратын сақтандыру субъектісін басқару доктринасының құрамдас бөлігі.

Сақтандыру субъектісін басқару, әсіресе сақтандыру субъектісінің қызметін дағдарыстық басқаруда қалыптасатын жағдайларда басқару, жеңіл міндеттердің қатарына кірмейді. Мұндай жағдайларда, басқарушылық шешімдерді қабылдау үшін ақпаратты уақытында алу қажет (күн сайын, сағат сайын). Ақпараттық жүйе барынша ашық болуы тиіс [133,34б.]. Өйткені оған қызметтің тиімділігі тәуелді, ал қазіргі таңда, сақтандыру субъектісінің тіршілік қабілеттілігі тәуелді болып отыр. Менеджентке, сақтандыру субъектісінің филиалдары мен құрылымдық бөлімшелерінің жұмысы туралы жүйелі, салыстырмалы түрде тәуелсіз ақпарат қажет [134,56б.].

Біз сақтандыру компанияларының қызметіне талдау жүргіздіу және өндірістік кәсіпорынмен белгілі ұқсастықтарымен қатар, айрықша ерекшеліктері бар ішкі бақылаудың ерекшеліктерін анықтадық.

Автордың пікірі бойынша, кез келген сақтандыру компаниясы мүдделерінің шеңберіне, сақтандыру қызметтерін көрсету нарығын кеңейту әрекеті кіреді. Жаңа клиенттерді тарту есебінен, бұл міндет, нарықтағы ұйымдардың аймақтық қатысуын кеңейту жолымен шешіледі. Тәжірибеде аймақтық қатысудың есебінен қызметтерді көрсеті нарығын кеңейту, оқшауландырылған бөлімшелер арқылы белсенділікті ұйымдастыруды білдіреді. Бүгінгі күні, сақтандыру компаниясын, тармақталған филиалдық желісіз елестету мүмкін емес. Құрылымдық бөлімшелері өзара өндіріс технологиясымен байланысқан өндірістік кәсіпорындармен салыстырғанда, сақтандыру компанияларының филиалдары, деңгейлес-біріктірілген құрылымды құра отырып, заңды тұлғаның функцияларын толығымен немесе ішанаара орындайтын, бір-бірінен оқшауландырылған тәуелсіз бөлімшелер болып табылады.

Авторлық пікірге сәйкес, оқшауландырылған бөлімшелер арқылы сақтандыру компанияларының қызметін кеңейту, филиалдарды пайда орталықтары ретінде бөліп шығарумен байланысты және басқарушылық функцияларды орталықсыздандыру әрекетімен қатар жүреді. Басқарушылық функцияларды орталықсыздандыру дегеніміз, сақтандыру сыйлықақылары алымдарын арттыру, төлемдердің деңгейін қысқарту бойынша сақтандыру компаниясының жалпы мақсаттарымен, сол сияқты осы филиал үшін нақты міндеттермен үйлестірілген басқарушылық шешімдерді қабылдау үшін, филиалдардың менеджерлеріне өкілеттіліктерді бері, бірақ мұндай әрекет, филиалдардың заңды дербестігін білдірмейді [135,143б.].

Қысқамерзімді болашақта, сақтандыру компаниясының пайданың белгілі дәрежесіне жету сияқты жалпы мақсатына, бас кеңсе мен барлық оқшауландырылған бөлімшелерінің ортақ күшімен қол жеткізуге болады. Біздің ойымызша, жалпы мақсатқа жету жолындағы бағдар, әрбір оқшауландырылған бөлімшелер үшін пайда мөлшерінің жоспарлы мәні болып табылады. Алдыға қойылған мақсатқа жету үшін, пайда орталықтары басқарушылық механизм

арқылы өзінің қаржы үлгісін қалыптастырады, оның көмегімен өзінің табыстары мен шығыстарының мөлшері мен құрамын нақтылайды және оларға бақылау жүргізеді. Мұнда, сақтандыру компаниясының оқшауландырылған бөлімшелерінің пайдасын құру жөніндегі басқару құралын, жалпы жоспар (пайда жоспары) және жеке басқару құрайды. Жеке басқаруға, жоғарыда айтылып кеткендей, сақтандыру қызметтерін сату Басқармасы, сақтандыру төлемдерінің Басқармасы, қайта сақтандыру Басқармасы, сақтандыру қорларының Басқармасы, бонустық сыйақы Бюджеті, коммерциялық шығыстар Басқармасы, суброгация мен регресс Басқармасы кіреді.

Біздің пікір бойынша, сақтандыру компанияларында жоспарды алдын ала бақылауды басқару нәтижесінде, қолданыстағы шектеулермен байланыстырылған жоспарлы, сандық көрсеткіштер қалыптастырылады және жоспарлардың барлық көрсеткіштері теңдестірілген және өзара оңтайландырылған, сонымен қатар сақтандыру компаниясының жеке басқармалары жалпы пайда Басқармасына біріктіріліп қана қоймай, сол сияқты бір-бірінің жұмысына белсенді түрде «қатысады». Осылайша, сақтандыру қызметтерін сату Басқармасында бруто-сыйлықақының жоспарлы мөлшерін белгілеу, сақтандыру қызметтерін сату Басқармасын пайда Басқармасымен біріктіру үшін жеткілікті болып табылады. Дегенмен сақтандыру қызметтерін сату Басқармасының құрылымы, бруто-сыйлықақысын жете талдап тексеруді қарастырады. Нақтылаудың негіздері басқа басқармалардың міндеттерін жүзеге асыруға арналған. Дәл осы жерде, сақтандыру қызметтерін сату Басқармасының қайта сақтандыру Басқармасына «қатысу» әрекеті байқалады, ары қарай оны қарастырып көрейік.

Қайта сақтандыру Басқармасының басымды міндеті қайта сақтандыру сыйлықақысының жоспарлы мөлшерін белгілеу болып табылады. Егер факультативтік қайта сақтандыруды қарастыратын болсақ, қайта сақтандыру бағдарламасында, әдетте, қайта сақтандыруда табысталуы тиіс тәуекел туралы маңызды ақпарат болуы тиіс: сақтанушының мәртебесі, сақтандыру объектісі, сақтандыру сомасы мен сыйлықақысы, қайта сақтанушының қаражатты жекеше ұстап қалуы, қайта сақтандыруды ұсынылатын тәуекелдің үлесі туралы. Қайта сақтандыру сыйлықасын есептедің негізі тікелей шарт бойынша сақтандыру сыйлықақысы болып табылады, сақтандыру қызметтерін сату Басқармасындағы жоспарлы мөлшері туралы ақпарат, қайта сақтандыру Бағдарламасының шарттарын сақтандыру қызметтерін сату Басқармасына «жүктеуге» және қайта сақтандыру сыйлықақысының мөлшерін жоспарлауға мүмкіндік береді. Тәжірибеде жоспарлаудың қолайлығы үшін, қайта сақтандыру Басқармасының құрылымы сақтандыру қызметтерін сату Басқармасының құрылымын қайталады.

26 және 27 кесте сақтандыру қызметтерін сату Басқармасы мен қайта сақтандыру Басқармасының үзінділерін қарастырады, жеке жоспарлардың бір-бірінің жұмысында «қатысуын» және басқармалардың өзара байланысын сипаттайды.

Кесте 26 – Сақтандыру қызметтерін сатуды басқару

Бөлім атауы	Есептік топтың	Сақтандыру түрі/ сақтандыру өнім түрі/тәуекел сипаты/тәуекел мөлшері/сақтандырушының деңгейі	Брутто-сыйақы, мың.теңге					
			Жоспар	Нақты	Ауытқу	Жоспар	Нақты	Ауытқу
Автосақтандыру бөлімі	7	Мүліктік						
		1.жердегі көлік құралдарын сақтандыру	1500	1600	100	300	200	-100
		1.1 шеккен зиян	1000	1200	200	200	180	-20
		1.2 1 млн.тг. -ден жоғары сақтандыру соммасы	250	140	-110	50	35	-15
		***жеке тұлға	100	50	-50	20	15	-5
		***занды тұлға	150	90	-60	30	20	-10
		1.3600 мың. теңгеге дейін сақтандыру соммасы	40	60	20	20	12	-8
		***жеке тұлға	40	60	20	20	12	-8
		

Кесте 27 – Қайтасақтандыруды басқару

Сақтандыру түрі/ сақтандырудағы өнім түрі /тәуекел сипаты/тәуекел өлшемі/сақтандырушының деңгейі	Есептік топтың №	Қайтасақтандыру келісім шарт түрі/келісімнің шарты (меншікті мекен/қайтасақтандырушының қатысуы)	Тікелей келісім-шарт			Қайтасақтандыру келісім-шарты						
			сақтандырушы		Сақтандыру төлемі, мың.тг	Қайтасақтандырушы		Қайтасақтандырушының сыйақысы, мың.тг				
	7		жоспар	нақты	жоспар	нақты	Ауытқу (+,-)	жоспар	нақты	жоспар	нақты	Ауытқу (+,-)
Мүліктік												
1. Жердегі көлік құралдарын сақтандыру		Қайтасақтандырудың факультативтік келісім-шарты	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-
1.1 Шеккен зиян		X	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-
1.2 Страховая сумма, свыше 1 млн.тенге.		X	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-
***жеке тұлға		№1 жеке тұлға	А	А	100	50	-50	ӘҚ	ӘҚ	20	10	-10
***занды тұлға		№1занды тұлға	Б	Б	150	90	-60	ӘҚ	ӘҚ	75	45	-30
1.3 600 мың. теңгеге дейін сақтандыру соммасы		-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-
***жеке тұлға		№2 жеке тұлға	С	С	40	60	30	ӘҚ	ӘҚ	20	30	-10
Жиыны	-	-	-	-				-	-			
Ескерту – Автормен есептелді												

Жеке басқармалардың тармақталған өзара байланысы қалыптамалық үлгіні қалыптастырады, 28 кестеде ұсынылған.

Кесте 28 – Жеке басқарудың өзара байланыстың матрицалық моделі

	СҚСБ	СТБ	ҚСБ	СҚБ	БСБ	ТШБ	ЖШБ	ӘШБ	КШБ	СРжБ
СҚСБ	X	+	+	+	+	+	+	+	+	
СТБ		X		+		+	+			+
ҚСБ		+	X	+						+
СҚБ				X						
БСБ				+	X	+	+			
ТШБ				+		X				
ЖШБ				+			X			

Біздің пікірімізше, сақтандыру бизнесінің деңгейлес-біріктірілген құрылымдарында басқарушылық бақылау екі деңгейден тұрады. Бірінші деңгейде, бас кеңсе деңгейінде, филиалдар белсенділігінің басқарушылық бақылауы, бүкіл компания пайдасының біріктірілген көрсеткішіне қол жеткізуге мүмкіндік беретін пайданың жоспарлы-белгіленген көрсеткіштердің көмегімен жүзеге асырылады. Бақылаудың бұл дәрежесінде, төлемқабілеттіліктің болжамы, сақтандыру қызметтерін көрсету нарықтарын кеңейту, филиалдарды жабумен байланысты, бүкіл сақтандыру компаниясы қызметінің стратегиялық көрсеткіштері басымды көрсеткіштерге айналады. Екінші дәрежеде, филиалдар немесе оқшауландырылған бөлімше деңгейінде, филиалдардың, пайданың басқарушылық көрсеткіштеріне қол жеткізу бойынша ішкі бақылау жүзеге асырылады.

Екі деңгейде ішкі бақылаудың құралы, жоспарлы және нақты көрсеткіштерді салыстыру, ауытқуларды анықтау, жағымсыз ауытқуларды жою бойынша шешімдерді қабылдау әрекеттерін қарастырады[136,47б.].

Біздің ойымызша, әр түрлі деңгейлердегі ішкі бақылаудың тиімділігі, қабылданатын шешімдердің салдарымен ерекшеленеді. Егер ішкі бақылау филиалдық деңгейінде жүргізілетін болса, онда ауытқуларды жою, жоғары сақтандыру компаниясына жоспарлы-басқарушылық көрсеткіштерді түзету мәселесі жөнінде жүгіну туралы шешімдер қабылданады. Мұндай ішкі бақылау, жүзеге асырудың қатаң белгіленген кестелерін қарастырады және қатаң әдістерімен сипатталады. Бас кеңсенің деңгейінде қабылданатын шешімдерге стратегиялық сипат тән болып келеді. Бас кеңсенің деңгейіндегі ішкі бақылау, әдетте, жаңа міндеттерді шешу қажеттілігінің пайда болуына қарай жүргізіледі және жұмсақ (икемді) әдістерімен ерекшеленеді. Сақтандыру компанияларының оқшауландырылған бөлімшелеріне қарағанда, сақтандыру компаниясының деңгейлес-біріктірілген құрылымындағы ішкі бақылау деңгейлерінің келесідей ерекшеліктері бар:

1. Басқару объектілерінде (жалпы ұйым, оқшауландырылған бөлімше);
2. Бақылау көрсеткіштерінде (стратегиялық, ағымдағы);
3. Бақылау әдістерінде (жұмсақ, қатаң);

4. Бақылауды жүргізу мерзімділігінде (жаңа міндеттерді шешу қажеттілігі пайда болуы бойынша жүргізілетін бақылау, жоспарлы бақылау);
5. Қабылданатын шешімдердің салдарында (стратегиялық, ағымдағы).

Сақтандыру нарығына жүргізілген зерттеу көрсеткендей, нарықта ұсынылған сақтандыру компанияларының заманауи тәжірибесінде басқарудың кең таралған нұсқасы, ұйымдастырушылық-басқару және қаржы үлгісі арқылы жүзеге асырылатын басқарудың екі деңгейлі доктринасы болып табылады. Аймақтық нарықтарда сақтандыру компанияларының қатысуын қамтамасыз ететін тармақталған филиалдық желі, күрделі ұйымдастырушылық құрылым, басқару доктринасының ұйымдастырушылық-басқарушылық үлгісін қалыптастыра отырып, сақтандыру компаниялары филиалдарының деңгейінде пайда орталықтары түрінде жауапкершілік орталықтарының бөлінуін алдын ала анықтайды. Басқарудың әрбір жауапкершілік орталығында қаржы үлгісі ретінде ұсынылуы мүмкін. Басқарудың осындай жолмен ұйымдастырылған екі деңгейлі доктринасы, негізінде, басқарудың әрбір деңгейіндегі болжамды қаржы көрсеткіштерінің талдау нәтижелері жатқан басқарушылық шешімдерді қабылдау жолымен сақтандыру компаниясының ресурстарын басқаруға бағытталған. Қаржы қорытындыларына сәйкес, компанияның белсенділігін жоспарлауға бағытталған, ресурсқа бағдарланған мұндай технологияны, дәстүрлі әдістердің негізіндегі басқару деп атау қажет.

Заманауи қаржы-экономикалық субъектілердің қызметінде дәстүрлі әдістердің негізінде, басқару жүйесін енгізу мен қызмет ету тәжірибесінің маман-тәжірибешілдер арқылы жинақталуы, кез келген саладағы ұйым үшін, соның ішінде Қазақстан Республикасының сақтандыру компаниялары үшін тән болып келетін басқарудың бірқатар мәселелерін белгілеуге мүмкіндік берді. Олардың кейбірлеулеріне тоқталып өтейік. Басқару жұмысында сақтандыру компанияларының кездестіретін мәселелерінің бірі, жоспарларды құру және келісудің ұзақ кезеңі болып табылады. Әдетте, бұл мәселе, басқарушылық үдерістің техникалық, ұйымдастырушылық, кадрлық құрамдас бөлігін қозғайтын, шешілмеген мәселелерінің кешенін айқындайды.

Біріншіден, сақтандыру компанияларының бөлімшелері, бағдарламалық өнімдері арасындағы деректерді жедел айырбастау үшін техникалық мүмкіндіктердің жоқтығы, ақпаратты пайдаланушылардың қажеттіліктерін толығымен қанағаттандыру үшін қолданбалы бағдарламалық өнімдерде, дайындықтың жоқтығы, деректердің жете талдап тексерілуі, Қазақстан Республикасының сақтандыру компанияларындағы басқарушылық зерттеулердің барысына, оның әрбір сатысында кедергі келтіреді.

Екіншіден, басқару, жоспарлау, есепке алу, бақылау және талдау тәртіптерінің регламенттелмегендігі, яғни басқарушылық баптар құрамының жиі қайта тексерілуі, жоспарлы басқарушылық көрсеткіштердің мәндері, жоспарлы және нақты деректерді салыстыру мерзімдерінің қайта тексерілуі болып табылады, немесе керісінше, бұл тәртіптердің енжарлығы, басқарушылық жұмысты ресмилікке айналдыра отырып, менеджмент жүйесін басқару құралы ретінде жүзеге асыруға мүмкіндік бермейді.

Үшіншіден, жауапкершілік орталықтарының жоспарлы басқарушылық көрсеткіштерге қол жеткізуді бағалауға негізделген уәждеме жүйесінде, сақтандыру компаниялары басқарушылық зерттемелермен ілесіп жүретін жағымсыз беталыстармен кездеседі, олардың ішінде, басқарушылық көрсеткіштердің жеңіл (ынталы емес) қол жеткізілетін мәндерінің қалыптасу ықтималдылығының ұлғаюы; жауапкершілік орталықтарының жалпы компания белсенділігінің қорытынды қаржы нәтижелеріне жетуге қызығушылық танытпай, тек жеке басқарушылық көрсеткіштерге қол жеткізуге бағдарлануы, оның салдары ретінде, ұйым ресурстарының тиімсіз пайдаланылуы; өз мойындарын алатын міндеттемелердің көлемі мен жауапкершілік орталықтарының тарапынан сұрау салынатын ресурстардың арасындағы баланстың бұзылуы, яғни міндеттемелердің көбеюі мен ресурстардың азаюы. Жоспарланған көрсеткіштердің нақты қол жеткізілген мөлшерінің көзі болып табылатын ауқымды деректер қорының болмауы, басқару жұмысындағы сақтандыру компанияларының тағы бір мәселесі болып табылады. Автордың пікіріне сәйкес, бұл мәселе шешілген жағдайда, компаниялардағы басқару кемелділігінің кепілін білдіреді, өйткені басқарушылық есеп тұжырымдамасындағы ресурстардың белсенді пайдаланылуын қарастырады.

Жоғарыда белгіленген мәселелер, сақтандыру компаниясының белсенділігін фирмаішілік басқару құралы ретінде дәстүрлі әдістердің негізінде басқаруды тиімді пайдалануға кедергі келтіреді. Ол мәселелерді шешу алдында, нақты сақтандыру компаниясы үшін дәстүрлі әдістердің негізінде басқару болашағын бағалау сияқты күрделі кезеңнен өту қажет. Шетелдік мамандарымен, оның ішінде, атап айтқанда В.В.Чая келесідей пікірі білдірген, «қазіргі таңда дәстүрлі басқарудың пайдасы аз. Ол бәсекелестік талаптардың қазіргі биіктігіне сәйкес келмейді,...көптеген сақтандырушыларды, басқарудың өзге әдістерінің пайдасына қарай, дәстүрлі басқарудан бас тарту идеясы қызықтырады» [122,4б.]. Дәстүрлі әдістердің негізіндегі басқарудың баламасы, зерттеулер мен әрекеттерге бағдарлануға мүмкіндік беретін үдерістік-бағдарланған басқару технологиясы болып табылады. Бұл тәсілдемеге сәйкес, үдерістік-бағдарланған басқару «қызметтің түрлерін және олардың, стратегиялық мақсаттарға қол жеткізу арасындағы байланысын зерттеуге назар аударады».

Қазіргі таңда, басқарудың үдерістік-бағдарланған технологиясы теориялық зерттеу сатысында орналасқан. Бірақ, маман-тәжірибешілердің пікірінше, компанияның үдерістік-бағдарланған басқару түріне өтуі, дәстүрлі ресурсқа бағдарланған жоспарлау аясында шешіле алмайтын көптеген мәселелерді шешуге мүмкіндік береді және басқару доктринасын анағұрлым икемді және мақсатты жасауға мүмкіндік береді. АВС әдісі (декрипитация) негізінде үдерістік-бағдарланған технология, АBB деген атауға ие болды (Activity – based budgeting), оның, сақтандыру компанияларының басқарушылық есебі мен ішкі бақылауындағы мәні мен пайдалану ерекшеліктері біздің зерттеуіміздің келесі тарауларында қарастырылған.

3 САҚТАНДЫРУ КОМПАНИЯЛАРЫНЫҢ БАСҚАРУШЫЛЫҚ ЕСЕБІН ЖӘНЕ ІШКІ БАҚЫЛАУЫН ҚҰРУДА АВС-ДЕКРИПИТАЦИЯНЫ ПАЙДАЛАНУ

3.1 АВС – декрипитация мәні және сақтандыру компанияларындағы мәні

Авторлық анықтама бойынша, АВС – декрипитация бұл – сақтандыру бизнесі бастапқы достық және серіктестік байланыстардың шеңберінен шығып, өзінің бастапқы тауашасынан кетіп, нарық талаптарымен және бәсекелестікпен кездесуге мәжбүр болатын кезең. Сол уақытта бизнес-зерттеулерді өзгерту қажет.

Егер сақтандыру бизнесінің иесі, ұйымды бизнес-зерттеулер санаттарында басқару мүмкіндігін қарастыруға дайын болса, онда, әдетте, оны келесідей сұрақтар қызықтырады: үдерістердің құрылымы (қисынды тізбек) мен мазмұны (осы қисынды тізбектегі әрбір буынның семантикасы), олардың нәтижелілігі мен тиімділігі, реинжинирингті ұйымдастыру, бұрынғы клиенттердің, өткізу арналарының адалдығын сақтауға және жаңа клиенттер мен арналарды табу үшін жұмсалатын шығындар, клиенттердің қанағаттану дәрежесі бағалау. Осыдан, маркетинг саясатының түзетулері туындайды.

Үдерістердің құрылым мен мазмұнының сипаттамасы – ұзақ, еңбексыйымды және даулардың пайда болуына әкелетін іс болып табылады. Әдетте, басқарушылық шешімдер қабылданатын деңгейлерде көптеген қайталанатын буындар анықталады, және осы шешімдер орындалуы тиіс жерде, өте үлкен мәселелер анықталады. «Қолтаңбалардың» тізімі (шешуші дауыс беру құқығымен) «бұрыштамалардың» дәрежесіне (кеңесші дауыс беру құқығымен) өту есебінен ымыраға қол жеткізіледі, ал бизнес-үдерістердің «қабылданбаған» кезеңдері көнгіш қызметкерлерге жүктеледі.

Бизнес-үдерістердің нәтижелілігін бағалау үшін тиімділіктің негізгі көрсеткіштері қолданылады (Key Performance Indicators, KPI). Мұнда – өзінің мәселелері бар. Шын мәнінде сыйымды және баламалы KPI, кез келген автоматтандырылған есептік жүйе қамтамасыз ете алмайтын нақты және толық есеп талап етіледі. Сондықтан, KPI ретінде бухгалтерлік немесе қарапайым басқарушылық есептің деректері бойынша есептеуге келетін көрсеткіштер қолданылады.

Аталған KPI арқылы иерархиялық құрылымды құру және көрсеткіштердің теңдестірілген жүйесін (Balanced Score Card, BSC) құру әрекеттерінің нәтижесінде орташа нәтижелер туындайды. Ондағы ерекшелік, бастапқы бөлімшелер мен жобалардың деңгейін дейін жете талдап тексерілетін бюджет болып табылады [137].

Кез келген қаржы-экономикалық субъектісі секілді, сақтандыру компанияларындағы басқарушылық есептің маңызды міндеттерінің бірі шығындарды басқару міндеті болып табылады. Бұл міндеттің шешімі, сақтандырушылардың ресурстарды тұтынуына бақылау жүргізу, қосымша ресурстарды тарту болжадарын әзірлеу және оларды пайдаланудан жоғары

деңгейде қайтарымды алу үшін қажет. Сақтандыру компаниясының серпінді дамуы, тиімді басқарушылық шешімдерге негізделген. Сақтандыру қызметтер нарығындағы бәсекелестік орта, басқарушылық мәліметтердің сапасына белгілі стандарттарды талап етеді, біздің ойымызша, сақтандыру компанияларының тәжірибиесінде ABC-декрипитация (әдіс) пайдалану есебінен, аталған стандарттарға қол жеткізуе болады, бұл, шығындардың бухгалтерлік есебінің дәстүрлі жүйесінің орнына сақтандыру қызметінің түрлері бойынша шығындардың есебін ұйымдастырудың баламалы есебін қарастырады [138]. ABC-декрипитация – бұл, шығындарды есепке алу әдісі, оның негізінде ресурстарды тұтынатын белсенділік түсінігі жатыр. Шығындарды сақтандыру қызметінің түрлері бойынша есепке алу, біздің ойымызша, сақтандыру қызметіндегі үдерістер сапасының саласында негізделген басқарушылық шешімдердің қабылдануына, оларды орындау уақытының қысқаруына, қызметтің тиімсіз үдерістері мен түрлерін анықтауға, сақтандыру қызметінің анағұрлым нақты өзіндік құнын анықтауға ықпал етеді.

ABC – декрипитация заманауи көрінісі, бір жарым он жылдық бұрын Р.Купер мен Р.Каплан секілді американдық көрнекті ғалымдарының еңбектерінде айқындалған, BSC жүйес өндірістік көрсеткіштерді жетілдіру бойынша күшті өлшеудің құралы ретінде ұсынылды. Стандарттық қаржы көрсеткіштерінің орнына, зерттеумен айналысатын адамдар, үдерістер, тұтынушыларға назар аударып, бүгінгі күнгі жұмысты ертеңгі күнгі жұмыстың нәтижелеріне нақты бағыт беретіндей, болашақ қаржы нәтижелеріне ықпал ететін факторларды өлшеу мүмкіндігін береді деген болжау жасалған [139-141].

«Біз компаниялармен жұмыс жасаған кезеңнен бастап, олар оны тек өндірістің мақсаттары үшін ғана емес, сонымен қатар өз стратегияларын түсіндіру және сипаттау үшін пайдаланған», - деп профессор өз пікірін білдірген. Компаниялар BSC көрсеткіштер жүйесін стратегиялық құралдың санатына қалай шығарғандығын ұғыну үшін бес жыл қажет болды. Роберт Каплан мен Дэвид Нортонның алғашқы мақаласы 1992 жылы, ал бестеллерге айналған және 22 тілге аударылған «Көрсеткіштердің теңдестірілген жүйесі: стратегиядан әрекетке көшу», («Сбалансированная система показателей: от стратегии к действию» The Balanced Scorecard: translating strategy into action), 1996 жылы жарыққа шықты.

Капланның BSC пайдалану тиімділігін арттыруға бағытталған соңғы идеялары, осы жылдың наурыз айында жарыққа шыққан Alignment кітабында баяндалған, бұл еңбек ұйым бөлімшесінің жұмысын оның стратегиясымен келістіруге арналған. Әрбір компанияда ешқандай өнімді өндірмейтін, ал олардың қызмет етуіне жұмсалатын шығындарды компания өтейтін корпоративтік орталықтар мен өзге де бөлімшелері болады. Осы шығындардың қаншалықты баламалы екендігін ұғыну қажет. Әр түрлі бөлімшелердің мүдделері бір-біріне қайшы болуы және бүкіл компанияның мүдделеріне сәйкес келмеуі мүмкін. Бірнеше жыл бұрын, компаниялар өздері үшін кім және ненің қажет екендігін ұғыну үшін, өндірістік, инновациялық және басқа да үдерістерде қызмет ететін, белгілі бір қызметкерлердің бойында дағдының қайсысы болуы

қажет екендігін анық ұғыну үшін, қызметкерлерді нақты дағды және құзыреттілікпен жүктеу арқылы, оларды компания стратегиясына бекіту (қатыстыру) қажеттілігі туралы түсінік пайда болды. Адами ресурстарды қалыптастыру, оларды АТ және стратегияға қатыстыру қажет.

Капланның айтуынша: «Бұл кітапта – корпоративтік орталық, компанияның бүкіл бизнес-үдерістерінің жұмысында құнды қосуға дайын екендігі туралы, тұтынушылармен сапалы өзара әрекетті қамтамасыз ете отырып, қаржылық мағынада синергетикалық нәтижені қалай құру қажет, көмекші қызметтердің (кадрлар, АТ, қаржы және т.б.) стратегиясын бизнес-бірліктердің стратегияларымен қалай келістіру қажет екендігі туралы баяндалған».

Капланның пікірінше, осы мәселені шешуге қабілетті, компания аясындағы жаңа құрылым «стратегияны басқару кеңсесі» деп аталады. Оның міндеттеріне, стратегиялық тапсырмалардың карталары мен көрсеткіштердің теңдестірілген жүйесінің әзірленуін қадағалау, бизнес-бөлімшелер мен қолдау бөлімшелерінде BSC каскадирлеу, стратегияны талдау, қызметкерлерді ақпараттандыру және BSC жобалау мен пайдалануды оқыту, сонымен қатар стратегияны бөлімшелердің жүзеге асыратын үдерістерімен үйлестіруге жәрдем көрсету сияқты міндеттер жүктеледі.

2004 жылы Роберт Каплан және Стивен Андерсонмен ұсынылған, шығындарды жұмыстардың түрлері бойынша есепке алудың жаңа үлгісі (Time-Driven ABC), үдерістерде немесе бөлімдердің жұмысында қолданылатын, уақыттың бірлігіне жұмсалатын шығындарды, ресурс құнының жұмыстарды орындау үшін жұмсалған ресурстың нақты шығындарына қатынасы ретінде бағалайды. Бұл үлгі, кезең ішінде қолданылмаған ресурстардың көлемін және құнын анық нысанда көрсетеді. Оның BSC жүйесімен үйлесуі, Капланның ойынша, BSC жүйесін жоспарды орындау үшін (адамдар, құрал-жабдық және т.б.) қажетті ресурстардың қажетті қуатын және болжамын есептеу үшін пайдалануға мүмкіндік береді, жоспарлау мен бюджеттеудің өзара байланысын қамтамасыз етеді [140-143].

Отандық мамандар еңбектерінің ішінде С.С Сатубалдин, Э. Толегенов, А.А. Сытмырзаев, К.Т. Тайгашинова және т.б. еңбектерін ерекше атап өтуге болады.

Шетелдік профессор, В.Т.Чая еңбектерінде белгіленгендей, ABC – декрипитация мақсаты, жалпы түрінде, келесідей құрастырылған: үстеме жанама шығыстар мен өнімнің арасында барынша тығыз өзара байланысты орнату есебінен калькуляциялаудың нақтылығын арттыру және шығындарды тиімді басқару. Бұл әдістің пайда болуы, жанама шығындардың үлестірілуін дәстүрлі әдістермен айқындаудың сәйкессіздігін ұғынумен шартталған [145].

ABC – декрипитация келесідей пікірге негізделген, өнім шығындардың пайда болу себебі емес, ол белсенділіктің себебі, осы белсенділіктің нәтижесінде шығындар туындайды. Қызмет дегеніміз, белгілі уақыт кезеңінде нақты және өлшенетін міндеттерді орындауға бағытталған тұрақты қайталанып отыратын әрекеттердің, операциялардың жиынтығы, ал ресурстар дегеніміз – қандай да бір белсенділікті жүзеге асыру кезінде қолданылатын экономикалық элементтер. Осы тұрғыдан, ABC – әдісінің мәні бойынша, кәсіпорынның бүкіл қаржы-

экономикалық қызметі, өндірілетін өнім (жұмыстар, қызметтер) үшін шығындарды құру бойынша құндық тізбекті құратын белсенділіктің белгілі жиіні немесе құндық ағындары түрінде айқындалады [145,136.].

Әдетте, есеп әдебиетінде ABC – әдісін өндірістік кәсіпорындардың тәжірибесінде пайдалану мәселелері қарастырылған. Біз ABC – декрипитация әдісін сақтандыру компанияларында пайдалануға болады деген ойдамыз. Әсіресе, бұл әдіс қазіргі таңда аса қажет, экономиканың барлық салаларына жағымсыз ықпал еткен дағдарыстық құбылыстардың салдарына қарамастан, сақтандыру нарығы 2000 жылдан бастап өз қызметіндегі айналымды арттыра отырып, «Көлік құралдары иелерінің азаматтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы» Заң өз күшіне енген кезеңнен бастап, ары қарай дамып келеді [1,156.]. Бұл заңның шығуы, ең алдымен, жаңа аймақтардың есебінен белсенді дами бастаған ҚР сақтандыру нарығының қарқынды дамуының алғышартына айналды. Көлік құралдары иелерінің азаматтық жауапкершілігін міндетті сақтандыруға бағдарланған, өздерінің филиалдық желісін дамытқан компаниялар, өздерінің құрылымдық бөлімшелерінің залалдылығын анықтағандары белгілі болды. Сақтандыру қоржынын әртараптандыру қажеттілігі туындады. Сақтандыру қоржынының оңтайлы толтырылуын анықтау жөніндегі күрделі міндет, сақтандыру қызметінің өзіндік құнын есептеу, сақтандыру қызметіне бағаларды белгілеу қажеттілігі мен маңыздылығын ұғынуды талап етті. Сақтандыру компаниясының әкімшілігі тарапынан бұл міндет, сақтандыру қызметтерінің өзіндік құнын есептеу нақтылығын арттыруға қойылатын талаппен нақтыланады, оның негізделуі бұл мәселені шеше қоймас, өйткені бұл әдістің кемшіліктері де белгілі.

Біздің ойымызша, сақтандыру компанияларындағы басқарушылық есепке қатысты ABC – декрипитация әдісінің ерекшелігі, үстеме шығыстардың есептелуі мен бақылауы, операцияның құнын сақтандырудың нақты түріне аудару жолымен, сақтандыру компаниясының жұмыстарына қатысты жүзеге асырылады. Жоғарыда айтылып кеткендей, сақтандыру компаниясының үдерістеріне қатысты әр түрлі көзқарастар қалыптасқан. ABC-декрипитация аясында сақтандыру компаниясының үдерістері дегеніміз, белсенділік түрлерінің жиынтығы, олардың тиімділігі сақтандырудың белгілі бір түрі болып табылады. Осы тұрғыдан қарастырғанда, өндірістік кәсіпорындардағыдай, ABC-декрипитацияның мәні бойынша, сақтандыру компаниясының бүкіл қаржы-экономикалық қызметі, сақтандыру қызметтерінің шығындарын қалыптастыру бойынша құндық тізбекті құратын, қызметтің белгілі түрлерінің жиіні немесе құндық ағындары түрінде анықталады.

Үдерістерге жұмсалатын шығындарды атқарымдық-құндық талдаудың көмегімен есептеуге болады (Activity Based Costing, ABC). Бірақ, бұл әдістемені қолдану үшін белгілі жағдайларды қамтамасыз ету қажет. Біріншіден, тікелей шығындардың талдамалы есебі болуы тиіс. Сатып алынатын тауарлар үшін оны орындау қиынға соқпайды, ал жұмыстар мен қызметтер үшін, ол аса күрделі болып табылады, әсіресе бухгалтерлік есептің ерекшелігін назарға алатын болсақ. Екіншіден, шығындардың баптары бойынша жанама шығындардың

талдамалы есебі енгізілуі тиіс. Үшіншіден, жанама шығындар, объектілермен ара қатынаста болатын (ABC пайдалану шеңберіне кіретін) және ара қатынаста болмайтын деп ажыратылуы қажет.

ABC-декрипитацияның түсінігі, сақтандыру компаниясының жанама шығындарын тікелей шығындарға айналдырып, сақтандырудың нақты түріне немесе сақтандыру өніміне жатқызуға мүмкіндік береді. Қызметтің әрбір түрі үшін, калькуляцияланатын объектімен байланысқан және қызметтің бұл түрінің мәнін айқындайтын белсенділікті өлшеу векторы белгіленеді.

Отандық әдебиетте белсенділік векторы шығындардың драйвер (cost driver), бағдарламасы ретінде анықталады, ол қызметтің әрбір түрі немесе жалпы үдеріс үшін, әрекетті немесе функцияны тасымалдаушы және өлшеуіші болып табылады. Менеджерлер, мұндай оқиғаларды ерекше белгілей отырып, мұқиятты түрде назар аударады.

Өзіндік құнды калькуляциялаудың белгілі схемасы: тікелей шығындар және жанама шығындарды қосындысы, ABC-декрипитация әдісін пайдалану барысында, сақтандыру компанияларының тәжірибесінде өзгереді. Өзіндік құн, тікелей шығындардың құны мен көрсетілетін сақтандыру қызметтерінің өзіндік құнына енгізілетін қызметтің әрбір түрінің жанама шығындары үлесінің қосындысымен анықталады. Өз кезегінде, жанама шығыстардың үлесі, қызметтің берілген түрі бойынша шығындар драйверінің құнымен калькуляциялаудың нақты объектісімен арақатынаста болатын сандық шамасының көбейтіндісі ретінде анықталады.

Шығындардың драйвер-бағдарламасы әрекеттердің бірліктерінде, яғни орындалатын жұмыспен анықталады. Арнайы қаржы-экономикалық әдебиетте шығындар драйверін анықтаудың болуы мүмкін нұсқалар туралы әр түрлі пікірлер кездеседі [146,426.]. Осылайша, мысалы, киімдердің бөлшек саудасымен айналысатын компаниялары үшін, бірінші нұсқаға сәйкес, драйверлер-бағдарламасы операциялық өлшеуіштер түрінде пайдаланылуы мүмкін, мысалы, тауарларды сатып алу сатысында-тауар топтамасының саны немесе жеке сатып алу, көлік қызметі үшін – тасымалданған жүктің сандық жағынан тонна-километр, сервистік саласы үшін-сатып алушылармен және тапсырыс берушілермен жұмыс жасау уақыты. Екінші нұсқаға сәйкес, драйверлер-бағдарламасы сағат, күндер және түрінде уақытша қолданылады, өйткені бөлшек саудадағы қызметтің нәтижелілігі, негізінде, айналым қаражатының айналым жылдамдығымен анықталады. Біздің ойымызша, екінші нұсқаны пайдалануға болады, сонымен қатар, - өндірістік кәсіпорындардың тәжірибесінде оңтайлы болып табылады, мысалы, тікелей өндірістік жұмыскерлердің еңбекке жұмсаған шығындарын есептеу үшін дәстүрлі түрде норма-сағат қолданылатын, электр тартпаларын және электр өткізгіштерді дайындаумен айналысатын өндірістік кәсіпорындардың тәжірибесінде пайдаланған тиімді. Өндірістік кәсіпорындарда ABC декрипитация жүйесін пайдалану жағдайында, үстеме жанама шығыстарының өндірілетін өнімнің өзіндік құнынан «қатысуын» анықтау үшін сағатты пайдалануға қатысты мұндай тәсілдеменің маңызы бар, өйткені логистика, өндірісті дайындау, өнім сапасын

тексеру, үдерістерді орындау уақыты сияқты өндірістік кәсіпорындар қызметінің көптеген түрлері үшін маңызды рөлді атқарады.

Сақтандыру компаниялары үшін шығындардың драйверлер-бағдарламасын пайдалану нұсқасын таңдау тұрғысынан қарастырғанда, біздің ойымызша, бірінші нұсқаның үлкен пайдалану ықтималдылығы бар. Сақтандыру компанияларының тәжірибесінде шығындардың драйверлер-бағдарламасы, сақтандыру бойынша жасалған шарттарының саны, сақтандыру шарттарына қосымша ресімделген келісімдердің саны, сақтандыру шарттарын бұзу туралы қабылданған өтініштер саны, сақтандыру жағдайларының басталуы немесе берілген операцияны орындауға жұмсалған уақыт бірліктері, мысалы, сақтандыру полисіндегі бастапқы деректерге енгізу үшін немесе кейінгі өңдеуден өткізу үшін бағдарламалық өнімге жұмсалған уақыт саны немесе сақтандыру төлемін жүргізу үшін бір төлем тапсырмасын құруға жұмсалған уақыт саны сияқты өлшеуіштермен анықталуы мүмкін. Авторлық түсінікке сәйкес, шығындардың тек уақытша драйверлер-бағдарламасын, кейбір сандық драйверлерді пайдаланудың орнына, балама ретінде қолдануға болады. Еңбекақы төлемінің мөлшері, сақтандыру бойынша жасалған шарттардың санына тәуелсіз болып келетін, штаттық қызметкермен орындалатын «сақтандыру шартын жасау» үдерісі үшін, жұмыс күнінің тіркелген ұзақтығы жағдайында, аталған «сақтандыру шартын жасау» көрсеткішін қолдануға болады. Дегенмен, бір жағынан, шығындардың драйвері ретінде «сақтандыру шартын жасауға жұмсалған уақыт саны» көрсеткішін пайдалану әрекетінің, сақтандыру шартын жасау үдерісіне қатысты менеджмент үшін болашағы зор, өйткені бақылауға мүмкіндік береді, яғни уақыттың өнімсіз шығындарын басқару мүмкіндігі бар.

Авторлық пікір бойынша, Қазақстан Республикасының сақтандыру компанияларының тәжірибесіне ABC – декрипитацияны әзірлеу мен енгізуді, үдерістер мен драйверлер-бағдарламасының мазмұнын анықтау мен олардың әрекеттерін өлшеуден бастау қажет. Сақтандыру компаниясының үстеме шығыстары осы үдерістердің аясында үлестіріліп, топтастырылады, бұл, сақтандыру қызметтерінің өзіндік құнын калькуляциялаудың нақтылығы мен негізділігін арттырады. Содан кейін, бастапқы құжаттарға және тиісті қамтамасыз етуші бағдарламаларға, оларды өңдеу нәтижелерінің тіркелімдеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізіледі. Ары қарай, олардың әрекеттерінің мөлшерлемелері, яғни орындалатын үдерістердің аясында драйверлердің құндық шамасы есептеледі. Сақтандыру компанияларындағы шығындардың қолданыстағы баптары, олардың үдерістер арасында үлестірілуін қиындатады. Ең алдымен, шығыстарды тікелей және жанама шығыстарға бөлу қажет. Тікелей шығыстарды сақтандыру қызметінің атқарымдық қамсыздандыру шығындарына енгізудің қажеттілігі жоқ. Оларды сақтандыру қызметтерінің өзіндік құнына тікелей енгізген дұрыс. Жанама шығыстарды, олардың ішіндегі әрекеттердің драйверіне тәуелді шығындарды оқшауландыру жолымен ірілендіру керек. Бұл мәселені 3.2 параграфында толығырақ қарастырамыз.

ҚР сақтандыру компаниялары үшін АВС – декрипитация жүйесінде қолданылатын шығындардың топтастырылуы, басқарушылық (бухгалтерлік есеп) есептің дәстүрлі нысандарында қолданылатын шығындарды топтастырылуындағы ерекшеліктердің жалпы түрі 29 кестеде көрсетілген.

Кесте 29- Элементтермен функциялар бойынша шығындарды топтау.

Элементтер бойынша шығындарды топтау (дәстүрлі нұсқа)		Функция (әрекет) бойынша шығындарды топтау (АВС декрипитация)
Материалдық шығындар	Драйвер бағдарламасының шығындарын пайдалану	Клиенттермен өзарабайланысы
Еңбекақы және әлеуметтік мұқтаждарға аударымдар		Жедел-талдау қызметі
Амортизациялық аударымдар		Сақтандыру қызметімен қамтамасыз ету
Өзге де шығындар		Сақтандыру қызметінің менеджменті
Жиыны		Жиыны
Ескерту - Автормен құрастырылған		

29 кестеден көрініп отырғандай, сақтандыру компанияларында АВС – декрипитация жүйесін пайдалану, шығындардың есебіне қатысты мүлдем басқа тәсілдемені пайдалануды қарастырады.

Жоғарыда анықталып кеткендей, сақтандыру қызметінің тиімділігін артыру мақсатында сақтандыру компаниясындағы үдерістердің менеджменті, әрекеттері, негізінде, бухгалтерлік және қаржы есебінің ақпаратына негізделетін менеджерлердің басымды міндеті болып табылады. Сақтандыру қызметі нәтижелілігінің дәстүрлі көрсеткіштері, сақтандыру түрлері бойынша оның нәтижесін салыстыруға мүмкіндік беретін залалдылық көрсеткіші болып табылады. Залалдылық көрсеткіші келесі формула бойынша есептеледі:

$$Z_3\% = \frac{C3}{ССС}, \quad (1)$$

мұндағы, Z_3 - залалдылық;

$C3$ – жүзеге асырылған залалдар, яғни сақтандыру шарттары бойынша төлемдердің сомасы және залалдар қорларының өзгеруі;

$ССС$ – еңбекпен табылған сақтандыру сыйлықақысы, яғни сақтандыру сыйлықақы сомасы және аққұла сыйлықақы қорының өзгеруі.

Бұл көрсеткішті есептеудің сәйкестендірілген алгоритмі, әр түрлі сақтандыру түрлерінің нәтижелілігін салыстырудың әмбебап құралына айналады. Бірақ, залалдылықты есептеу алгоритмінде сақтандыру компаниясы шығыстарының тізімі шектелген. Сақтандыру түрлері бойынша шығындарды үлестіру әдістерінде біркелкілік жоқ болғандықтан, бұл тізімді әмбебап топтарымен, құрамдарымен шектеу мүмкіндігі жоқ болғандықтан,

шығыстардың көп бөлігінің атаулары жоқ. Сондықтан, маркетинг зерттеулерінің сатыларында залалдылық көрсеткіштерінің статистикалық мәндері, сақтандырудың жаңа түрлерін меңгерудің мақсаттылығы туралы шешімді қабылдау үшін, сақтандыру тарифтерін есептеу үшін бағдар болып табылады. Бірақ, залалдылық көрсеткіші талдау сатысында сақтандыру компаниясы қызметінің тиімділігі туралы және сақтандыру түрлері бойынша сақтандыру қызметінің қаржы нәтижесінің құрылым туралы толық түсінік алуға мүмкіндік бермейді.

Сақтандыру компаниясы немесе сақтандыру брокері, өкілетті мемлекеттік органымен келісе отырып, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен белгіленген тізімі, нысандары және мерзімдері бойынша, жылдық қаржы есептілігін ұсынады. 09.10.06 ҚР Ұлттық Банк Басқармасының № 103 қаулысына сәйкес жойылған [144,42 б.].

Қаржы есептілігін уақытында ұсынбаған, ұсынбаған, немесе қаржы есептілігінде күмәнді мәліметер ұсынған, сонымен қатар қаржы есептілігінің электрондық тасымалдаушысындағы қаржы есептілігіне, қаржы есептілігінің қағаз тасымалдаушысындағы қаржы есептілігіне сәйкес болмаған жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген жауапкершілікке тартылады.

Сонымен қатар, сақтандыру компаниясы белсенділігінің қорытынды қаржы нәтижесі, сақтандырудың жеке түрлеріндегі қаржы қорытындыларының сомасын білдіреді. Қазіргі таңда, сақтандыру компанияларының бухгалтерлік есебінің есеп беру нысандарын, қадағалау тәртібінде ұсынылатын есептілік нысандарын (1 және 2,3 нысандары) құру құрылымы, сақтандыру операцияларын жүргізу бойынша жанама шығыстарды үлестіру аясында басқарушылық есептің элементтерін пайдалануды қарастырады. Бірақ, сақтандыру түрлері бойынша қорытынды қаржы нәтижесі туралы толық көрініс жоқ, өйткені сақтандыру компанияларының тәжірибесінде үстеме шығындарды үлестірудің алгоритмі жоқ, ал егер болған жағдайда, ол жеңілдетілген түрде ұсынылады *Ә Қосымшада*. Дегенмен, жиі кезде, өзінің үлес салмағының салдарынан, үстеме шығыстар, сақтандыру компаниясының пайдасы мен залалдары туралы есептің құрылымын бұрмалайды, нақты талдау мен бақылауды қажет етеді, оларды үлестіру критерийін объективті таңдау мәселесін белгілейді. Сақтандырушының үстеме жанама шығыстары мен АВС-декрипитация жүйесіне тән болып келетін сақтандыру қызметтерінің түрлері арасындағы тығыз байланысты орнату есебінен, сақтандыру қызметтерін калькуляциялау нақтылығын арттыру, авторлық пікірге сәйкес, сақтандыру компаниясындағы шығындардың менеджмент нәтижелілігін арттыруға мүмкіндік береді.

Заманауи бағдарламалық өнімдер ресурстардың, үдерістердің және шығындар объектілерінің көп деңгейлі жанама сәйкестіктерін қолдауға бағдарланған.

Tools and Techniques for Implementing АВС/АВМ басқарушылық есептің халықаралық стандарты, АВС – декрипитация жүйесін енгізудің

инструментарийін (аспаптарын) толық түрде регламенттейді, сол сияқты, басқарушылық шешімдерді қолдау үшін ABC – үлгілеу жүйесінің рөлі туралы түсінікті дамытады. Олардың ішінде келесілері ерекше белгіленген: «шығындар/пайда» қалыптамасы, тиімсіздік себептерін талдау, шығындарды оңтайландыру жоспары, үдерістердің құнын оңтайландырудың «жол картасы».

ABC – декрипитация жүйесін жұмысқа қабілетті күйінде сақтау үшін, оның иесі жүйе арқылы өңделетін ақпараттың өзектілігін қамтамасыз етуі, шығындар объектілерінің драйверлер сипаттамасын толықтыру мен редакциялауы қажет және т.б.

Сақтандыру компанияларының басқарушылық есебінде ABC – декрипитация жүйесін пайдалану алгоритмін және сақтандыру өнімдерін калькуляциялауды қарастырып көрейік.

3.2 Сақтандыру компанияларының басқарушылық есебінде ABC – декрипитация жүйесін пайдалану және сақтандыру өнімдерін калькуляциялау әдістемесі

Біз, келесідей кезендерді жүзеге асыруды қарастыратын сақтандыру қызметтерін калькуляциялау үшін сақтандыру компанияларының басқарушылық есебіне ABC – декрипитация жүйесін пайдалану әдістемесін әзірледік, ол 30 кестеде көрсетілген.

Кесте 30 – Сақтандыру компанияларында ABC-декрипитация пайдалану үшін негізгі этаптар

Этаптар	Этаптарды суреттеу
1 этап	Қызметтер бойынша бөлу: 1. Клиенттермен өзара байланыс тобы 2. Жедел-талдау белсенділік тобы; 3. Сақтандыру қызметін қамтамасыз ету тобы; 4. Сақтандыру компаниясы қызметін басқару тобы.
2 этап	Әрбір драйвер-бағдарламасының шығындар процесін анықтау
3 этап	Драйвер-бағдарламасында шығындар құнын есептеу
Ескерту - Автормен құрастырылған	

Біз, сақтандыру ұйымындағы үдерістерді бөлу бойынша Н.Воробьева маманының ұсынысын қолдай отырып, оларды сыныптамасын ABC – декрипитация жүйесінде пайдалану үшін жарамды деген ойдамыз [71]. Бірыңғай мақсаттар мен үдерістердің жиынтығы ретінде сақтандыру компаниясының белсенділігі 31 кестеде ұсынылған.

IDS Scheer компаниясының деректері бойынша (IDS Scheer – бұл, бизнес-үдерістерді басқару бойынша ірі консалтингтік компаниясы) үдерістік басқару негізінде жүргізілетін бизнес-үдерістерді жаңартау және үдерістік басқаруды енгізу, келесідей нәтиже береді (Деректер 27.10.2007 ж. IDS Scheer фирмасымен жүргізілген шаралардың аясында ұсынылған):

- үдерістер құнының 20 - 60%-ға қысқаруы;
- жаңа өнімдерді енгізу уақытының 40%-ға қысқаруы;
- клиенттер наразылықтарының 20 - 30%-ға қысқаруы [146].

31 кесте - Сақтандыру компания қызметінде бизнес-процесті топтау жиынтығы

Клиенттермен өзара байланыс тобы	Жедел-талдау белсенділік тобы	Сақтандыру қызметін қамтамасыз ету тобы	Сақтандыру компаниясы қызметін басқару тобы
Сақтандыруда жасалған келісім шарт	Маркетинг және жарнама	Қаржы-экономикалық жоспарлау	Стратегиялық маркетинг
	Стратегия және жарнама		
Төлемін өзуақытында қадағалау	Сақтандыру өнімдерін өңдеу мен есептеу тарифтер әдісі	Ішкі аудит	Дамытуды стратегиялық басқару
Сақтандыруда жасалған қосымша келісім шарт	Сақтандыру келісіміне қайта отыру және сатуға арналған жеке өнімдер мен типтер бойынша есептеу тарифі	Қызметкерлермен басқару	Акционерлермен өзара байланысы (меншіктілер)
	Жасалған келісім шарт есебі	Қауіпсіздікті қамтамасыз ету	
Келісімді мерзімінен бұрын бұзу (келісімде бір жақтың кесірінен келісімді мерзімінен бұрын бұзу)	Қайтасақтандыру қорғанысына тап болған сақтандыру келісім шартын құру	Заңмен қамтамасыз ету	Инвестициялармен басқару
	Сақтандыру резервтерінің есептемесі	Инфрақұрылымды дамытумен қамтамасыз ету	
Сақтандыруда қайта жасалған келісім шарттар	Жасалған сақтандыру келісім шарт	Бухгалтерлік және салық есебі	
Сақтандыру келісім шарты бойынша шығындарды реттеу	Қайтасақтандыру келісім шарты бойынша зиянның орнын толтыруды талап ету	Әкімшілік-экономикалық есебі	Лицензиялау
	Қызмет көрсетуші әріптес-жеткізушілермен өзарабайланысы		
Ескерту - Автормен құрастырылған			

Дағдарыс жағдайларында (2015-2017жж.), сол сияқты басқа да жағдайларда, сақтандырушының қаржы тұрақтылығын, сәйкесінші бәсекеқабілеттілігін қамтамасыз етуде шешуші рөлді атқаратын, сақтандыру белсенділігінің ішкі ұйымдастырылуының сапасы маңызды рөлді атқарады: «Дағдарысқа дейін болған қарқынды өсу кезінде, операциялық қызметке аз көңіл бөлінген. Негізінде, барлықтары полистерді сатумен айналысты. Дағдарыс барлық

сақтандырушылардың операциялық қызметін жақсарту қажеттілігін көрсетті» [147,89б.].

Сақтандыру кәсіпкерлігінің субъектісі ретінде сақтандыру компаниясының алдында, оның тиімділігін төмендететін ішкі ұйымдастырушылық-технологиялық мәселелері жиі туындайды, ол кейбір жағдайларда келесідей әрекеттерге байланысты пайда болады:

- шешімдерді қабылдау үдерісінің ақталмаған ұзақтығы;
- бизнес-жұмыстардың ұйымдастырушылық құрылымы мен сақтандыру ұйымы қызметінің жаңа бағыттарына сәйкессіздігі;
- басшылық және бизнес-үдерістердің орындаушылар үшін және бизнес-функциялар үшін анықсыздығы;
- тиісті ұйымдастырушылық-жарлық құжаттарының, регламенттердің, нұсқаулар мен ережелердің жоқтығы;
- сақтандыру компаниясын басқару жүйесіндегі функциялардың қиылысуы мен қайталануы;
- басқарушылықтың талап етілетін деңгейінің жоқтығы [63].

Осындай жағдайларда, сақтандырушылар үшін, үдерістік тәсілдеменің негізінде ішкі бизнес-үдерістерді және олардың бизнес-функцияларын жаңартудың маңызы зор болып келеді, яғни оларды, сақтандыру компаниясы үшін сыртқы және ішкі ортаның өзекті жағдайларына сәйкес келтіру. Сақтандыру компаниясының қаржы тұрақтылығын қамтамасыз етудің маңызды факторы, сақтандырушы мен клиенттің арасындағы өзара қатынастар болып табылады, сондықтан, «компаниялар, клиенттік базаның пайдалылығы мен адалдығына бағдарлану қажет». Портердің үлгісінің күшті жақтарын [141], сегіз-және он үш үдерістік үлгісін пайдалану негізінде, сонымен қатар сақтандыру компанияларының қызметін регламенттейтін ҚР заңнамасының талаптарын, және сақтандыру компаниясы бизнес-үдерістерінің ерекшеліктерін пайдалану негізінде, бизнес-үдерістердің нақты тобының қызмет ету мәселелерін анықтауға, сол сияқты бизнес-жұмыстар мен олардың функцияларын жетілдіру бағыттарын анықтауға мүмкіндік береді.

Сақтандыру компаниялары қызметінің нәтижелерін жақсарту үшін клиенттермен және серіктестермен қатынастарды орнату аса маңызды болып табылады. Сақтандыру компаниясының стратегиясына сәйкес сапалы құрылған бизнес-жұмыстарды жүзеге асыру, сақтандыру компаниясы үшін нарықта елеулі бәсекелестік басымдылыққа ие болуға мүмкіндік береді.

Бастапқы шарттарды анықтау үшін нөлдік сатыдан бір рет өту қажет. Нөлдік сатымен қатар бірінші саты қатар жүруі мүмкін, бірақ ол алғаш рет өткен кезеңде ғана болады, өйткені циклдан екінші рет өткен кезде, соңғы өзгерістерді ескергендегі барлық деректері, үшінші сатының нәтижелері бойынша қолда болады. Бизнес-жұмыстарды жаңарту бағыттарының таңдалуы, сақтандыру компаниясының мақсаттарына және бизнес-үдерістердің осы мақсаттарға сәйкестігінің талдауына байланысты болады. Balanced Scorecard әдістемесінің негізінде даму стратегияларын, ашық жариялауға арналған, сақтандыру фирмаларының ресми құжаттарында жарияланған жетекші отандық сақтандыру

фирмаларын зерттеу нәтижесінде мақсаттардың қалыптамасы құрылды. Мақсатта үш болашақ (топтар) бойынша топтастырылған: сақтандыру фирмасының өсуін және тұрақтылығын қамтамасыз ету, ұйымдастырушылық әлеуетті арттыру, аймақтық филиалдық желіні дамыту.

Balanced Scorecard әдістемесін пайдалануды ескере отырып, мақсаттар мен оларға сәйкес келетін шекті факторлар, оларға жету жолы өлшенетіндей болып құрастырылады.

Жетілдіру әдістерін таңдау және оларды, нақты бизнес-үдеріске қатысты пайдаланудың арақатынасы, жалпы сақтандыру компаниясының мақсаттарына, бизнес-жұмыстардың жиынына, оның ұйымдастырылуының ағымдағы жағдайына және оны орындауда туындайтын мәселелерге байланысты болады. Бизнес-жұмыстардың иесін анықтау, шекаралардың, интерфейстердің нақты сипаттамасы және бизнес-үдерістерге қатысты талаптардың анықталуы, бизнес-үдерістерді жақсарту мен тұрақты мониторингтің бүкіл жүйесін құру үшін базаны құрады.

Бизнес-жұмыстардың көрсеткіштерін жақсарту үшін нақты әдістердің таңдалуы, әдістің ықпал ету бағытымен және оның бизнес-үдерістерді жетілдіру мақсаттарына сәйкестігімен анықталады: бизнес-үдерістің атқарымдық құрамы; ақпараттық өзара әрекет етуі; ресурстардың шығындары; бизнес-үдерістерді ұйымдастыру сапасы.

Жетілдірудің зерттелген әдістері, ғылыми негізде сақтандыру компаниясының бизнес-үдерістерін құрастыруға, клиенттердің мүдделерін толығымен қанағаттандыруға және оның қаржы тұрақтылығын арттыруға мүмкіндік беретін бизнес-жұмыстарды жақсарту тұжырымдамасымен біріктірілген. Бизнес-үдерістің жетілдіру кезінде, оның әр түрлі көрсеткіштеріне қарсы ықпал ету әсері туындайды, яғни бизнес-үдерістің бір параметрін жақсартқан кезінде, басқа параметрлері нашарлайды. Бұл жағдайда деңгейлестіру үшін, тиімділіктің, құнның, сапаның және бизнес-зерттеулер уақытының әр түрлі көрсеткіштерін ескеру қажет. Әдетте, бір көрсеткіштердің оң серпіні, басқа көрсеткіштерге жағымсыз ықпал етеді. Бизнес-жұмыстары сапасының жақсартылуы, оның құнының ұлағаюына және ұзақтығына әкеледі. Сондықтан, бизнес-жұмыстарды жетілдіру барысында көрсеткіштердің арақатынасын және/немесе ұйғарынды шектерін анықытау қажет. Шығындардың драйверлер-бағдарламасын белгілеп, олардың әрбір топтағы үдерістерге қатысты құнын есептеп көрейік. Шығындардың драйверлер-бағдарламасының есептелуі 31 кестеде көрсетілген.

Кесте 31 – Клиенттермен өзара байланыс тобы бойынша драйвер-бағдарламаның құнын есептеу

№	Қызметтер	Сомма, теңге	Драйвер-бағдарлама шығыны		
			Өлшем бірлігі	Саны	Құны
1	Сақтандыру келесім-шарты	200 000	келісім-шарт	200	1 000
2	Төлемін өз уақытында төленуін қадағалануы	50 000	сағ.	56	893
3	Сақтандыру келесім-шартына қосымша шарттар	30 000	келісім-шарт	70	429
4	Келісім-шарттар бұзылуы (бір жақтың шешімі бойынша уақыт мерзімінен бұрын келісімді бұзу)	65 000	келісім-шарт	25	2 600
5	Шығындарды реттеу	150 000	Төленген іс	100	1 500

Кесте 32 – Жедел-талдау қызмет тобы бойынша драйвер-бағдарламасының құнын есептеу

№	Қызметтер	Сомма, теңге	Драйвер-бағдарлама шығыны		
			Өлшем бірлігі	Саны	Құны
1	Маркетинг және жарнама	200 000	сағ.	160	1250
2	Сақтандыру түрлерін дамыту стратегиясы	300 80	сағ.	160	1880
3	Сақтандыру өнімдерін дайындау және сақтандыру тарифтерін есептеу әдісі	200 000	сағ.	160	1250
4	Жеке сатуға арналған өнімдер және сақтандыруда қайтасақтандыру келісім-шарты мен типтері бойынша тарифтерді есептеу	249 600	сағ.	160	1560
5	Сақтандыру келісім-шарты есебі	150 400	сағ.	160	630
6	Қайтасақтандыру қорғанысына тап болған сақтандыру келісім шартын құру	200 000	сағ.	160	1560
7	Сақтандыру резервтерінің есебі	150 400	сағ.	160	940
8	Қайтасақтандыру келісім-шартына отыру	200 000	сағ.	160	1250
9	Қайтасақтандыру келісім-шарты бойынша шығындардың орнын толтыруын жойылуы	150 400	сағ.	160	940
10	Іскер-жеткізушілер қызметінің өзара байланысы	120 000	сағ.	160	750

Кесте 33- Сақтандыру қызметін қамтамасыз ету тобы бойынша драйвер-бағдарламаның құнын есептеу

№	Қызметтер	Сомма, теңге	Драйвер-бағдарлама шығыны		
			Өлшем бірлігі	Саны	Құны
1	Қаржылық жоспарлау және басқару	200 000	сағ.	160	1250
2	Ішкі аудит	150 400	сағ.	160	940
3	Қызметкерлерді басқару	200 000	сағ.	160	1250
4	Қауіпсіздікті қамтамасыз ету	300 800	сағ.	160	1880
5	Заңмен қамтамасыз ету	249 600	сағ.	160	1560
6	Инфрақұрылымды дамытумен қамтамасыз ету	200 000	сағ.	160	1250
7	Бухгалтерлік және салық есебі	200 000	сағ.	160	1250
8	Әкімшілік-салық есебі	150 400	сағ.	160	940

Кесте 34- Сақтандыру белсенділігін қамтамасыз ету тобы бойынша драйвер-бағдарламасының шығын құнын есептеу

№	Қызметтер	Сомма, теңге	Драйвер-бағдарлама шығыны		
			Өлшем бірлігі	Өлшем бірлігі	Өлшем бірлігі
1	Стратегиялық маркетинг	300 000	сағ.	160	1875
2	Басқаруды стратегиялық жетілдіру	300 000	сағ.	160	1875
3	Акционерлермен өзара байланысы (меншіктілер)	300 000	сағ.	160	1875
4	Инвестицияны басқару	300 000	сағ.	160	1875
5	Лицензиялау	300 000	сағ.	160	1875

Сақтандыру түрлері белгіленген, калькуляциялау объектілері бойынша шығындардың драйвер-бағдарламасының үлестірілуі: көлік құралдары иелерінің азаматтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру, атокөлік құралдарын сақтандыру, ерікті медициналық сақтандыру, 31-34 кестелерінде көрсетілген. Топтардың үдерістеріне қатысты шығындардың драйверлер-бағдарламасы құнының есептелуі 35-41 кестелерінде көрсетілген.

Кесте 35 – Клиенттермен өзара байланыс тобымен объектіні калькуляциялау бойынша драйвер-бағдарламасының шығынын бөл

№	Қызметтер	Өлшем бірлігі	Сақтандыру түрлері		
			КҚАЖМС	АҚС	ЕМС
1	Сақтандыру келесім-шартына отыру, қайтасақтандыру	келісім-шарт	100	80	20
2	Төлемін өз уақытында төленуін қадағалануы	сағ.	10	40	6
3	Сақтандыру келесім-шартына қосымша шарттар	келісім-шарт	25	30	15
4	Келісім-шарттар бұзылуы (бір жақтың шешімі бойынша уақыт мерзімінен бұрын келісімді бұзу)	келісім-шарт	15	10	-
5	Шығындарды реттеу	төленген іс	40	30	30

Кесте 36 – Жедел-талдау қызмет тобы бойынша драйвер-бағдарламасының шығынын бөлу

№	Қызметтер	Өлшем бірлігі	Сақтандыру түрлері		
			КҚАЖМС	АҚС	ЕМС
1	Маркетинг және жарнама	сағ.	20	70	70
2	Сақтандыру түрлерін дамыту стратегиясы	сағ.	10	50	100
3	Сақтандыру өнімдерін дайындау және сақтандыру тарифтерін есептеу әдісі	сағ.	-	80	80
4	Жеке сатуға арналған өнімдер және сақтандыруда қайтасақтандыру келісім-шарты мен типтері бойынша тарифтерді есептеу	сағ.	40	80	40
5	Сақтандыру келісім-шарты есебі	сағ.	60	60	40
6	Қайтасақтандыру қорғанысына тап болған сақтандыру келісім шартын құру	сағ.	60	100	-
7	Сақтандыру резервтерінің есебі	сағ.	80	60	20
8	Қайтасақтандыру келісім-шартына отыру	сағ.	60	100	-
9	Қайтасақтандыру келісім-шарты бойынша шығындардың орнын толтыруын жойылуы	сағ.	80	80	-
10	Іскер-жеткізушілер қызметінің өзара байланысы	сағ.	60	60	40

Кесте 37 – Сақтандыру белсенділігін қамтамасыз ету тобы бойынша драйвер-бағдарламаның шығын бөлу

№	Қызметтер	Өлшем бірлігі	Сақтандыру түрлері		
			КҚАЖМС	АҚС	ЕМС
1	Қаржылық жоспарлау және басқару	сағ.	60	60	40
2	Ішкі аудит	сағ.	60	60	40
3	Қызметкерлерді басқару	сағ.	70	70	20
4	Қауіпсіздікті қамтамасыз ету	сағ.	60	80	20
5	Заңмен қамтамасыз ету	сағ.	70	70	20
6	инфрақұрылымды дамытумен қамтамасыз ету	сағ.	60	60	40
7	Бухгалтерлік және салық есебі	сағ.	60	60	40
8	Әкімшілік-салық есебі	сағ.	60	60	40

Кесте 38 – Сақтандыру компания менеджмент тобымен объектіні калькуляциялау бойынша драйвер-бағдарламасының шығынын бөлу

Қызметтер	Өлшем бірлігі	Сақтандыру түрлері		
		КҚАЖМС	АҚС	ЕМС
Стратегиялық маркетинг	сағ.	20	70	70
Басқаруды стратегиялық жетілдіру	сағ.	60	60	40
Акционерлермен өзара байланысы (меншіктілер)	сағ.	50	50	60
Инвестицияны басқару	сағ.	40	40	80
Лицензиялау	сағ.	50	50	60

Кесте 39 – Клиенттермен өзара байланыс тобы бойынша драйвер-бағдарламасының шығын құнын есептеп бөлу

Қызметтер	Өлшем бірлігі	Сақтандыру түрлері		
		КҚАЖМС	АҚС	ЕМС
Сақтандыру келесім-шартына отыру, қайтасақтандыру	тг.	100 000	80 000	20 000
Төлемін өз уақытында төленуін қадағалануы	тг.	8 929	35 714	5 357
Сақтандыру келесім-шартына қосымша шарттар	тг.	10 714	12 857	6 429
Келісім-шарттар бұзылуы (бір жақтың шешімі бойынша уақыт мерзімінен бұрын келісімді бұзу)	тг.	39 000	26 000	-
Шығындарды реттеу	тг.	60 000	45 000	45 000

Кесте 40 – Жедел-талдау қызмет тобы бойынша драйвер-бағдарламасының шығын процесстер құнын есептеп бөлу

Қызметтер	Өлшем бірлігі	Сақтандыру түрлері		
		КҚАЖМС	АҚС	ЕМС
Маркетинг және жарнама	тг.	25 000	87 500	87 500
Сақтандыру түрлерін дамыту стратегиясы	тг.	18 800	94 000	188 000
Сақтандыру өнімдерін дайындау және сақтандыру тарифтерін есептеу әдісі	тг.	-	100 000	100 000
Жеке сатуға арналған өнімдер және сақтандыруда қайтасақтандыру келісім-шарты мен типтері бойынша тарифтерді есептеу	тг.	62 400	124 800	62 400
Сақтандыру келісім-шарты есебі	тг.	37 800	37 800	25 200
Қайтасақтандыру қорғанысына тап болған сақтандыру келісім шартын құру	тг.	93 600	156 000	-
Сақтандыру резервтерінің есебі	тг.	75 200	56 400	18 800
Қайтасақтандыру келісім-шартына отыру	тг.	75 000	125 000	-
Қайтасақтандыру келісім-шарты бойынша шығындардың орнын толтыруын жойылуы	тг.	75 200	75 200	-
Іскер-жеткізушілер қызметінің өзара байланысы	тг.	45 000	45 000	30 000

Кесте 41 – Сақтандыру белсенділігін қамтамасыз ету тобы бойынша драйвер-бағдарламаның шығын процесінің құнын есептеу нәтижесі

Қызметтер	Өлшем бірлігі	Сақтандыру түрлері		
		КҚАЖМС	АҚС	ЕМС
Қаржылық жоспарлау және басқару	тг.	75 000	75 000	50 000
Ішкі аудит	тг.	56 400	56 400	37 600
Қызметкерлерді басқару	тг.	87 500	87 500	25 000
Қауіпсіздікті қамтамасыз ету	тг.	112 800	150 400	37 600
Заңмен қамтамасыз ету	тг.	109 200	109 200	31 200
инфрақұрылымды дамытумен қамтамасыз ету	тг.	75 000	75 000	50 000
Бухгалтерлік және салық есебі	тг.	75 000	75 000	50 000
Әкімшілік-салық есебі	тг.	56 400	56 400	37 600

ABC – декрипитация әдісін пайдалану, жанама шығыстарды сақтандыру қызметтері болып табылатын калькуляциялау объектісіне тікелей жатқызуға, оның салдары ретінде, сақтандырудың әрбір түрі бойынша қаржы нәтижесін анықтауға мүмкіндік береді.

Бұл жағдайда, басқарушылық мұқтаждықтар үшін пайда мен залалдар туралы есептің нысаны келесідей болады (42 кесте).

ABC – декрипитация әдісін пайдаланған кезден бастап, сақтандырудың түрлері бойынша сақтандыру компания белсенділігінің қаржы нәтижесі туралы ақпарат, негізделген басқарушылық шешімдерді қабылдаудың кепіліне айналады.

Біз, есептеу үдерісін жүзеге асыру үшін сақтандыру компанияларының қызметінде ABC – декрипитация әдісін пайдалану құралын қарастырдық. Тәжірибеде ABC – декрипитация әдісін пайдалану арқылы алынатын нәтижелердің айқын артықшылықтары, бұл тәсілдемені жүзеге асырудың елеулі еңбек сыйымдылығымен салыстырылуы мүмкін, бұл Қазақстан Республикасының сақтандыру компанияларындағы жедел есептің мақсаттарын үшін ұсынылған әдісті пайдалану күрделілігінің туындауына әкеліп соғады. Біздің ойымызша, жоғарыда аталған тәсілдемені, белгілі экономикалық оқиғалар жағдайында, атап айтқанда, сақтандыру компаниялары стратегиялық шешімдерді қабылдау кезеңінде, ҚР сақтандыру нарығында құлдырау кезеңі болғанда пайдаланған дұрыс.

Сонымен қатар, ABC – декрипитация әдісін дәріптеудің қажеті жоқ. XX ғ. басында Р.С.Каплан «ABC шығындарын есепке алудың қарапайым жүйесін» жүзеге асыруда туындайтын бірқатар мәселелерді тұжырымдады [148,76].

1. Кәсіпорынның қызметкерлеріне сауалнама жүргізу мен сұхбаттасуға жұмсалатын уақыт мен ресурстардың көп шығындары;
2. ABC есеп жүйесінде қолданылатын деректердің субъективтілігі, және олардың әрекеттілігін негіздеудің күрделілігі;
3. Деректерді сақтау, өңдеу мен ұсынудың көп шығындары;
4. Қызметтің жағдайлары өзгерген жағдайда, ABC есеп жүйесінің үлгісін жаңартудың қиындығы;

5. Қолданылмайтын қуаттарды ескермеген жағдайда, үлгінің теориялық негіздерінің қателігі [148,86].

Кесте 42 - ABC – декрипитация негізінде сақтандыру компаниясының пайда мен залал туралы басқару есебі, тг.

Қызметтер	Сақтандыру түрлері		
	КҚАЖМС	АҚС	ЕМС
Қайта сақтандырудың нетто-сыйақысын сақтандыру	10 000 000	9 500 000	10 000 000
Қайта сақтандырудың аққұла нетто-сыйақысын резервінің өзгерісі	- 4 800 000	- 4 000 000	- 3 000 000
Тікелей шығындар	- 5 000 000	- 6 540 000	-1 200 000
Сақтандыру келісім шарты бойынша өтемақылар– нетто қайтасақтандыру	-2 000 000	- 2 000 000	-1 000 000
Резервтегі зиянның өзгерісі – нетто қайтасақтандыру	- 1 000 000	- 1 500 000	- 500 000
Өзге де сақтандыру резервтерінің өзгерісі	- 500 000	-	-
Сақтандыру сыйақысынан аударысдар	- 300 000	-	-
Сақтандыру келісім шарты бойынша шығындар - тікелей	-2 000 000	-3 800 000	- 500 000
Қайтасақтандыру келісім шарты бойынша сыйақылар	800 000	760 000	800 000
Жанама шығындар	- 726 643	- 1 101 271	- 588 686
Клиенттермен өзара байланыс тобы бойынша ЖИЫНЫ	-218 643	-199 571	-76 786
Операционды-аналитикалық қызмет тобы бойынша шығыстар ЖИЫНЫ	-508 000	-901 700	-511 900
Үстеме шығыстар	-1 059 800	-1 191 150	-900 250
Сақтандыру қызметін қамтамасыз ету тобы бойынша ЖИЫНЫ	-647 300	-684 900	-319 000
Сақтандыру компания қызметін басқару тобы бойынша ЖИЫНЫ	-412 500	-506 250	-581 250
Ағымдағы қызметтен пайда (залал)	-1 586 443	-3 332 421	5 311 064
Инвестициялар бойынша табыстар	200 000	100 000	100 000
Инвестициялар бойынша шығыстар	-50 000	-30 000	-30 000
Салық салуға дейінгі пайда (зиян)	-1 436 443	-3 262 421	4 381 064
Ескерту – Автормен есептелген			

Бұл мәселелерді шешу үшін Р.С. Каплан мен С.Р.Андерсон ABC әдісінің жетілдірілген нұсқасын ұсынды - ABC (TDAC), немесе уақытты өлшеуге бағытталған, шығындарды ішкі шаруашылық қызметінің түрлері бойынша есепке алу [152]. Шығындарды есепке алудың жаңа әдістемесін жүзеге асыру жағдайында, ішкі экономикалық қызметтің арасында ресурстардың шығынын үлестіру құралын әзірлеу үшін кәсіпорын қызметкерлеріне сауалнама жүргізу мен сұхбаттасу қажеттілігі жойылады.

TDABC енгізу саласында таяу шетелдерінің заманауи зерттеулері, атап айтқанда В.Т.Чая, А.И.Шигаев еңбектері [149,351б.]. Біздің ойымызша, TDABC әдістемесін сақтандыру компанияларының тәжірибесіне енгізу мүмкіндігі бар. Сақтандыру компанияларына қатысты, TDABC әдістемесінің мәніне сәйкес, шығындардың сақтандыру түрлері бойынша үлестірілуі, бағалау көрсеткіштерінің екі санатын пайдалануға негізделеді – оның қуатының бірлігіне қатысты ресурстар шығынының мөлшері (әдетте, қуат жұмыс сағатымен немесе минутпен өлшенеді) және қызметтің қандай да бір түрін орындауда ресурсқа деген сұраныс (әдетте, сұраныс белсенділіктің бірлігін орындау үшін талап етілетін уақыттың ұзақтығымен айқындалады).

Жауапкершіліктің әрбір орталығы үшін, есепке алудың бір соңғы объектісі бойынша қызметтің түрлерін орындау үшін жұмсалған, орталықтағы қызметкерлер уақытының жалпы санымен анықталады (сақтандыру түрі). Есептің осы объектісіне жататын шығындардың мөлшері, орталықтағы ресурстар шығындарының мөлшерлемесін, менеджмент бойынша табылған жұмыс уақытына көбейту жолымен есептеледі. Белсенділіктің түрлері бойынша шығындар мен жұмыстардың аралық жиынтықталуы жүргізілмейді.

«Заңды тұлғаларды сақтандыру жөніндегі маманы» жауапкершілік орталығына қатысты TDABC әдістемесін қарастырып көрейік. Ол үшін:

1. Сақтандыру компанияларының ішкі экономикалық белсенділігі бойынша бағыттардың жалпы номенклатурасынан «Заңды тұлғаларды сақтандыру жөніндегі маманы» жауапкершілік орталығы қызметінің үдерістерін және түрлерін бөліп көрсету;
2. Осы орталықтың қызмет түрлері арасында «Заңды тұлғаларды сақтандыру жөніндегі маманы» жауапкершілік орталығының шығыстарын үлестіруді қамтамасыз ету;
3. «Заңды тұлғаларды сақтандыру жөніндегі маманы» жауапкершілік орталығындағы ресурстар шығындарының мөлшерлемелерін есептеу;
4. Есепті кезеңде сақтандырудың түрлері бойынша ішкі экономикалық белсенділіктің нақты көлемін анықтау;
5. «Заңды тұлғаларды сақтандыру жөніндегі маманы» жауапкершілік орталығындағы үдерістер бойынша жұмыстарды орындау уақытын есептеу;
6. TDABC әдістемесі бойынша сақтандырудың түрлері бойынша шығындарды үлестіру.

«Заңды тұлғаларды сақтандыру жөніндегі маманы» жауапкершілік орталығы қызметінің түрлеріндегі жұмыстардың жиынтығы, сақтандыру компаниясының клиенттерімен өзара әрекет ету топтарының қызмет түрлері мен үдерістері аясында жүзеге асырылады. Клиенттермен өзара әрекет ету топтарының қызмет түрлерінің номенклатурасы 40 кестеде көрсетілген.

Клиенттермен өзара әрекет ету топтарының қызмет түрлерінің жалпы номенклатурасынан, «Заңды тұлғаларды сақтандыру жөніндегі маманы» жауапкершілік орталығының белсенділік түрлерінің қатарына келесі кодтар бойынша қызмет түрлері кіреді: 1.1, 1.2, 1.3, 1.4, 2.1, 2.2, 3.1, 3.2, 4.1, 4.2, 4.3, 4.4. ағымдағы айда «Заңды тұлғаларды сақтандыру жөніндегі маманы»

жауапкершілік орталығының жалпы шығыстары 60 000 теңгені құрады. Қызметтің түрлері арасында жауапкершіліктің аталған орталығындағы шығыстардың үлестірілуі 43 кестеде көрсетілген.

43 Кесте – Клиенттермен өзара әрекет ету тобының қызмет түрлері мен жұмыстарының номенклатурасы

Жұмыстардың, қызмет түрінің атауы	Код
Сақтандыру, қайта сақтандыру шарттарын жасау	1
Жаңа клиенттерді тарту (іздістіру) – телефон арқылы келіссөз жүргізу, хат жазысу	1.1
Әлеуетті клиенттермен жасалынуы мүмкін сақтандыру шарттары туралы келіссөздер жүргізу (жеке кездесулер), жасалған сақтандыру шарттарының мерзімін ұзарту	1.2
Сақтандыру шарттарын жасау үдерісінде клиенттермен өзара әрекет ету (сақтандыру шартына отыру үшін қажетті құжаттардың жиыны туралы кеңес беру, сақтандыру ережелерін түсіндіру)	1.3
Сақтандыру шарттарын ресімдеу	1.4
Төлемнің уақытында түсуін қадағалау	2
Төлеуге арналған шоттарды ұсыну үшін бөліп төленетін сақтандыру сыйлықақы төлемінің мерзімін қадағалау, сақтанушыға сақтандыру сыйлықақысы (жарналары) уақытында төленбеген жағдайда, бұзылуы мүмкін сақтандыру шарты туралы хабарлама жіберу	2.1
Сақтандыру сыйлықақыларын (жарналары) төлеу үшін шоттарды ұсыну	2.2
Сақтандыру шарттарына қосымша келісімдерді жасау	3
Сақтандыру шарттарына өзгертулерді енгізу туралы өтініштерді қабылдау	3.1
Сақтандыру шарттарына қосымша келісімдерді ресімдеу	3.2
Бұзу (бір тараптың бастамасымен, мерзімнен бұрын бұзу)	4
Сақтанушыға сақтандыру сыйлықақысы (жарналары) уақытында төленбеген жағдайда, сақтандыру шартының мерзімнен бұрын бұзылатындығы туралы хабарлама жіберу	4.1
Сақтандыру сыйлықақысы (жарналары) уақытында төленбеген жағдайда, сақтандыру шартының мерзімнен бұрын бұзылатындығы туралы өкімді дайындау	4.2
Тиісті жағдайлардың туындауымен сақтанушының бастамасымен сақтадыру шартын мерзімнен бұрын бұзу туралы өтініштерді қабылдау	4.3
Сақтандыру шарты мерзімнен бұрын бұзылған жағдайда қайтарылуы тиіс сақтандыру сыйлықақысының бөлігін есептеу	4.4
Залалдарды реттеу	5
Сақтандыру жағдайлары басталғанда өзара әрекет ету тәртібі туралы сақтандырушылар мен жәбірленушілерге кеңес беру	5.1
Сақтандыру жағдайлары басталғанда өтініштерді қабылдау	5.2
Сақтандыру жағдайларының басталуы туралы өтініштерді қарастыру	5.3
Төлем ісін дайындау	5.4
Апатты комиссарлар қызметінің жұмысы	5.5
Залалдарды тікелей реттеу бойынша өзара әрекет ету	5.6
Ескерту – Дереккөзі авторлық зерттеу	

Жауапкершілік орталықтарындағы ресурстар шығындарының мөлшерлемесі, әрбір жауапкершілік орталығы бойынша бір ай ішіндегі жиынтық шығындар мен бір айдың ішіндегі жауапкершілік орталығының нақты қуаты негізінде есептеледі. 8 сағаттық жұмыс күні мен есепті айдағы 20 жұмыс күні

бойынша «Заңды тұлғаларды сақтандыру жөніндегі маманы» жауапкершілік орталығындағы қызметкердің ең жоғары жұмыс уақыты (әкімшілік қуаты) 160 сағатты құрайды. Бұл жауапкершілік орталығындағы ресурстардың шығыс мөлшері айына 60 000 теңгені құрайтын сомаға тең болса, бұл орталықтағы ресурстардың шығындар мөлшерлемесі 375 теңге/сағатты құрайды. Барлық жауапкершілік орталықтарындағы ресурстардың шығындар мөлшерлемесінің есептелуі 44 кестеде көрсетілген.

Кесте 44 – «Сақтандыру бойынша заңды тұлғалардың маманы» жауапты орталықтың қызмет түрлері арасында шығындарды бөлу

Шығын түрлері	Шығын түрлері бойынша шығын соммасы, тг.	Қызмет коді	Қызмет түрлерінің коді	Жұмыс уақытының пайызы	Қызмет түрлері бойынша шығын соммасы, тг.
1	2	3	4	5	6
Еңбекақы және әлеуметтік мұқтаждыққа аударымдар	20 000	1	1.1	5%	3 000
Материалдық шығындар	10 000	1	1.2	7%	4 200
Амортизациялық аударымдар	500	1	1.3	15%	9 000
Жалгерлік төлемдер	12 000	12	1.4	20%	12 000
Өзге де шығындар	17 500	2	2.1	10%	6 000
-	-	2	2.2	3%	1 800
-	-	3	3.1	5%	3 000
-	-	3	3.2	10%	6 000
-	-	4	4.1	10%	6 000
-	-	4	4.2	5%	3 000
-	-	4	4.3	5%	3 000
-	-	4	4.4.	5%	3 000
-	-	-	-	100%	60 000

«Заңды тұлғаларды сақтандыру жөніндегі маманы» жауапкершілік орталығының қызметкері төрт жұмыс бойынша өз қызметін атқарады. 47 кестеде, қызметкердің әрбір жұмыс бойынша жұмыстардың 1 бірлігіне жұмсалған уақыты есептелген. Бұл есептеуде, үдеріс бойынша жұмыстың жалпы уақыты үдеріс бойынша ішкі экономикалық белсенділік көлемінің жалпы шамасына бөлінеді (шығындардың драйверлер-бағдарламасының жалпы шамасына (43 кесте). Атап айтқанда, «Заңды тұлғаларды сақтандыру жөніндегі маманы» жауапкершілік орталығының қызметкері, есепті айда сақтандыру шартын жасау жөніндегі жұмысқа 75,2 сағат жұмсаған. Бұл жұмыс бойынша шығындардың драйвер-бағдарламасы – сақтандыру шарттарының саны. Сәйкесінше, 1 сақтандыру шартын жасау үшін қызметкер орта есеппен 0,38 сағ. жұмсаған: $75,2 \text{ сағ.} / 200 \text{ шарт} = 0,38 \text{ сағ.} / \text{шарт}$.

Кесте 45 – Жауапты орталықтың ресурстар мөлшерлемесінің есептемесі

Жауапты орталық	Шығын ресурстарының жалпы саны, теңге	Жауапты орталықтың қуаттылығы	Өлшем бірлігі	Шығын мөлшерлемесі, теңге/1 бірлікке қуаттылығы
Заңды тұлғаларды сақтандыру бойынша маман	60 000	160	сағ.	375,00
Жеке тұлғаларды сақтандыру бойынша маман	50 000	160	сағ.	312,50
Сақтандыру департаментінің менеджері	105 000	160	сағ.	583,33
Шеккен зиянды реттеуші бөлім менеджері	120 000	160	сағ.	666,67
Шеккен зиянды реттеуші бөлім маманы	55 000	160	сағ.	343,75
Специалист по приему заявлений о наступлении страховых случаев	40 000	160	сағ.	250,00
Аварийный комиссар	65 000	160	сағ.	369,32
Жиыны	495 000	-	-	-

Кесте 46- Сақтандыру түрлері бойынша ішкі экономикалық қызметтің көлемі

Көрсеткіштер	Сақтандыру түрлері			Барлығы, тг
	КҚАЖМС	АҚС	ЕМС	
Сақтандыру келісім-шартына отырғандар саны	100	80	20	200
Количество рабочих часов, затраченных на отслеживание своевременности оплаты страховых премий (взносы)	10	40	6	56
Количество заключенных дополнительных соглашений к договорам страхования	25	30	15	70
Сақтандыру келісім шартын бұзғандар саны	15	10	-	25
Төленген істің саны	40	30	30	100

Кесте 47 – «Сақтандыру бойынша заңды тұлғалардың маманы» жауапты орталықта қызметтер бойынша орындалған жұмыстың уақытын есептеу

Қызметтер атауы	Жұмыс уақытының пайызы	Жұмыстың жалпы уақыты	Драйвердің жиынтық шамасы	Өлшем бірлігі	Драйвердің 1 бірлікке кеткен уақыты, сағ.
Келісім-шартқа отыру	47%	75,2	200,00	шарт	0,38
Өзуақытында төлемді қадағалау	13%	20,8	56,00	сағ.	0,37
Сақтандыру келісім-шартына қоса қосымша келісім-шартқа отыру	15%	24	70,00	шарт	0,34
Келісім-шарттар бұзылуы (бір жақтың шешімі бойынша уақыт мерзімінен бұрын келісімді бұзу)	25%	40	25,00	шарт	1,60

Ары қарай, «Заңды тұлғаларды сақтандыру жөніндегі маманы» жауапкершілік орталығы бойынша уақыттың теңдеуі құрылады (Т):

$$T=0,38*N_{\text{шарттары}} + 0,37* \text{сағаттары} + 0,34*N_{\text{шарттар}} + 1,60*N_{\text{шарттары}}, \quad (2)$$

мұндағы: N- шарттардың саны. Сағаттар – үдерісті орындау үшін жұмсалған сағат саны.

Сақтандырудың нақты түріне жатқызылатын шығындардың мөлшерін есептеуде, уақыттың жалпы шамасы орталықтағы (мөлшерлеме) ресурстар шығындарының мөлшерлемесіне көбейтіледі, сәйкесінше, уақыт теңдеуі шығындарды теңдеуіне (3) түрленеді: $Z=T*\text{Мөлшерлеме}$ (3)

Жалпы, «Заңды тұлғаларды сақтандыру жөніндегі маманы» жауапкершілік орталығы шығыстарының ішінде 27 707 теңге көлік құралдары иелерінің азаматтық жауапкершілігін міндетті сақтандыруға жатқызылады ($0,38 * 100 + 0,37 * 10 + 0,34 * 25 + 1,60 * 15$) * 375 (P.S. - формуланың коэффициенттерінде дөңгелектеу кезінде қателік бар); автокөлік құралдарын ерікті сақтандыруға - 26 709 теңге, ерікті медициналық сақтандыруға – 5 584 теңге (48 кесте).

Кесте 48 – TDABC әдісі бойынша сақтандыру түрлері арасында шығындарды бөлу

Көрсеткіштер	Сақтандыру түрлері			Барлығы, тг
	КҚАЖМС, тг	АҚС, тг	ЕМС, тг	
Заңды тұлғаларды сақтандыру бойынша маман	27 707	26 709	5 584	60 000
Жеке тұлғаларды сақтандыру бойынша маман	25 127	24 873	-	50 000
Сақтандыру бөлімінің менеджері	23 112	32 789	49 099	105 000
Шығындарды реттеу бөлімінің басқарушысы	47 688	53 957	18 355	120 000
Шығындарды реттеу бөлімінің маманы	17 162	25 333	12 505	55 000
Сақтандыру жағдайы болғандығы туралы арызды қабылдайтын маман	19 135	15 678	5 187	40 000
Апат комисарі	42 189	22 811	-	65 000
Барлығы	202 120	202 150	90 730	495 000
Ескерту – Автормен есептелді				

Сонымен, ABC – әдісін және оның негізінде құрастырылған TDABC әдістемесін пайдалану, шығындарды сақтандырудың түрлері бойынша үлестіруге мүмкіндік берді. «Клиенттермен өзара әрекет ету» тобы бойынша үлестірілетін шығындардың бірдей мөлшерінде, 48 кесте (ABC әдістемесі) (TDABC әдістемесі) ұсынылған сақтандыру түрлері бойынша үлестіру нәтижелерінің бір-бірінен айырмашылығы бар. Бұл әдістемелердегі деректердің

арасындағы ерекшеліктерімен түсіндіріледі. Мұнда, біздің ойымызша, TDABC әдістемесін пайдалану, анағұрлым анық және еңбексыйымдылығы аз болып келеді.

Сақтандыру компанияларының тәжірибесінде ABC – әдісін, TDABC әдістемесінің пайдаланылуы, сақтандырудың түрлері бойынша қаржы нәтижелерін анықтау мақсаттарымен, және осы деректерді салыстыру үшін пайдаланумен, сақтандыру нұсқаларының тиімділігін анықтаумен шектелмейді. Бұл әдістер, сақтандыру қызметтерін барынша нақты анықтау және негіздеу үшін қолданылуы мүмкін.

Тауарлар, жұмыстар, қызметтердің бағаларын белгілеу үшін дәстүрлі түрде екі тәсілдеме қолданылады. Ең кең таралған тәсілдеме бойынша, компания өз өнімінің бағасын, өнімнің өзіндік құны мен жоспарланған пайданың нормасына негізделе отырып белгілейді. Осылайша, бағаны белгілеудің бастапқы нүктесі өнімнің өзіндік құны болып табылады. Екінші тәсілдемеге сәйкес, баға белгілеу механизмінің негізінде, мақсатты баға белгіленеді, одан пайданы нормасы шегеріледі. Туындаған айырма өнімнің мақсатты өзіндік құнын анықтайды. Өзіндік құнның мақсатты калькуляциясы – тұтынушыға бағдарланған тәсіл. Оларды жапондық компаниялар кеңінен қолданады, әсіресе, автокөлік жасау саласында. Бірақ, соңғы уақытта, Еуропа мен АҚШ-та да белсенді түрде қолданыла бастады. Мақсатты калькуляция, бір жағынан, сату бағасын құрудың негізі ретінде, екінші жағынан, шығындарды басқару құралы ретінде қолданылуы мүмкін. Бұл жағдайда, мақсатты калькуляцияны пайдалану келесідей әрекеттерді жүзеге асыруды қажет етеді: тұтынушылар қызмет үшін төлейтін мақсатты бағаны анықтау; пайданың мақсатты маржасын анықтау және мақсатты бағаның негізінде мақсатты өзіндік құнды белгілеу; қызметтің нақты өзіндік құнын есептеу; егер нақты өзіндік құн мақсатты құннан жоғары болса, нақты шығындарды мақсатты шығындардың деңгейіне дейін төмендету тәсілдерін анықтау [149].

Қазақстан Республикасындағы сақтандыру компанияларының тәжірибесінде мақсатты калькуляция әдісін пайдалану мүмкіндігі бар деген ойдамыз. Оның алғышарттары, ҚР сақтандыру нарығында баға белгілеу құралының ерекшеліктері болып табылады. Біріншіден, сақтандыру компаниялары, нарықтың субъектілері бола отырып, сақтандыру қызметтерінің бағаларын белгілеуде, сұраныс пен ұсыныс заңдарына бағынады. нарықтық экономика жағдайларындағы сұраныс пен ұсыныстың еркін ойыны, әлеуетті сақтанушыға қажетті сақтандыру қызметтерінің пайда болуын ынталандырады, сақтандыру қызметтерінің нарықтық бағасын белгілейді. Сонымен қатар, сақтандырудың міндетті түрлеріне қатысты сақтандыру тарифтерінің мемлекеттік реттелуі, сақтандырушылардың сақтандыру қызметтерінің бағасына тікелей ықпал етуін қарастырмайды. Басқа сөзбен айтқанда, сақтандыру компаниялары, жиі кезде, сақтандыру қызметінің бағасы нарықпен, немесе мемлекетпен белгіленген жағдайларда қызмет етуге мәжбүр болады. Екіншіден, сақтандыру қызметі-сақтандыру тарифі бағасының есептелуі, математикалық және статистикалық әдістерді қолданумен жүзеге асырылады (актуарлық есептеулер). Актуарлық

есептеулердің көмегімен, әрбір сақтанушының сақтандыру қорын құрудағы қатысу үлесі анықталады, яғни тарифтік мөлшерлемелердің мөлшері анықталады, ал сақтандырушымен көрсетілетін қызметтердің өзіндік құны, бүкіл сақтандыру жиынтығына қатысты есептеледі. Басқаша айтқанда, сақтандыру қызметін баға белгілеу құралы, оның орташаланған нарықтық құнына бағдарланады, мұнда, әдетте, сақтандыру компаниялары сақтандыру қызметінің толық өзіндік құнын есептемейді. Сақтандыру теориясына сәйкес, сақтандыру қызметінің бағасы – сақтандыру тарифінің анықталуы – белгілі алгоритмге бағынады, оның механизмі В.В.Шахов маманының еңбектерінде толығымен баяндалған[21]. Сақтандыру шарты жасалатын тариф мөлшерлемесі брутто-мөлшерлемесі деп аталады. Өз кезегінде, брутто-мөлшерлемесі екі бөліктен тұрады: нетто-мөлшерлеме және жүктеме.

$$Br=N+Ж, \quad (4)$$

Мұндағы, Br-брутто-мөлшерлеме; N - нетто-мөлшерлеме; Ж – жүктеме.

Нетто-мөлшерлемесі сақтандыру тәуекелінің бағасын білдіреді: өрт, тасқын, жарылыс, оның негізінде сақтандыру жағдайының басталу ықтималдылығы жатыр. Жүктеме, сақтандыру компаниясының сақтандыру ісін ұйымдастыру және оны жүргізу жөніндегі шығыстарын өтейді, қосымша қорларға түсетін аударымдардан, пайда элементтерінен тұрады.

Біздің пікірімізше, сақтандыру компанияларының тәжірибесінде қолданылатын мақсатты калькуляция әдісі келесідей әрекеттерден тұрады, нарықпен немесе мемлекетпен белгіленетін мақсатты брутто-мөлшерлемені белгілеу; нетто-мөлшерлемесін есептеу, соңында нетто-мөлшерлемесі мақсатты жүктемені есептеу үшін мақсатты брутто-мөлшерлемесінің мөлшерінен шегеріледі; мақсатты пайданы анықтау, нәтижесінде, істі жүргізуге жұмсалатын шығыстардың мақсатты деңгейін тіркеу. Істі жүргізуге жұмсалатын шығыстардың мөлшері тіркелгеннен кейін, сақтандыру менеджерлерінің алдында күрделі міндет пайда болады: сақтандыру қызметінің мақсатты бағасының белгіленген деңгейінде жоғары пайда табу үшін, істі жүргізуге жұмсалатын шығыстардың нақты мөлшерін арттыру емес, керісінше барынша азайту міндеті. Мақсатты калькуляция әдісін пайдалану әрекеті, істі жүргізуге жұмсалатын шығыстарды бақылау жолымен пайданың нормасын түрлендіру мүмкіндігін бере отырып, сақтандыру компанияларының пайданы арттыруға қатысты ұмтылыстарына қатаң шарттар қояды. Осы аспектіде, сақтандыру қызметінің нақты өзіндік құнын жете есептеу, істі жүргізуге жұмсалатын нақты шығыстарды мақсатты шығыстардың деңгейіне дейін төмендету тәсілдерін анықтау өзектілігі арта түседі. Компанияда осы есептеуді жүргізуде, ABC – әдісін және TDABC әдістемесін қолдану, компанияға үлкен пайда әкелуі мүмкін. Тәжірибеде ABC -әдісін және TDABC әдістемесін пайдалану мүмкіндігі, біздің ойымызша, сақтандыру қызметінің түрлері бойынша сақтандыру қызметінің өзіндік құнын нақты есептеудің болашағын анықтауы мүмкін. Есептеудің нәтижелері, нақты шығындарды мақсатты шығындардың деңгейіне дейін төмендетудің ұйғарынды ресурстары мен бағыттары туралы

шешімдерді қабылдаудың негізіне айналуы мүмкін, қызметтің тиімсіз түрлерін жоюға мүмкіндік туғызады.

Біз, бұл жұмыста, нақты зерттеуді талап ететін, Қазақстан Республикасының сақтандыру компанияларындағы мақсатты калькуляциялау әдісін пайдалануға қатысты тұжырымдамалық тәсілдемелерді анықтадық. Мақсатты калькуляциялау әдісін, АВС-декрипитация әдісімен, TDABC әдістемесімен үлестіру, кез келген қаржы-экономикалық субъектінің, оның ішінде сақтандыру нарығындағы субъект белсенділігінің маңызды және әрекетті құралына айналуы мүмкін деген ойдамыз. Біздің ойымызша, АВС – декрипитация әдісін, нақты калькуляциялау үшін ғана емес, сонымен қатар тиімді бақылау үшін де қолдануға болады.


3.3 АВС – декрипитация әдісінің басқаруда және сақтандыру компанияларының белсенділігін басқарушылық бақылауда қолданылуы

АВС – декрипитация әдісін басқарушылық бақылау мақсаттары үшін пайдалану, оның қағидаларын пайдалану арқылы алынған нақты деректерді, алдыңғы кезеңдердегі нақты мәндерімен немесе сыртқы эталонымен салыстыруды білдіреді. АВС – декрипитация әдісінің мұндай мүмкіндіктері бақылаудың мақсаттары үшін шектелген, өйткені, сыртқы эталон болып табылатын деректерге әр уақытта қол жеткізу қиын, ал салыстыру үшін қолданылатын алдыңғы кезеңдердегі ұқсас мәндер, әдетте, тек алдыңғы кезеңдердегі есептілік көрсеткіштерінің серпінін белгілеуге ғана мүмкіндік береді. Бұл жағдайда, бұл бақылаудың қаншалықты ақпаратты екендігін айту қиын, өйткені ол, қол жеткізуге қалаулы көрсеткіштерді салыстыруға қатысуды ұсынбайды. Тиімді бақылау, біріншіден, нормативтік мәндерді алдын ала белгілеуді, үздіксіз мониторингті, оның ішінде, қорытынды кезеңде нақты мәндерді жоспарланған көрсеткіштермен салыстыруды қарастырады, екіншіден, туындаған ауытқулар үшін жауапты тұлғалармен үйлесуі тиіс. АВС-әдісінің ласы бағытта дамуы, АВВ – жүйесін құруға түрткі болды. АВВ-жүйесінің пайда болуы, АВС – декрипитация әдісін пайдалану жағдайында, бизнес-жұмыстар мен қызмет түрлері бойынша шығындарға жүргізілетін бақылауды күшейту қажеттілігімен байланысты [137].

Қызметтің түрлері бойынша шығындарды басқарудың мәні, жалпы түрінде, өте қарапайым болып табылады: АВС – декрипитация әдісіне ұқсас, бірақ нақты деректерді емес, жоспарланған деректерді пайдаланатын тәсілдеме.

Танымал шетелдік маманы А.Апчечаның пікірінше, «компания АВВ әдісін қолдануда, басшылық болашақ шығыстарды, қызметтің әрбір түрі бойынша, шығындар тасымалдаушыларының, ұсынылған саны мен мөлшеріне сәйкес жоспарлайды (шығындардың драйверлер-бағдарламасы). Осы бағалаудың негізінде, қызметтің жоспарланған көлемін қамтамасыз етуге қажетті шығындар анықталады» [150]. Мамандардың пікірінше [139], бұл «өзіне АВС-әдісі мен бюджеттік әдісті қабылдайтын» жүйеге қатысты қарапайым көзқарас, оның есебінен АВС – декрипитация әдісінің жаңа бақылау-талдамалы мүмкіндіктері пайда болады. Осылайша, АВВ – жүйесі дегеніміз, негізінде қызметтің түрлері

бойынша шығындарды және олардың негізінде құрылатын жауапкершілік орталықтарын жоспарлауға, бақылауға, есепке алу мен талдауға мүмкіндік беретін басқарушылық әдіс пен ABC – әдісі жатқан ақпараттық жүйе. Қолданыстағы экономикалық субъектінің аясында жауапкершілік орталықтарын белгілеу бойынша әр түрлі тәсілдемелер бар. Жауапкершілік орталықтарын «ірілендіру» дәрежесі, алдыға қойылған міндеттерге, жауапкершілік деңгейінің нақтылануына байланысты болады. Әдетте, жауапкершілік орталықтары қаржы-экономикалық субъектілердің ұйымдастырушылық құрылымының негізінде құрылады. Сақтандыру компаниясының ұйымдастырушылық құрылымы нұсқаларының бірі 11 суретте көрсетілген.



Сурет -11 - Сақтандыру компания құрылымының ұйымдастырылуы

Сақтандыру компанияларының тәжірибесінде АBB-жүйесін пайдалану мақсаттары үшін, сақтандыру компаниясының ұйымдастырушылық құрылымының негізінде, оны ары қарай сақтандырушының сақтандыру

компаниясындағы жұмыстардың жиынтығына жүктеу арқылы, жауапкершілік орталықтарының жүйесін құруға болады деген ойдамыз. 10 суретте көрсетілген сақтандыру компаниясының ұйымдастырушылық құрылымы жауапкершілік орталығының құрылымына сәйкес келеді.

АВВ – жүйесін құру жолындағы қажетті құрамдас бөлігі ретінде, жауапкершілік орталықтарының (ЖО1-ЖО4) жүйесін енгізу, жұмыстардың жауапкершілік орталықтары бойынша топтастырылуын қарастырады. Мұндай қайта топтастырудың нәтижесі 49 кестеде көрсетілген.

Басқарушылық әдісті АВВ – жүйесінің аясында қолдану, ішкі бақылау жүйесін құруға мүмкіндік береді. Жауапкершілік орталықтарын бөліп шығару нәтижесі әлеуметтік басқарушылық нысандары мазмұнының көрнекі түсінігі болып табылады, онда, бақылауды жүзеге асыру болашағын ұсына отырып, нақты деректері жинақталатын, басқарушылық көрсеткіштердің жоспарлы мәндері құру қағидасы бойынша көрсетіледі (әшкерленеді).

Кесте 49 – Жауапты орталықтармен қызметтердің өзара байланысы

(ЖО 1)	(ЖО 2)	(ЖО 3)	(ЖО 4)	(ЖО 5)
Сақтандыру бойынша бас жетекшінің орынбасарының қызметі	Қаржы-экономикалық сұрақтар бойынша бас жетекшінің орынбасарының қызметі	Стратегиялық жетілдіру бойынша бас жетекшінің орынбасарының қызметі	Сақтандыру қызметін әдіснама және тәуекелділікті басқару бойынша бас жетекшінің орынбасарының қызметі	Бас жетекшінің қызметі
Қызмет				
Сақтандыру келісім-шартына отыру, қайта отыру	Сақтандыру келісім-шартына отыру есебі	Маркетинг және жарнама	Сақтандыру өнімдерін өңдеу және сақтандыру тарифтерін есептеу әдістері	Ішкі аудит
Өз уақытында төлемін қадағалау	Сақтандыру резервтерін есептеу	Сақтандыру түрлерін жетілдірудің стратегиясы		Қауіпсіздікпен қамтамасыз ету
Сақтандыру келісім-шартына қоса қосымша келісім-шартқа отыру	Қаржылық басқару және жоспарлау	Заңмен қамтамасыз ету		Инфрақұрылымды жетілдірумен қамтамасыз ету
Досрочное расторжение. Происходящее по инициативе одной из сторон	Қызметкерлермен басқару	Стратегиялық маркетинг	Сатуға арналған жеке өнімдерді және типтері бойынша тарифтерін есептеу және сақтандыру келісім шартымен қайтасақтандыру	Басқарушылық-экономикалық есеп
Сақтандыру келісім-шартына қайта отыру	Бухгалтерлік есеп пен салық есебі Инвестицияны басқару	Жетілдіруді стратегиялық басқару		Акционерлермен өзарабайланысы (меншіктілер)
Ескерту- Авторлық өңдеу				

Біздің пікірімізше, АВМ-жүйесін пайдалану кезінде басқарушылық бақылаудың негізгі нәтижесі, қызметтің тиімсіз түрлерін анықтау болып

табылады. Жауапкершілік орталықтары едәуір дәрежеде ірілендірілген, бұл жоғары буын менеджерлерінің мүдделерін пайдалану тұрғысынан ақталған: сақтандыру жөніндегі бас жетекшінің орынбасары, қаржы-стратегиялық дамыту жөніндегі бас жетекшінің орынбасары, сақтандыру белсенділігінің тәуекелдерін басқару және әдіснамасы жөніндегі бас директордың орынбасары, және бас директордың орынбасары, олардың әрқайсысы, кем дегенде, оның құрылымына кіретін әрбір департаменттің құнын білуі тиіс.

Орта буын менеджерлерін, шығыстардың сипаты мен олардың жоспарлы мөлшерге сәйкестігі бойынша шығыстардың мөлшері тұрғысынан ғана емес, сонымен бірге, орындалатын үдерістердің тиімділігі тұрғысынан, өздері басқаратын департаменттің шығындары қызықтырады. Орындалатын үдерістердің тиімділігін, қызмет түрлерін талдау нәтижелері, әдетте, белсенділіктің тиімсіз түрлерін жою бойынша басқарушылық шешімдер, мүмкін болатын кадрлық өзгерістер болып табылады. Қызметтің тиімсіз түрін жоюдың мысалы, Қазақстан Республикасының сақтандыру компанияларының филиалдарындағы бухгалтерлік есеп департаменттерінде сақтандыру өтемін төлеу бойынша төлем тапсырмасын құру операцияларын жою жөніндегі басқарушылық шешім болып табылады. Ерекшелік ретінде, филиалдарда бухгалтерлік қызметтердің құрылуы, бас сақтандыру компаниясында бухгалтерлік қызметтердің құрылуына ұқсас болды: филиалдардағы бухгалтерлік есеп департаменттерінде бас (аға) бухгалтерлердің жайғасымдары қарастырылды, олардың міндеттеріне, кәсіптік дағдылардың тұрғысынан қарастырғанда, жай операцияларды орындау бойынша қызметтердің жұмыстарын орындау, сонымен қатар төлемдерді жүргізу немесе кассалық операцияларды жүргізу, және аса күрделі міндеттеріне – аяқталмаған бухгалтерлік есептілікті құру, салық есебін жүргізу кіреді. Құжат айналымының тұрғысынан, кейбір шағын филиалдарда, көзделген міндеттерді орындау үшін, бухгалтерлік қызметтің бір жұмыскері, әдетте, бас бухгалтер ғана жеткілікті болған. Сақтандыру қоржынының құрылу үдерісі жүріп жатқан кезеңінде, филиалдардың қалыптасу және даму кезеңінде, компания осындай жолмен, бухгалтерлік қызметтер жұмысының ұйымдастырылуын сақтай алды. Сақтандыру компанияларының көрсететін көптеген қызметтерінің ішінде, әлеуетті сақтанушыларды тарту тұрғысынан, сақтандырудың міндетті түрлері, атап айтқанда, көлік құралдары иелерінің азаматтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру, еңбек сыйымдылығы төмен қызмет болған.

Филиалдардың сақтандыру қоржындары, залалды болып табылатын, ең алдымен, көлік құралдары иелерінің азаматтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру немесе автокөлік құралдарын ерікті сақтандыру есебінен қалыптастырылғаннан кейін, нәтижесінде, филиалдардың сақтандыру төлемімен байланысты мәселелері пайда бола бастады. Көлік құралдары иелерінің азаматтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру бойынша сақтандыру төлемдерін жүргізу мерзімдері туралы заңнама нормасы, филиалдардағы бухгалтерлік қызметтер жұмысының ұйымдастырылуына түзетулер енгізді, өйткені бірінші кезектегі мәселе, сақтандыру төлемдерін жүргізу бойынша төлем

тапсырмаларын құру болды. Бір жағынан, сақтандыру жағдайларының ұлғаймалы саны, екінші жағынан, сақтандыру төлемдері жүргізу мерзімдерін сақтау қажеттілігі, бас бухгалтерлерді өз жұмыстарын қайта ұйымдастыруға мәжбүр етті. Егер бұрынғы кезде, сақтандыру төлемдерін жүргізу бойынша төлем тапсырмаларын құру бас бухгалтердің жұмыс уақытының 10%-н ғана құрайтын болса, қойылған жаңа шарттар бойынша бұл пайыз 60-қа дейін өсті. Оның салдары ретінде, филиалдарда бухгалтерлік есепті жүргізу және бухгалтерлік және салық есептілігін құрудың сапасы нашарлады, бұл жағдай, ішкі аудит қызметтерінің қорытындыларымен, ұлғайған жүктемеге қатысты бас бухгалтерлердің қанағаттанбаушылығымен расталды. Сақтандыру компанияларының менеджерлері, сақтандыру жағдайларының саны, сәйкесінше, құрылатын төлем тапсырмаларының саны өскенімен, бұл өсудің ауқымдары филиалдардағы бухгалтерлік қызметтердің штатын кеңейтуге мүмкіндік бермейтіндігін түсінген. Сондықтан, бас кеңсенің бухгалтерлік қызметтерінің орталықтандырылған күшімен, сақтандыру төлемдерін әзірлеуді ұйымдастыру туралы шешім қабылданды. Бағдарламалық өнімде бір төлем тапсырмасын құруға қажетті уақыт белгілі болды. Осы ақпараттың негізінде күн сайын құрылатын төлем тапсырмаларының оңтайлы саны, банктің бір үзінді көшірмесін өңдеу уақыты есептелді. Нәтижесінде, сақтандыру өтемін төлеу бойынша төлем тапсырмаларын құру жөніндегі оқшауландырылған операцияларды орындайтын, банктің үзінді көшірмелерін өңдеумен айналысатын, бас сақтандыру компаниясының бухгалтерлік қызметтеріндегі жұмыскерлерге деген қажеттілік анықталды. Бұл жұмысқа студенттер, немесе жұмыс тәжірибесі жоқ жас тағылымгер-мамандар тартылды, бұл компанияға еңбекақы төлемін үнемдеуге мүмкіндік берді. Осылайша, компания филиалдарымен сақтандыру өтемдерін төлеу бойынша төлем тапсырмаларын құру операциясын жоюдың жағымды қорытындысы келесідей:

1. Бас сақтандыру кеңсесі мен филиалдардың бухгалтерлік қызметтерінің ішінде ұйымдастырушылық құрылымның оңтайландырылуы;
2. Жүктемені, аса күрделі және жауапты міндеттердің (тапсырмалардың) орындалуын оңтайландыру есебінен, филиалдардағы бас бухгалтерлердің қанағаттанушылығының артуы (бас бухгалтерлер, өздерінің жұмыс уақытының көп бөлігін төлем тапсырмаларды құруға жұмсайтындықтарымен қанағаттанбаған, өйткені олар өздерінің кәсіптік дағдыларын жоғалтып, бухгалтерлік және салық есебіне аз көңіл бөлген, ғылыми өңдеу жұмыстары мен көшпелі салық тексерістері кезінде, ішкі аудит қызметтерінің тексерістері кезінде қателердің пайда болуына алаңдаған);
3. Еңбекақы төлемі бойынша үнемдеу. Филиалдағы бас бухгалтердің еңбекақысы, төлем тапсырмаларды құру үшін жауапты бас бухгалтердің еңбекақысынан жоғары болғандықтан, компанияның экономикалық көзқарасының тұрғысынан қарастырғанда, бас сақтандыру компаниясының жауапты бухгалтерлерінің еңбекақы мөлшерімен салыстырғанда, филиалдардың бас бухгалтерлеріне бірыңғай операцияларды орындағаны үшін анағұрлым жоғары мөлшерлеме бойынша еңбекақы төлеу орынсыз;

4. Сақтандыру төлемдерін алу бойынша кідірістер жоқ болған жағдайда, клиенттердің қанағаттанушылықтарының артуы;
5. Сақтандыру өтемдерін төлеу бойынша төлем тапсырмаларын құрудағы қателіктер санының азаюы, оларды құру жылдамдығының артуы (бірыңғай операцияларға шоғырлану, төлем тапсырмаларының реквизиттерін толтыруда анықсыздықтың ықтималдылығын азайта отырып, төлем тапсырмаларын құру бойынша банктің нұсқауларын бұлжытпай сақтауға мүмкіндік береді, төлем тапсырмаларды құру жылдамдығын арттыру);
6. Электрондық құжат айналымы тұжырымдамасының енгізілуі;
7. Банктермен электрондық өзара әрекет ету бойынша бағдарламалық өнімді сатып алу мен қызмет көрсетудің үнемделуі (құрылымдық бөлімшелердің саны бойынша жиырма бағдарламалық өнімдердің орнына бас сақтандыру компаниясында бір бағдарламалық өнімді орнату);
8. Банк қызметтерін төлеу бойынша үнемдеу. Қазақстан Республикасының сақтандыру компанияларының банктермен ұзақмерзімді өзара әрекет етуі, банк қызметтерін төлеу бойынша жеңілдіктерді алуға мүмкіндік берді, өйткені сақтандыру төлемдерінің жүргізілуін, филиалдардан бас сақтандыру кеңсесіне ауыстыру туралы шешімнен кейін, ақшалай қаражаттың бүкіл көлемін бір банкте бас кеңсенің бірыңғай есебінде жинақтау туралы шешім қабылданды;
9. Сақтандыру төлемдерін жүргізу зерттемелерін басқаруды орталықтандыру. Сақтандыру компанияларының бухгалтерлік есеп департаменттерінде сақтандыру өтемдерін төлеу бойынша төлем тапсырмаларын құру операцияларын жою туралы шешімі, белсенділіктің тиімсіз түрлерін жою жөніндегі сақтандыру компаниясының менеджерімен қабылданған жалғыз шешімі емес. Ары қарай, филиалдардағы бухгалтердік бөлімдердің аяқталмаған бухгалтерлік есептілігін құру жөніндегі операциялары тиімсіз болып танылды. Оның салдары ретінде, сақтандыру компаниясының бас кеңсесінің бухгалтерлік есеп департаменті ішінде, филиалдармен жүргізілетін жұмыс жөніндегі және жиынтық бухгалтерлік және салық есептілігін құру жөніндегі тобы бөлініп шығарылды. Сақтандыру ұйымдарының филиалдарындағы ұқсас операцияларды орындау тиімсіздігін бір уақытта мойындай отырып, сақтандыру компаниясы бас кеңсесінің бірыңғай операцияларының орталықтандырылуы, сақтандыру төлемінің мөлшерін есептеу бойынша, филиалдардың залалдарын реттеу департаменттерімен орындалатын операцияларын да қамтыды. Бұрынғы кезде, сақтандыру жағдайларының басталуы туралы өтініштерді, сол сияқты, төлем ісін құру үшін қажетті құжаттарды жинаумен, өз кезегінде, сақтандыру өтемдерінің мөлшерін есептеумен айналысатын сақтандыру компаниясы филиалдарының залалдарын реттеу департаменттері айналысқан болса, ары қарай сақтандыру өтемдерінің мөлшерін анықтау функциясы, сақтандыру компаниясы бас кеңсесінің залдарын реттеу департаментіне табысталды.

АВВ-жүйесінің негізінде белсенділіктің тиімсіз түрлерін анықтаудың дәл сол қағидасы аутсорсингте де қолданылады. Біздің жүргізген зерттеуіміз көрсетіп отырғандай, сақтандыру компанияларының белсенділігіндегі аутсорсинг, әдетте, күрделі басқарушылық шешімдерді талап ететін ауқымдарда

қолданылмайды, дегенмен, сақтандыру компаниялары алаңдарды жинастыру және күзету қызметтерін тұтынатын жағдайда қолданылуы мүмкін. Өндірістік кәсіпорындардың қызметінде ол жиі кездеседі. Шетелдік өндірістік кәсіпорында белсенділіктің тиімсіз түрлерін анықтау жөніндегі АВВ – жүйесін пайдаланудың мысалы, аутсорсинг жұмыстарымен байланысты шығындарды (бұл жағдайда, өндірістік кәсіпорын қызметтерді көрсететін, қарама-қайшы мысал қарастырылады) оны жүзеге асырудан туындайтын нәтижені анықтау жөніндегі мысал болып табылады. Шетелдік компания, автокөліктер үшін жеткізілетін тартпалар мен электр өткізгіштердің өндірушісі болып табылады. Фирма аймақта белсенділіктің аталған түрімен айналысатын жалғыз компания емес, сондықтан қызметтің біртекті түрлерімен айналысатын ұйымдар жиі кезде, өздеріне қажетті құрамдас бөліктерді сатып алу бойынша коммерциялық ұсыныс негізінде шетелдік компанияларына жүгінеді. Бір жағынан, шетелдік компания қорлардың деңгейін төмендету және қорлардың айналымдылығын арттыру жұмыстарын жүргізсе, екінші жағынан, құрамдас бөліктерді өткізу жөніндегі белсенділік, оның қызметінің негізгі түрі болып табылмайды. Яғни, құрамдас бөліктерді өткізу жөніндегі тәртіп құжатпен реттелмегендігін білдіреді. Құрамдас бөліктерді өткізудің әлеуетті операциясының нәтижелілігі туралы шешім қабылдауды жеңілдету үшін «құрамдас бөліктерді шет жаққа өткізу» жұмысының құнын анықтау жөніндегі шешімі қабылданды. Ол үшін қосалқы үдерістер ерекше белгіленіп, олар үшін тартылған департаменттер бөлініп шығарылды, қосалқы үдерістерді орындаудың уақыт бірлігі бойынша мөлшерлемесі және қосалқы үдерісті орындаудың орташа уақыты есептелінді. Бұл есептің шартты мысалы 50 кестеде келтірілген.

Кесте 50 – «Компоненттерді басқа жаққа өткізу» құнын есептеу операциясын дайындау

Жұмыстар	Жауапты департамент	Жауапты орталық (ЖО)	Уақыт, мин.	Бірлік уақытқа кеткен шартты мөлшері тг/мин.	Жұмыс операциясының құны
1	2	3	4	5	6
Компоненттерді сатып алуға коммерциялық ұсыныс алу	Логистика Департаменті	Маман	10	5	50
Компоненттердің кәсіпорын қоймасында болуын тексеру	Логистика Департаменті	Маман	10	5	50
Келешекке қажетті компоненттерді тексеру	Логистика Департаменті	Маман	30	5	150
Берілген компонентті өткізу мүмкіндігі туралы шешім қабылдау	Логистика Департаменті	Департамент жетекшісі	10	10	100
Есептік бағасын анықтау үшін қаржы департаментіне сұрау салу жолдамасын жіберу	Логистика Департаменті	Маман	5	5	25

50 – кестенің жалғасы					
1	2	3	4	5	6
Есептік бағасы анықтау туралы бөлімшелерге жіберілген ақпаратқа қызығушылық білдірушілерге бағыт	Қаржы Департаменті	Есепші	10	5	50
Берілген компонентті өткізу туралы шешім қабылдау	Қаржы Департаменті	Қаржы жетекшісі	10	10	50
Сату құнын анықтау	Қаржы Департаменті	Қаржы жетекшісі	30	10	100
Компонентті сатып алуға дайындығы туралы келісім алу, өткізу бағасы мен сату мүмкіндігі туралы шешім қабылдағаны туралы сатып алушыны ақпараттау,	Логистика Департаменті	Маман	20	5	100
Компонентті өткізу туралы дайындық (қоймадағы дислокацияны анықтау, есептеу, қораптау және т.б.)	Логистика Департаменті	Маман	30	5	150
Жеңелтілетін құжаттарды жолдамамен дайындап, қолдарын жинақтау	Қаржы Департаменті	Есепші	20	5	100
Жауапты тұлғалардың құжаттарға қолы	Қаржы Департаменті	Қаржы жетекшісі	3	10	30
Жауапты тұлғалардың құжаттарға қолы	Логистика Департаменті	Департамент жетекшісі	3	10	30
Жауапты тұлғалардың құжаттарға қолы	Логистика Департаменті	Маман	3	5	15
Бухгалтерлік бағдарламаға компоненттерді өткізу туралы деректерді еңгізу	Қаржы Департаменті	Есепші	5	5	25
Арнайы бағдарламаға компоненттерді өткізу туралы деректерді еңгізу	Логистика Департаменті	Маман	5	5	25
Жиыны	-	-	-	-	1000
Ескерту – Автормен есептелді					

1. Туындайтын қаржы нәтижесі туралы анық ақпаратты алу мүмкіндігін берді. Есептеу нәтижелері компания менеджерлеріне келесідей әрекеттері орындауға мүмкіндік берді:
2. Жұмыстың есептелген құнына бағдарлана отырып, жалғыз құрамдас бөліктерді өткізу жұмыстарын тиімсіз деп танып, құрамдас бөліктерді өткізу мүмкіндігі туралы шешім қабылдау жұмысын жеңілдетті;
3. Үстеме шығыстарды өткізілетін құрамдас бөліктердің бағасына қосу арқылы өткізілетін құрамдас бөліктердің бағасын белгілеу жұмысын реттеу жолымен жеңілдету;

Өткізілетін құрамдас бөліктердің өзіндік құны мен оларды өткізуден Осылайша, басқарушылық бақылау тұжырымдамасы үшін ABC – декрипитация әдісін пайдалану, компанияның мақсаттарына жету тұрғысынан тиімсіз болып табылатын зерттемеден бас тартып, нәтижелі жұмысты дамыту жолымен, экономикалық субъектінің жұмысына ықпал ете отырып, экономикалық субъектінің басқаруға мүмкіндік береді. Бұл, өндірістік, сонымен қатар, сақтандыру компаниясы үшін тән болып келеді. ABB – жүйесін пайдалану қағидалары бірдей болып келеді. Бұл үлгіні енгізу барысында, қорытынды ақпаратты алу мәселесі туындайды.

Бірақ, бұл мәселе, арнайы бағдарламалық өнімдерді пайдалану арқылы және әрбір жұмыскер жұмыстардың белгілі бір түріне нақты жұмсайтын уақытын өзі тіркейтін жағдайдағы, өзін-өзі бақылау жолымен шешіледі. Бұл шетелдік компаниялардың тәжірибесінде таралған және отандық компаниялармен игеріле бастады. Біздің ойымызша, сақтандыру компаниялары осындай құралдарды енгізу үшін бейімді болып келеді.

Қызметкерлермен жеке операцияларды орындау үшін жұмсалатын нақты уақытты тіркеумен байланысты техникалық кезеңі, ABC – декрипитация және ABB – әдісін енгізудің қажетті шарттарының бірі ретінде, сақтандыру компанияларының тәжірибесінде TDABC әдісінің қағидаларын пайдалану болашағына жол ашады, бұл TDABC аясында (Time driven activity based budgeting) нақты жұмысқа жауапты жеке қызметкерлердің немесе департаменттер секілді – жұмыстардың «иелері» деңгейіндегі зерттемелердің орындалуына бақылау ұйымдастыруға және ABB – әдісінің ұқсастығы бойынша TDABC әдісін қабылдайтын, уақытты өлшеуге бағдарланған ішкі шаруашылық қызметтің түрлері бойынша жоспарлаудың орындалуына бақылау ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Біз, сақтандыру компанияларының тәжірибесінде, TDABC әдісін пайдалану әдістемесін ұсынамыз. Басқарушылық көрсеткіштердің жүйесін құру алгоритмі, TDABC әдістемесіндегі нақты деректер үшін жоғарыда сипатталған алгоритмге ұқсас болып келеді. Жоспарлы әдістің TDABC әдісіне қатысуы, жоспарлы көрсеткіштерді белгілеу және TDABC әдістемесі бойынша нақты деректердің есебін ұйымдастыру, сонымен қатар келесі сатыларда жүргізілетін ауытқуларды есептеу жөніндегі тәртіптердің орындалуын қарастырады:

1. «Заңды тұлғаларды сақтандыру жөніндегі маманы» жауапкершілік орталығының шығыстарын белсенділіктің түрлері арасында үлестіру (51 кесте);
2. Жұмыстардың шығындарын үлестіру мөлшерлемелерін есептеу (52 кесте);
3. Сақтандырудың түрлері бойынша белсенділіктің көлемін анықтау (53 кесте);
4. «Заңды тұлғаларды сақтандыру жөніндегі маманы» жауапкершілік орталығындағы ресурстар шығындарының мөлшерлемелерін есептеу (54 кесте);
5. «Заңды тұлғаларды сақтандыру жөніндегі маманы» жауапкершілік орталығында жұмыстар бойынша жұмыстарды орындау уақытын есептеу (55 кесте);
6. «Заңды тұлғаларды сақтандыру жөніндегі маманы» жауапкершілік орталығында TDABC әдістемесі бойынша сақтандырудың түрлері арасындағы

шығындарды үлестіру. Анықталған ауытқулардың талдауы, алгоритмнің жеке сатыларында, сол сияқты, оның қорытынды сатысында жүргізілуі мүмкін.

TDABC жүйесінің аясында анықталған ауытқулардың талдауы, келесідей қорытынды жасауға мүмкіндік береді. «Занды тұлғаларды сақтандыру жөніндегі маманы» жауапкершілік орталығындағы нақты шығыстардың жоспарлы мәндерінен 14%-ға артық болуы, КҚАЖМС бойынша 37%, АҚС бойынша 3%, шығындардың бір уақытта үнемделуі жағдайында ЕМС бойынша 10%-ға шығындардың жоспарлы көрсеткіштеріне жетпеуге әкеліп соқты (кесте 56).

Кесте 51 – TDABC әдісі шегінде қызмет түрлері арасында «Сақтандыру бойынша заңды тұлғалардың маманы» жауапты орталықтың шығыстарын бөлу

Шығындар бабы	Шығындар соммасы, теңге			№ жұмыс	Қызмет түрлері	Жұмыс уақытының пайызы			Шығындар соммасы, теңге		
	Жоспар	Нақты	Ауытқу			Жоспар	Нақты	Ауытқу	Жоспар	Нақты	Ауытқу
Еңбекақы және әлеуметтік қажеттілікке аударымдар	15 000	20 000	- 5 000	1	1.1	7%	5%	2%	3 675	3 000	675
Материалдық шығындар	8 000	10 000	-2 000	1	1.2	2%	7%	-5%	1 050	4 200	-3 150
Амортизациялық аударымдар	500	500	-	1	1.3	18%	15%	3%	9 450	9 000	450
Жалдық төлемдер	12 000	12 000	-	1	1.4	14%	20%	-6%	7 350	12 000	4 650
Өзге де шығындар	17 000	17 500	-500	2	2.1.	12%	10%	2%	6 300	6 000	300
-	-	-	-	2	2.2	2%	3%	-1%	1 050	1 800	-750
-	-	-	-	3	3.1	5%	5%	-	2 625	3 000	-375
-	-	-	-	3	3.2	11%	10%	1%	5 775	6 000	-225
-	-	-	-	4	4.1	12%	10%	2%	6 300	6 000	300
-	-	-	-	4	4.2	7%	5%	2%	3 675	3 000	675
-	-	-	-	4	4.3	5%	5%	-	2 625	3 000	-375
-	-	-	-	4	4.4	5%	5%	-	2 625	3 000	-375
Жиыны	52 500	60 000	- 7 500	-	-	100%	100%	-	52 500	60 000	- 7 500

«Қол жеткізбеу» - біздің пікірімізше, бағалау үшін ең қолайлы термин, өйткені көрсеткіштерге қол жеткізуді ынталандыруға бағытталған және жағымсыз жанама ерекшелігі жоқ. Шығыстар, шығындардың келесідей баптары бойынша артық болды (51 кесте): еңбекақы – 5000 теңге немесе 33%; материалдық шығындар – 2000 теңге немесе 25%; өзге де шығындар – 500 теңге немесе 2%.

Қызметтің түрлері бойынша жұмыс уақыты құрылымының талдауы (51 кесте), келесі жұмыстар бойынша уақыт шығынының ұлғаюын көрсетті: әлеуетті клиенттермен жасалынуы мүмкін сақтандыру шарттары туралы келіссөздер

жүргізу (жеке кездесулер), қолданыстағы сақтандыру шарттарын ұзарту (5%), сақтандыру шарттарын ресімдеу (6%), сақтандыру сыйлықақыларын (жарна) төлеу бойынша шоттарды ұсыну (1%), материалдық және өзге де шығындар бойынша шығыстардың көбеюін білдіреді. «Еңбекақы» шығындарының орталығында қуаттардың бір уақытта ұлғаюы жағдайында, шығындар орталығы қуатының 350 сағаттан 375 сағатқа (25 сағатқа немесе 7%) (50 кесте) дейін бір уақытта ұлғаюы жағдайында, «еңбекақы» шығындарының баптары бойынша шығыстардың артуы, маманның мерзімнен тыс жұмысын сипаттайды. Нәтижесінде КҚАЖМС бойынша жасалған шарттардың нақты мәні жоспарлы мәнінен 40 шартқа немесе 25%-ға артты (53 кесте). АҚС мен ЕМС бойынша жасалған шарттардың саны жоспарлы мәнге сәйкес келеді. Осылайша, шығындардың жоспарлы мәніне 14%-ға қол жеткізілмеген болса (49 кесте), жасалған шарттардың саны 25%-ға артты (54 кесте), бұл нақты шығындарды жоспарлы шығындардан артық екендігін дәлелдейді. Бірақ, сақтандыру түрлері бойынша қызметтің қорытындысы, жасалған шарттардың нақты саны жасалған шарттардың жоспарлы санына сәйкес болғанда, шығындардың нақты мәнінің жоспарлы мәнінен ауытқуы, сақтандыру түрі бойынша теріс болған жағдайда, жауапкершілік орталығының тиімсіз жұмысын анықтады.

Сонымен, АҚС бойынша жасалған шарттардың нақты саны олардың жоспарлы шамасына сәйкес болғанда, нақты шығындар жоспарлы шығындардан 685 теңгеге немесе 3%-ға артық болды (54 кесте). Жекелеген жұмыстарды орындауға жұмсалған уақыттың құрылымына жүргізілген талдау, құрылымдағы өзгерістерді көрсетті, бұл 2 жұмысы бойынша шығындардың драйверлер-бағдарламасының қымбаттауына, шығындардың драйверлер-бағдарламаларының бір бірлігіне «төлемнің уақыттылығын қадағалау» бойынша 0,07 сағатқа артық болуына әкеліп соқты (52 кесте). Жұмсалған уақыттың нақты құрылымының жоспарлы шамаға сәйкес болмауының нәтижесінде, жұмыскер тиісті көрсеткіштерге қол жеткізген жоқ және оның белсенділігінің өзге де бағалау көрсеткіштері белгіленген мақсатқа жеткен жоқ (55 кесте), атап айтқанда, сақтандыру шарттарыбойынша мерзімі өткен дебиторлық берешекті пайызы өсті (ДБК). 51 кестеде мақсаттарға қол жеткізу бойынша жұмыс иелерінің жауапкершілігін анықтайтын және жұмыстың әрбір иесінің деңгейінде өзін-өзі бақылау нысанында сақтандыру компаниялары зерттемелерінің орындалуына жүргізілетін ішкі бақылауды ұйымдастыруға қабілетті, қызметкер (департамент) белсенділігінің бағалау көрсеткіштерінің біз әзірлеген доктринасы ұсынылған. «Заңды тұлғаларды сақтандыру жөніндегі маманы» жауапкершілік орталығы белсенділігін бағалау көрсеткіштерінің нақты мәндерінің, олардың басқарушылық шамасымен (бағалау көрсеткіштеріне қол жеткізу) салыстырылу қорытындысы, 2015 ж. мамыры бойынша, жыл баснына өспелі қорытынды негізінде (55) кестеде көрсетілген.

Кесте 52 - TDABC әдісі шегінде шығындарды бөлудегі жұмыстың мөлшерін есептеу

Қызмет атауы	Бір айға жиынтық шығын, теңге	Драйвер-бағдарламасы шығыны	Белсеңділік көлемі			Драйвер-бағдарламасы шығынның өлшем бірлігі	Құнды бөлу теңге/ драйверге 1 бірлік		
			Жоспар	Нақты	Ауытқу		Жоспар	Нақты	Ауытқу
1.Сақтандыру келісім-шартына отыру, қайта отыру	200 000,00	Сақтандыруда жасалған келісім-шарт саны	160	200	-40	келісім-шарт	1 250	1 000,00	250
2.Төлемді өз уақытында қадағалау	50 000,00	Сақтандыру сыйақысын өз уақытында төленгенін қадағалауға жұмсалған жұмыс уақытының саны (жарнасы)	69	56	13	Сағ.	725	892,86	-168
3. Сақтандыруда жасалған қосымша келісім-шарттар	30 000.00	. Сақтандыруда жасалған қосымша келісім-шарттар	65	70	-5	келісім-шарт	462	428,57	33
4. Келісім-шарттың бұзылуы (бір жақтың шешімі бойынша уақыт мерзімінен бұрын келісімді бұзу)	65 000,00	Сақтандыруда келісім-шарттың бұзылу саны	27	25	2	келісім-шарт	2 407	2 600,00	-193
5.Шығындарды топтау	150 000,00	Төленген істің саны	5	-	-5	Төленген істің саны	1 579	1 500,00	79
Ескерту – Автормен есептелді									

Кесте 53 – TDABC әдісі шегінде сақтандыру түрлері бойынша жалпышаруашылық көлемнің белсенділігі

Көрсеткіштер	Сақтандыру түрлері											
	КҚАЖМС			АҚС			ЕМС			Жиыны		
	Жоспар	Нақты	Ауытқу	Жоспар	Нақты	Ауытқу	Жоспар	Нақты	Ауытқу	Жоспар	Нақты	Ауытқу
Сақтандыру келесім-шартының саны	60	100	-40	80	80	-	20	20	-	160	200	-40
Сақтандыру сыйақысын өз уақытында төленгенін қадағалауға жұмсалған жұмыс уақытының саны (жарнасы)	5	10	-5	60	40	20	4	6	-2	69	56	13
Сақтандыру келесім-шартына қосымша шарттардың ену саны	25	25	-	25	30	-5	15	15	-	65	70	-5
Сақтандыруда бұзылған келесім-шарт саны	15	15	-	10	10	-	2	-	-	27	25	2
Төленген істің саны	45	40	5	45	30	15	5	30	-25	95	100	-5
Ескерту – Автормен есептелді												

Кесте 54 - TDABC әдісі шегінде «Сақтандыру бойынша заңды тұлғалардың маманы» жауапты орталық ресурстарының шығындар мөлшерінің есептемесі

Жауапты орталық	шығыстың жалпы шамасы, теңге	Жауапты орталықтың қуаттылығы	Өлшем бірлігі	Шығындар мөлшері, теңге/1 бірлік қуаттылығы
Жоспар	52 500	150	сағ.	350,00
Нақты	60 000	160	сағ.	375,00
Ескерту – Автормен есептелді				

Кесте 55 - TDABC әдісі шегінде «Сақтандыру бойынша заңды тұлғалардың маманы» жауапты орталықтың жұмысы бойынша жұмыстың орындалу уақытын есептеу

Көрсеткіштер	Жұмыс уақытының саны			Жұмыстың жалпы уақыты			Драйвер-бағдарламасының жиынтық шамасы			Өлшем бірлігі	Драйвер-бағдарламасының 1 бірлікке кеткен уақыты		
	Жоспар	Нақты	Ауытқу	Жоспар	Нақты	Ауытқу	Жоспар	Нақты	Ауытқу		Жоспар	Нақты	Ауытқу
1.Сақтандыру келесім-шарты	41%	47%	-6%	61,50	75,2	-13,70	160,00	200,00	-40,00	Шарт	0,39	0,38	0,01
2.Төлемін өз уақытында төленуін қадағалануы	14%	13%	1%	21,00	20,8	0,20	60,00	56,00	4,00	Сағ.	0,30	0,37	-0,07
3.Сақтандыру келесім-шартына қосымша шарттар	16%	15%	1%	24,00	24	-	65,00	70,00	-5,00	Шарт	0,37	0,34	0,03
4.Келісім-шарттар бұзылуы (бір жақтың шешімі бойынша уақыт мерзімінен бұрын келісімді бұзу)	29%	25%	4%	43,50	40	3,50	27,00	25,00	2,00	Шарт	1,61	1,60	0,01
ЖИЫНЫ	100%	100%		150,00	160			-		-		-	

Ескерту – Автормен есептелді

Кесте 56 – TDABB әдісі шегінде сақтандыру түрлері арасында шығындарды бөлу «Сақтандыру бойынша заңды тұлғалардың маманы»

Жауапты орталық	Сақтандыру түрлері			ЖИЫНЫ
	КҚАЖМС	АҚС	ЕМС	
Жоспар	20 294	26 023	6 183	52 500
Нақты	27 707	26 709	5 584	60 000
Жиыны	-7 414	-685	599	- 7 500
%	-37%	-3%	10%	-14%

Ескерту – Автормен есептелді

Кесте 57 – Жауапты орталықтың «Сақтандыру бойынша заңды тұлғалардың маманы» көрсеткіштерін бағалау жүйесінің қызметі


Код	Жауапты орталықтың бақылау көрсеткішінің белсенділігі	Өлшем бірлігі
ЖСС -1	Жинақталған сақтандыру сыйақы	Теңге
СКШС-2	Сақтандыру келесім-шартының саны	Дана
ОСС-3	Орташа сақтандыру сыйақысы	Теңге/дана.
ЖСШС -4	Жаңғыртылған сақтандыру келесім-шартының саны	Сақтандыруда келесім-шартқа отырған саны пайызбен
ЖКС-5	Жаңа клиенттер саны (Жаңғыртылған сақтандыру келесім-шарты ретінде сақтандырушылардың келесім-шартының саны)	Сақтандыруда келесім-шартқа отырған саны пайызбен
СКМБ-6	Сақтандыру келесім-шартын уақыт мерзімінен бұрын бұзу	Сақтандыруда келесім-шартқа отырған саны пайызбен
ДҚ-7	Сақтандыру келесім-шарты бойынша дебиторлық қарыз шамасы	Сақтандыру сыйақысы аударымдары пайызбен
ӨДК-8	Мерзімі өтелген дебиторлық қарыздың өлшемі	Дебиторлық қарыздың жалпы шамасы пайызбен
СПҚБС-9	Сақтандыру полисі құжаттарының бүліну саны	Сақтандыруда келесім-шартқа отырған саны пайызбен
ЖОЖС-10	Жауапты орталықтың жоспарға сәйкестігі (ТДАВС әдісін қолдану негізінде көрсеткіштер есептемесі)	Пайызбен
ОПС-11	Оңтайландырған парадигманы еңгізу саны	Дана
Ескерту – Автормен құрастырылды		

Кесте 58 – Жыл басынан өспелі жиынмен, 2015 жыл мамыр айына «Сақтандыру бойынша заңды тұлғалардың маманы» жауапты орталықтың белсенділігін бағалау көрсеткіштерінің жетістігі

Код	Бөлек айға				Жыл басынан өспелі жиынмен			
	Жоспар мағынасы	Нақты мағынасы	ауытқу абс.	Ауытқу, салыстырмалы.	Жоспар мағынасы	Нақты мағынасы	ауытқу абс.	Ауытқу, салыстырмалы.
СС -1	100	120	20	120%	100	98	-2	98%
СКШС-2	90	80	-10	89%	90	70	-20	78%
ОСС-3	1,1	1,5	0,4	135%	1,1	1,4	0,3	126%
ЖСШС -4	20	15	-5	75%	20	9	-11	45%
ЖКС-5	30	40	10	133%	30	35	5	117%
СКМБ-6	25	12	-13	52%	25	8	-17	70%
ДЗ-7	30	40	10	-	30	40	10	-
ӨДК-8	5	10	5	-	5	12	7	-
СПҚБС-9	3	3	-	-	3	2	-1	33%
ЖОБС-10	100	76	-24	76%	100	82	-18	82%
ОПС-11	5	2	-3	40%	5	1	-4	16%
ЭРИ-12	50	10	-40	20%	100	20	-80	20%
П-13	100	100	-	100%	100	100	-	100%
Орташа жету	-	-	-	65%	-	-	-	60%

Ескерту – Автормен есептелді

Шетелдік компаниялары тәжірибесінің негізінде жұмыстар иелерінің деңгейінде сақтандыру компанияларының жұмысын ішкі бақылаудың нәтижесі тұжырымдамасын құру үшін, диаграмма түрінде қорытындыны ұсына отырып, белгілі уақыт кезеңі бойынша жауапкершілік орталықтары белсенділігінің бағалау көрсеткіштерінің доктринасымен сипатталған, зерттемелердің иелерімен көзделген мақсаттарға жету дәрежесін көрнекіледуді ұсынамыз (12 сурет).



Сурет -12 - Жауапты орталықтың белсенділігін бағалау көрсеткіштерінің жетістігі

Ескерту - Автормен құрастырылған

Диаграммада талданатын ай бойынша нақты деректердің жоспарлы деректерден ауытқуы туралы ақпарат бар (жетістіктер көк сызықпен көрнекіленген) және жыл басынан өспелі қорытындымен жетістіктер сарғылт сызықпен көрнекіленген, өйткені сарғылт сызықтың ауданы үлкен болған сайын, соғұрлым зерттемелердің иесі белгіленген көрсеткіштерге жақын болады. Диаграммада бағдар ретінде пунктир сұрғылт сызық қолданылады, сонымен бірге, кезең ішінде көрсеткіштер жүйесінің орташа жетістіктерін көрсетеді.

«Заңды тұлғаларды сақтандыру жөніндегі маманы» жауапкершілік орталықтары үшін, көзделген мақсаттардың орташа жетістігі өспелі нәтиже бойынша жыл басынан 60%-ды құрайды. Авторлық пікірге сәйкес, түрлі мақсаттардың жиынтығы бір тұтасты құрайтындықтан, мақсаттардың мұндай доктринасы, зерттемелер иелерінің белсенділігін кешенді ұйымдастыруға,

нәтижені жеңіл түрде бақылауға мүмкіндік береді, нәтижесінде зерттемелердің жетілдірілуіне ықпал етеді.

